


А 2017

5244 к

A decorative border with a repeating floral and vine pattern in green and red, framing the central text.

**МАЖАР  
ХАЛҚЫНЫҢ  
АҢЫЗДАРЫ  
МЕН  
ЕРТЕГІЛЕРІ**





ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТҮРКІ АКАДЕМИЯСЫ

# МАЖАР ХАЛҚЫНЫҢ АҢЫЗДАРЫ МЕН ЕРТЕГІЛЕРІ

*Аударған:  
Раушангүл Мұқышева*



“Гылым” баспасы  
Астана - 2015

ӘОЖ 821.511.141.=03.512.122-3

КБЖ 84 (5 Венг-Қаз)7-44

М 17 ✓

Баспаға Халықаралық Түркі академиясының  
Ғылыми кеңесі ұсынған

М 12 **Мажар халқының аңыздары мен ертегілері**  
Ауд.: Р.Мұқышева – Астана: “Ғылым” баспасы, 2015. –  
194 б.

ISBN 978-601-7793-25-8

Кітапқа мажар халқының негізінен түркілермен тамырласып жатқан арғы тарихынан сыр тарататын аңыздары мен ертегілері топтастырылған. Шығармалардың мәтіндері тұңғыш рет мажар тілінен қазақшаға тікелей аударылып отыр. Автордың тілі жатық әрі көркем, мектеп оқушылары үшін де ұғынықты баяндалады.

Кітап әдебиет зерттеушілеріне, ғылыми ізденушілерге, сонымен қатар көпшілік оқырманға арналаған.

ӘОЖ 821.511.141.=03.512.122-3

КБЖ 84 (5 Венг-Қаз)-7-44

ISBN 978-601-7793-25-8

© Халықаралық Түркі академиясы. 2015

## АЛҒЫ СӨЗ

Арасы кеңістік пен уақыттың салқар көшінен алшақтап, бауырластық сезімі көмескілене бастаған тарихи тамырлас жұрттарды тегеурінді тұлғалар мен жаңғырған рухани нұрлы әлемі қайтадан табыстырып, достықтың алтын қақпасын айқара ашуға негіз қалайтынына бүгінгі күніміз куә, арайлы таңымыз айғақ.

Бұл орайда Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Венгрияға жасаған әр бір сапары саяси-экономикалық тұрғыдан орасан табысты болып, үзілген тарихи байланыстарды заманауи бағытта дамытып, сапалы сатыға көтеруге берік негіз болды. Ұлт көшбасшысына Қарсақтағы қыпшақ қауымы «Әлем қыпшақтарының көсемі» деген мәртебелі атақ беріп, ақжарылғап көңілмен кәде жасауы шынайы достық пен бауырластықтың көрінісі еді.

Ұлы даладан батысқа қоныс аударып, арғы бабалары Алмош, Арпад көсемдердің басшылығымен еуропа топырағын атамекен еткен, өзгеше ортада мәуелі өркен жайып, әлемдік мәдениетке өнегелі де өрнекті із қалдырып отырған бір ғажайып ел – мажар халқы. Мажарлар түптөркінін Еділ бойымен, құман-қыпшақ даласымен байланыстырып, әрдайым дешті-далаға деген дегбірсіз сағынышпен күн кешіп келе жатқан жұрт. Қазіргі қалам ұстаған зиялылары мажар мен түркі халықтарының арабайланысына ерекше мән беретініне сан мәрте куәміз. Түрік-мажар, башқұрт-мажар, қарайым-мажар, қазақ-мажар қарым қатынасының тарихи негіздеріне сәуле түсіріп жүрген зерттеушілер тобы мол.

Қазақ пен мажарлардың бауырластығы туралы мәселені сонау 1964-1965 жылы антрополог Тот Тибор қозғағанын зиялы қауым жақсы біледі. Коммунизмнің шектеуі мен құрсауынан қаймықпай ол Алматыда, Торғайда болып, генетикалық зерттеу жасауға талап қылғаны, бұл зерттеу кеңестік жүйенің кедергісі мен кесірінен жүзеге аспай қалғаны анық. Ғалым күнделігінде белгілегендей 1964 жылы 12-желтоқсан күні Қазақ Ғылым академиясында «Бағзыдағы мадиярлардың генеологиялық мәселелері» тақырыбында баяндама жасап, Ю.Зуев, А.Әбдірахманов, С.Нұрханов тәрізді ғалымдармен пікір алмасқан екен.

Мажар-қазақ байланысына алтын дәнекер болған бауырлас екі елге де ортақ тұлға – Иштван Мандоки Қоңыр еді. Біздің академияға ғалымның кітапханасын марқұмның жары Оңайша Мандокидің сыйға тартуы – Астананың рухани өмірінен орын алатын елеулі оқиға. Бұл – Венгрия Ғылым академиясы мен Халықаралық Түркі академиясының меморандумы аясында жүзеге асқан табысты жұмыстардың бірі.

Токсаныншы жылдары Қазақстан Республикасындағы Мажар елінің Елшісі болған түрколог Иожеф Торма мырза бірнеше түркі тілдерінде сөйлей де, жаза да білген мәртебелі елші, әрі Мандоки Қоңырдың досы-тұғын. Қазір Мажарстанда түркологиялық іргелі зерттеулерді есептегенде, осы салада ғылыми-көпшілік деңгейде түрлі жарияланымдар саны көл-көсір.

Бүгіндері дәстүрлі тамаша мерекеге айналған «Тұран құрылтайы», сондай-ақ «Аттиладан Алтын адамға дейін» салт атпен жортатын шабандоздардың шеруі,

қазақ тілінде еркін жазып һәм шешен сөйлей алатын Мажарстанның жас зиялылар ілегінің қалыптасуы – халықтар достығына жылы леп беретін қуатты толқынның қалыптаса бастағанын көрсететін айғақ.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың серпін беруімен бүгінгі таңда екі ел арасында жоғары деңгейдегі сан салалы қатынастар өрістеп, көптеген әлеуетті жобалар жүзеге асуда. Академияның «Мажарстандағы қыпшақтар: Мандоки Иштван Қоңыр зерттеуінде» атты бағдарламасының аясында орындалған «Мажар халқының аңыздары мен ертегілері» атты жинақ, міне, осы бағыттағы рухани жемістің бірі деуге болады.

Мажар аңыздары Алмош, Арпад секілді көсемдердің ізін көктей шолып, өр Аттила туралы эпсаналармен қиялай тартады. Бұл аңыздар шежіремен шендессе, ертегілер көне мәдениеттің мәйегі болғандықтан мәні де, дәні де ерекше.

Ертегілер мен аңыздарды қазақ тіліне тәржімалап, ғылыми түсініктер жазған, Сегед университетінің оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты Раушангүл Мұқышева ханымға алғыс білдіреміз.

Телқоңыр халықтарымыздың текті мұрасы өркен жая берсін.

*Халықаралық  
Түркі академиясының президенті  
Дархан Қыдырәлі*

Қазақ пен мажарлардың бауырластығы туралы мәселені сонау 1964-1965 жылы антрополог Тот Тибор қозғағанын зиялы қауым жақсы біледі. Коммунизмнің шектеуі мен құрсауынан қаймықпай ол Алматыда, Торғайда болып, генетикалық зерттеу жасауға талап қылғаны, бұл зерттеу кеңестік жүйенің кедергісі мен кесірінен жүзеге аспай қалғаны анық. Ғалым күнделігінде белгілегендей 1964 жылы 12-желтоқсан күні Қазақ Ғылым академиясында «Бағзыдағы мадиярлардың генеологиялық мәселелері» тақырыбында баяндама жасап, Ю.Зуев, А.Әбдірахманов, С.Нұрханов тәрізді ғалымдармен пікір алмасқан екен.

Мажар-қазақ байланысына алтын дәнекер болған бауырлас екі елге де ортақ тұлға – Иштван Мандоки Қоңыр еді. Біздің академияға ғалымның кітапханасын марқұмның жары Оңайша Мандокидің сыйға тартуы – Астананың рухани өмірінен орын алатын елеулі оқиға. Бұл – Венгрия Ғылым академиясы мен Халықаралық Түркі академиясының меморандумы аясында жүзеге асқан табысты жұмыстардың бірі.

Тоқсаныншы жылдары Қазақстан Республикасындағы Мажар елінің Елшісі болған түрколог Йожеф Торма мырза бірнеше түркі тілдерінде сөйлей де, жаза да білген мәртебелі елші, әрі Мандоки Қоңырдың досы-тұғын. Қазір Мажарстанда түркологиялық іргелі зерттеулерді есептемегенде, осы салада ғылыми-көпшілік деңгейде түрлі жарияланымдар саны көл-көсір.

Бүгіндері дәстүрлі тамаша мерекеге айналған «Тұран құрылтайы», сондай-ақ «Аттиладан Алтын адамға дейін» салт атпен жортатын шабандоздардың шеруі,



қазақ тілінде еркін жазып һәм шешен сөйлей алатын Мажарстанның жас зиялылар ілегінің қалыптасуы – халықтар достығына жылы леп беретін қуатты толқынның қалыптаса бастағанын көрсететін айғақ.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың серпін беруімен бүгінгі таңда екі ел арасында жоғары деңгейдегі сан салалы қатынастар өрістеп, көптеген әлеуетті жобалар жүзеге асуда. Академияның «Мажарстандағы қыпшақтар: Мандоки Иштван Қоңыр зерттеуінде» атты бағдарламасының аясында орындалған «Мажар халқының аңыздары мен ертегілері» атты жинақ, міне, осы бағыттағы рухани жемістің бірі деуге болады.

Мажар аңыздары Алмош, Арпад секілді көсемдердің ізін көктей шолып, өр Аттила туралы эпсаналармен қиялай тартады. Бұл аңыздар шежіремен шендессе, ертегілер көне мәдениеттің мәйегі болғандықтан мәні де, дәні де ерекше.

Ертегілер мен аңыздарды қазақ тіліне тәржімалап, ғылыми түсініктер жазған, Сегед университетінің оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты Раушангүл Мұқышева ханымға алғыс білдіреміз.

Телқоңыр халықтарымыздың текті мұрасы өркен жая берсін.

*Халықаралық  
Түркі академиясының президенті  
Дархан Қыдырәлі*

## I БӨЛІМ

### HUN-MAGYAR MONDÁK / ҒҰН-МАДЬЯР АҢЫЗДАРЫ

---

#### МАДЬЯРЛАРДЫҢ ШЫҒУ ТЕГІ ТУРАЛЫ АҢЫЗ

*Шимон Кезаи<sup>1</sup> және Анонимус<sup>2</sup> жылнамаларының<sup>3</sup>  
ізімен*

Көптеген ғасырлар бұрын адамдардың күнәларының көбейгені сонша, қасқырлар сияқты өмір сүріпті. Құдай оларды жазалап жерге орасан зор топан су жіберіпті. Сол топан судан барлық адамдар қырылып, тек Нұх пен оның үйелмені қалған екен.

Нұхтың үш ұлы болыпты: Шем, Кам және Йафет<sup>4</sup>. Осылардан топан судан соң жетпіс екі ру

---

<sup>1</sup> Шимон Кезаи (Кезалық) – XIII ғасырдағы ең атакты мажар жылнамашыларының бірі. Тегі мажар екендігіне дәлел латын тілді жазбаларындағы мажар тіркестері мен сөздері. IV Ласлоның (Кун Ласло) жылнамашысы болған. Негізінен мажар жылнамаларына сүйенсе де, еңбегін француз, италиян және неміс жылнамаларына жүгіне отырып жазған. Ғұн-мажар туыстығын халықтық тарих етіп тұжырымдап, оған сендіре білгені сонша, 19 ғасырдағы мажардың ұлы ақындары оның жазғандарынан шабыт алған.

<sup>2</sup> Аноним, немесе Анонимус Бела корольдің (III Бела) аты белгісіз жазушысы. Шамамен XII ғасырдың аяғы мен XIII ғасырдың басында өмір сүрген. Анонимус, тарихшылардың оны мойындамайтынына қарамастан, мажарлардың Еуропаға қоныстану тарихын егжей-тегжейлі әңгімелеген бірден-бір жылнамашы. *Gesta Hungarorum* атты еңбегінің жалғыз түпнұсқасы Иштван Сечени атындағы Мажарстан Мемлекеттік кітапханасында сақтаулы. Осы туындыға караганда, автордың Тисаны жоғарғы ағысында туғаны күмәнсіз. Кіріспе тараудан оның Батыс Еуропада, Парижде, білім алғанынан хабардар боламыз. Сол кезде *gesta* жанрымен танысып, мажарлардың Еуропаға қоныстануын осы жанрда баяндайды.

<sup>3</sup> Хроника жанры

<sup>4</sup> Сим. Хам және Йафет

ел тарапты. Үш ұлдан тараған рулар жаһанның әр бөлігінде тұрыпты: Шемнен тарағаны – Азияда, Камнан тарағаны – Африкада, Йафеттен тарағаны – Еуропада.

Француздар Йафеттің үлкен ұлынан тарайды және Троя қаласы қираған соң бірінші болып кейін мадьярлардың отаны болған елге, Паннонияға, келіпті дейді.

Француздар Паннонияда Сикамбрия<sup>5</sup> қаласын тұрғызып, батысқа қарай жылжиды, себебі шығыс халықтары шапқыншылықтарынан қатты қорқады. Батыста Сена өзенінің жағасына келіп қоныс тебеді. Жаңа мекендерін басшылары Франционын атымен Франция деп атайды.

Йафеттің кіші ұлынан Менрот деген дәу тарайды. Бұл дәу Құдай тағы да топан су жіберер деп, барлық туыстарын жинап, солармен бірге орасан алып мұнара салуға кіріседі. Топан су қаптаса сол мұнараға шығып аман қалмақ болады.

Бірақ мұнараны тұрғыза алмайды, себебі Құдай мұнара салушылардың тілін шатастырып жібереді. Тіпті туыстардың өзі бір-бірлерін түсінуден қалады. Сондықтан Менрот халқы әлемнің әр тарабына шашырап кетеді.

Менрот өзі тілі шатасқан уақыттан соң Парсы еліне кетеді. Онда жүріп бір сұлу қызбен таны-

<sup>5</sup> Аквинкум қаласының ортағасырлық латынша аты

сады, аты Енех (ана бұғы дегенді білдіреді) екен. Сол қызға үйленіп, ол дүниеге екі ұл әкеледі. Оның бірінің аты – Хунор, екіншісінің аты Мадьяр еді, солардан ғұндар мен мадьярлар тарайды.

Сол шалшықты жерде талай өмірлерін өткізіп, үлкен ұлтқа айналады. Көбейгендері сонша, жерлері оларды сыйғыза да, асырай да алмайтын халге түседі. Осы себептен Скифияға тыңшыларын жібереді. Олар сол елді әбден бақылайды, ақырында бүкіл халық жиналып, бірге жаңа Отанға, Скифияға, көшеді.

Скифия жері өте сұлу еді. Жабайы аңдарға толы шоқ тоғайлары, ормандары, жайылымдары көп. Еділ өзенінен Кавказ тауларына дейінгі ұлан-ғайыр жерді алып жатқан патшалық болатын. Скифия елінің екі үлкен өзені бар, Еділ мен Дон осы жерден бастау алады.

Сол ерте дәуірде сақтар өте дана, аса момын халық еді. Жер игерумен айналыспаған. Өздері жамандық атаулыдан ада, сондай күнәсіз еді. Қарапайым өмір сүрді, тек киізден жасалған шатыр тұрды.

Сақтар ет, балық, бал жеп, сүт ішіп, үйір-үйір мал ұстады. Киім тігуге кәмшаттың және басқа тағы аңдардың терісін пайдаланды. Сусардың көп болғандығы сонша, тек бекзадалар ғана емес, бақташы, шошқашы, қойшылардың өзі сусар терісінен киінді.

Алтын, күміс, інжуді сақтар жай тас сияқты көретін, себебі оны өз жерлеріндегі өзендердің түбінен оп-оңай-ақ тауып алатын.

Сақтар ешнәрсеге құмартпады, өйткені барлық нәрсеге қарық еді. Аса мол мал асырап, сонымен өздеріне үнемі жеткілікті қорек тауып отырды. Ненені қадір тұтты, әр сақтың тек бір әйелі болды.

Сақтар ешбір патшаның езгісіне түспеді.

Парсы патшасы Дарииді сақтар масқара қылып қуып жіберді. Сексен мың әскерінен айырылған патша сасып, қайта Парсы еліне қашты. Парсы патшасы Кир де масқара болды. Сақтар үш жүз мың қолымен қоса оның да басын кесіп,

Сақтар көп елді бағындырған Ұлы Ескендір патшаны да масқара ғып қашырды.

Сақтар барлық талқыны бастан кешірді. Батыр, жауынгер халық еді. Егер кімде-кім олардың намысына тисе, ренжітсе, жауынан кек алғанша тыным таппады.

Олар соғыста жеңіске жетсе, бүгінгі ұрпақтары сияқты соғыстан түскен дүние-мүлік, байлыққа қызықпады, бүгінгі ұрпақтары секілді тойымсыздық танытпады, өйткені олар әскери даңқты бәрінен жоғары қойды. Сондықтан да барлық ел олардан қорқатын Дарии, Кир, Ұлы Ескендір патшалардан

басқа дүниенің ешбір қолбасшы олардың жеріне баса-көктеп кіруге бата алмады.

Сақтар әскери істе мықты, ат үстінде ойнаған халық еді. Бастарына дулыға киген, жебе-садақты әлемнің барлық халықтарынын ішінде ерекше меңгерген еді. Олардың шынымен солай болғандарын ұрпақтарынан, мадьярлардан, көруге болады.

Сақтармен көршілес печенегтер мен ақ ғұндар өмір сүрді. Солтүстік теңіз маңында Суздаль еліне дейін ит тұмсығы батпайтын орманды аймақ бар. Бұл орасан зор жерді тоғыз ай қалың тұман басып тұрады екен. Күнді маусым, шілде және тамызда ғана көруге болады. Оның өзінде де күніне бірнеше сағатқа ғана.

Осы аймақтың тауларында хрусталь табылатын, ал ормандарында құмай ұя салып, „керечень”<sup>6</sup> деп аталатын аңға түсетін құс мекендеген.

Хунор мен Мадьярдың ұрпақтары Скифиядан жан-жаққа тараған кезде жүз сегіз руға бөлінген еді, сондықтан сол алып патшалықтан жүз сегіз елді мекен тарайды.

---

<sup>6</sup> Қазақша ителгі

## ҒАЖАЙЫП БҰҒЫ

### *Йорданес және Шимон Кезаи жылнамасының ізімен*

Бірде Хунор мен Мадьяр аң аулап жүріп алысқа ұзап кетіп, Меотис шалшықтарының<sup>7</sup> ортасынан бір-ақ шығады. Сол кезде кенет алдарынан бір ұрғашы бұғы атқып шығады, олар соңынан қуа жөнеледі.

Қашқан бұғы кенет із-түзсіз жоқ боп кетеді. Екеуі ұзақ іздеп бұғыны еш жерден таба алмайды.

Бұғыны іздеп жүріп бүкіл шалшықты аралап, сол жердің мал жаюға өте қолайлы екенін байқайды. Әкелеріне келіп барлық түліктерімен Меотис шалшығына көшуге рұқсат сұрайды. Рұқсат алған соң, барлық малымен Меотис шалшықтарына көшеді.

Меотис жері Персиямен шекаралас еді. Тек бір тар бұғазы бар, жан-жағын теңіз коршаған жер. Өзендері мүлде жоқ, бірақ шөбі шүйгін, тоғайлары, құстары, балықтары мен аңдары мол еді. Ол жерден шығу, онда барса қайту қиын еді.

Хунор мен Мадьяр халқы Меотис шалшықтарына барып орнығып, бес жыл ешқайда жылжымай отырды.

---

<sup>7</sup> Азау теңізі

Алтыншы жыл дегенде сол жерден қозғалып, шөл далада келе жатып кездейсоқ күйеулерінсіз шатырларда отырған Бела патшаның келіндеріне жолығады. Кездескен кезде келіншектер мүйіз сырнайға би билеп, думандатып отырған болатын. Олар келіншектерді ұстап алып, барлық малдарымен қосып Меотис шалшықтарына алып қашады. Ханшаларға қоса аландардың билеушісі Дуланың екі қызын да алып қашады. Бір қызына Хунор, екінші қызына Мадьяр үйленеді. Барлық ғұндар мен мадьярлар осы әйелдерден тарайды.



## АТТИЛА – ҒҰНДАР ПАТШАСЫ

Халық Скифияда көбейіп кеткен кезде, батыс жаққа барып жер иеленуге жүз сегіз рудан шайқасқа дайын еркектер таңдап алынады.

Әр рудан он мың қарулы қол іріктеліп, қалғандарын жерлерін сыртқы жаулардан қорғауға Скифияда қалдырады.

Бұдан соң жалауларын желбіретіп, печенегтер мен ақ ғұндардың жерлерінен өтіп, ешбір қиындықсыз аман-есен Тиса өзеніне дейін келеді.

Бұл маңды байқап қарап, мал-жандарымен бұдан ары ешқайда көшпей-ақ қояйық деген ортақ шешімге келеді. Әйелдерімен, шатырлары және арбаларымен осы жерге келіп тоқтайды.

Келіп тоқтаған жерлерін сол кезде Паннония деп атайтын, ал бұл жерді лонгобард руынан шыққан әскери істе мықты Макрин деген жер иеленуші билейтін.

Макрин Тиса маңына ғұндар келіп қоныстанды, күннен-күнге елді бөліп алып жатыр дегенді естіп, римдіктерден көмек сұрайды, себебі, өз халқының күшімен ғұндарға шабуыл жасауға батылы бармады.

Сонда римдіктер ұлты неміс вероналық Детреден Макринге көмектесуін өтінеді.

Вероналық Детре келісіп, жасағымен жолға шығады. Көп ұзамай Сазхаломға келеді, одан ары Потенциана қаласына қарай жылжиды. Сонда ғұндарды шабуылдау үшін Дунайдан өту керек пе, әлде шабуылға басқа қолайлы жер іздеу керек пе деп Макринмен ақылдасады.

Детре мен Макрин осы жөнінде ақылдасып жатқанда, ғұндар түнде жұрт ұйқыда жатқанда, Сикамбрияға жақын жерде Дунайдан шанаштарға<sup>8</sup> мініп өтеді. Жау әскерінің осы Потенциана қаласынан орын тимеген, сондықтан да далада шоғырланған бөлігін аяусыз қырып салады.

Бұл жойқын шабуылдан Детренің үрейі ұшқаны сонша, әскерімен Тарноквөльд даласына қарай кетіп қалады.

Мұнда ғұндармен қайта қақтығысады.

Осы шайкаста 125 мың ғұн әскері мерт болады, Кеве капитанның да басы кесіледі. Аман қалған ғұн жасақтары шатырларына қарай қашады.

Макрин мен Детренің әскерлері де көп қырылады, барлығы 210 мың әскер оққа ұшады.

Келесі күндері Детре әскерінің қаншалықты қырылғанын көріп, Макринмен бірге Тулна қаласына қарай кері жылжиды.

Ғұндар Детре мен Макриннің ұрыс даласын тастағанын байқаған соң, қырғын болған жер-

<sup>8</sup> Мажарша tótló (төмле)

ге қайтып келіп, достарының мәйіттерін, Кеве қолбасшының денесін тас балабал тұрған күре жолдың жанына сақтардың салтымен арулап жерлейді. Сол маңды қолбасшының атымен Кевехаз<sup>9</sup> деп атайды.

Енді ғұндар батыс жұртының қаруы мен батырлығының қаншалықты екенін білді, сондықтан қайраттанып, Детре және Макринмен шайқасу үшін әскерлерін қайты жасақтады.

Детре ғұндардың жақындап келе жатқанын білген соң, Цезумор жанында оларды тосып тұрды. Таңнан түс қайтқанша қанды, аяусыз шайқас болды. Бела, Рева және Кадоча сияқты ғұндардың даңқты қолбасшылары, қырық мың әскерлерімен осы бір шайқаста бәрі мерт болды. Олардың денелерін де тас балбалдын жанына, жолдастарының қасына көмді.

Сол күндері неміс көсемдері де көп мерт болды. Рим жасағынан Макрин де оққа ұшты. Детренін маңдайына оқ тиіп, қатты жараланды. Цезумор шайқасында батыс әскерінің үлкен бөлігі қырылды, аз бөлігі ғұндардан қашып құтылды.

Ғұндар жау әскерінің бытырағанын көріп, римдіктердің салтымен Аттиланы патша ғып сайлайды. Ал ол болса бауыры Буданы Тисадан Ду-

---

<sup>9</sup> „Кеве мекені” деген сөз

най өзеніне дейін таралған халықтың билеушісі қылады. Осыдан кейін өзін күллі ғұндардың патшасы, бүкіләлемдік қорқыныш, Құдай қамшысы деп атауды бұйырады.

Аттила қара торы, қара және отты көзді, кең иықты, паң жүрісті, аласа бойлы болды. Барлық ғұндар секілді сақалын өсірген адам еді. Көзсіз батыр емес, керісінше шайқаста айлакерлігімен және сұстылығымен көзге түсетін. Дене күші мен бітімі бірдей болатын. Ақ көңіл, кең пейілді жан еді. Жарқыраған қаруы, жинақы шатыры ұқыптылығын көрсететін.

Аттила ақшасын сандығында сақтаған емес, ба-рын халыққа таратып беретін. Қолы өте ашық, береген еді, сондықтан жат ұлдары да оны жақсы көретін. Суықтығы мен қаталдығынан ғұн жауынгерлері одан қатты корқатын.

Ғұн патшасының көптеген салтанатты шатыры бар еді, оларды әр түрлі халықтың салттары бойынша дайындаған. Қабырғалары бір-біріне алтын табакшалармен бекітілген бір ерекше бай шатыры бар еді. Тұтас шатырды бұзып, қайта жинауға болатын. Шатырдың бағаналары сом алтыннан соғылып, іші қуыс болып, сырықтары мен қабырғалары қырланған асыл тастармен безендірілген еді.

Әскери жорықтардан соң Аттиланын қорасы әр түрлі елдерден түскен тұлпар аттарға толы еді. Соларды тамашалап қызықтайтын. Қолының ашық болғандығы сонша, басқаларға сыйға көп жылқы беріп, кейде өзіне мінетін бір-екі жылқы ғана қалатын.

Ат қорасын қара қошқыл барқытпен көмкеретін. Патшаның тақтары алтын және қымбат тастардан, үстелі мен ас ішетін ыдыстары таза алтыннан жасалды. Төсегі де таза алтыннан аса шебер жасалған еді. Осы алтын төсегін барлық жорықтарда өзімен бірге алып жүретін.

Аттиланың өз жасағы, өзге ұлттарды есептемегенде, он мәрте жүз мың әскерден тұратын. Бір ғұн мерт болса, бірден оның орнына басқа ғұнды қоя алатын.

Ғұндардың қарулары теріден жасалып, әр түрлі темірден соғылды. Жауынгерлер садақ пен жебені қолданды, сондай-ақ қылыш пен найза ұстады.

Аттиланың қалқанына соғылған таңбасында басында тәжі бар құс бейнеленген, оны мажарша „турул”<sup>10</sup> деп атайды. Турул бейнеленген таңбаны мажарлар Геза билік құрған уақытқа дейін, тайпалық жүйе билеп тұрғанша барлық жорықтарда өздерімен алып жүрді.

---

<sup>10</sup> Мажар аңыз-ертегілеріндегі гриф тәрізді мифтік құс

Осындай салтанаттың ортасында Аттила — ғұндар королі, әлемдегі басқа барлық патшалардан даңқты еді.

Ғұн патшасы қамалдар мен бекіністердін билеушісі болғысы, оларды қол астында ұстағысы келді, бірақ олардың ішінде тұрғысы келмеді. Өз руымен ғұндармен бірге өмір сүрді, шатырда тұрды. Ат үстінде күн кешті. Қалалар мен ауылдарға ғұндардың соңынан ілескен халықтарды орналастырды.

## ҚҰДАЙ ҚЫЛЫШЫ

### *Йорданес жылнамасының және бір Дебрецен аңызының ізімен*

Скиф патшаларының Құдайдан барлық халықты жеңу үшін алған бір ғажайып, керемет күшке ие қылышы бар еді.

Осы қылыш жоғалып қалады, бірақ оның даңқы сақ жауынгерлерінің арасында қалып қояды. Қариялар: „Іздендер, табыңдар! Құдай қылышын кім тапса, сол әлемнің билеушісі болады!” – деп айтып жүреді.

Қанша іздеп әуреге түскенмен, ешкім Құдай қылышын таба алмайды.

Құдай қылышының даңқын Аттила да естиді, қалай естімесін. Анасы бірде түс көргенін, сол түс керемет бір ұл туатынынан аян беріпті. Себебі түсінде алдынан бір ұл шығыпты, беліне жарқыраған қылыш байлаған. Қылыш жарқырап Күнге шағылысып тұрыпты, өйткені ол Құдайдан түскен және сол ұлдың еншісі.

Анасының түсін естіген Аттила құдай қылышын беліне өзі байлайтынын, барлық халықты бағындыратын Құдай қамшысы өзі болатынын түсінеді.

Бала күнінен Аттила сол қылыш қашан түседі деп күтіп жүреді. Босқа күтпепті. Бір күні мынадай уақиға болады. Ғұн бақташысы бір өгізінің аяғы қатты ақсап жүргенін байқайды. Аяғына қараса, қанды жара бар екен. Неден жаралануы мүмкін?

Жан-жағына қарап еді, алдынан от тілді жарық көрінді. Бір қылыш жерге қадалып, содан жарық төгіліп тұр екен. Барып қылышты жерден жұлып алып, Аттила патшаға қарай жөнеледі.

– Мына ғажайып қылышты даладан тауып алдым, меніңша бұл саған тиесілі,-дейді.

Аттила Құдай қылышын бірден тани кетеді.

Оны ұстап тұрып, оны әлемнің төрт тарабына сермеп-сермеп:

– Құдай қылышымен жер жүзіндегі барлық халықты жазалаймын, – депті.



## АТТИЛАНЫҢ ТОЙ-ДУМАНЫ

### *Прискос шешеннің айтуынша*

Ұзақ жортуылдан, шытырман оқиғалы жолдардан соң Рим елшілері Трансильванияға ат басын тірейді. Онда Аттила патшаның жасауылымен кездесіп, соларға қосылады. Бірге Тиса өзеніне қарай жылжиды.

Көп ұзамай Аттиланың әйелі Реканың салтанатты үйі орналасқан ауылға жетеді. Бірнеше ғұн көсемі де осы ауылда үй тұрғызыпты, әсіресе, Онегесиостың үйі ерекше көз тартады екен.

Аттила ауылдың шетіне іліккенде, бір топ жас қыз алдынан шығады. Қыздар қатар-қатар тізіліп, бір-бірінің соңынан үлбірей басып, бастарын үлкен жібек жауып келеді. Қыздардың басын жапқан жібекті екі жағынан келіншектер ұстаған. Жібектің ұзындығы соншалықты, астына 7-8 қыз сиып кеткен. Қыздар еліне қайтқан патшаны қарсы алып, скиф әндерін шырқап келеді.

Аттила аяңдап келе жатыр. Онегесиос үйіне тақағанда, ат басын тартты, себебі Онегесиос пен әйелі оған ас пен сусыннан дәм татқызбақ еді.

Ғұн патшасы атынан түспей, аттың үстінде тұрып кішкене күміс үстелден дәм татты. Үстелді

патшаның нөкерлері ұстап тұрды. Аттила Онегесиостың әйелі ұсынған зереннен сусын ішкен соң, атын тебініп, төбенің үстіндегі өз үйіне бет алады.

Елшілер патшаның қабылдауын күтіп отырғанда, оқымысты Прискос ғұндарға Река патшайымды іздеп жүргенін, себебі оған әкелген сыйлығы барын айтты.

Ғұндар Прискосты патшайымның үйіне әкелді. Бұл үй ағаштан тұрғызылып, бөренеден жонылған шатырыбағаналарға қондырылған еді. Тақтайларын бір-біріне өте шебер жымдастырыпты.

Прискос үйге кірген бетте, патшайымға тағзым етті, сосын жан-жағын бажайлады. Алдындағы Река патшайым жұмсақ төсектің үстінде отыр екен. Бөлменің еденіне қалы кілемдер төселіпті, сол кілемдердің үстімен жүрді. Бөлмеде көп құлдар мен қызметшілер күндер де жайғасыпты. Күндері патшайымның алдында, түрлі-түсті жіптермен ғұн батырларының ішіктерін кестелеп отыр.

Прискос патшайымның алдына барып, тағзым етіп, сыйлығын табыс етті.

Патшайым сыйлықты алып қарады да, ризашылық танытып, басын изеді. Бір ауыз сөз айтпады. Тілмәш үнсіз қалды. Одан соң Прискос қайталап тағзым етіп, үндемей шығып кетті.

Прискос елшілікке арнап құрылған шатырға қайтып оралғанда, оны хабар күтіп тұрған еді. Аттила рим елшілеріне: „Сендерді үйлену тойыма шақырамын, той сағат тоғызда болады”, – депті.

Хабаршы мұнан басқа ештеңе айтпапты.

Елшілер айтылған уақытта ғұн патшасының алдына келді.

Сол кезде табақ тасушылар шатырға кіріп, патшаға сәлем берсін деп елшілік адамдарына бір-бір зереннен берді.

Елшілер патшаға сәлем беріп, зерендерін көтеріп, ішіндегісін төңкеріп салып, орындарына отырды.

Аттила шатырдың ортасында биіктеу жерге орналасыпты. Жанында патшаның төсегіне апаратын басқыш бар екен. Төсек кенеп және маталармен сәнделген және римдіктердің төсек жабдығын еске түсіреді.

Қонақтар Аттиланың оң жағынан орын алды. Бәрі жайғасып отырған соң, Аттилаға шарап ішетін зерен әкелді. Ғұн патшасы елшілік басшысын құттықтап, шарап көтерді.

Елшілік мүшелері де зерендерін босатып, арттарында тұрған табақ тасушыларға берді. Әрқайсысының артында тұрған даяшылар босаған зерендерді қайта шарапқа толтырып әкеп тұрды.

Бұдан соң құлдар 3-4 кісі емін-еркін сыятын үстелдер әкелді.

Алдымен ет толы табақ тартылды. Етке қоса нан, сорпа берілді.

Барлық тағам дәмі тіл үйіргендей еді. Құлдар алтын және күміс табақпен тамақ ұсынды.

Дегенмен Аттиланың алдындағы ыдыстар жәй ағаштан еді. Ол тек қана ет жеді. Шарапты ағаш зереннен ішті. Ас пен сусынды көп татқан жоқ.

Аттиланың киімі де қарапайым, бірақ тазалығында бір мін жоқ. Қылышы да ерекше емес, ат әбзелдерін басқа сақтардың ер-тұрмандары сияқты алтынмен немесе асыл тастармен әшекейлемепті.

Бірінші тамақты ішіп болған соң, барлығы түрегеліп, Аттиланың денсаулығы үшін шарап ішіліп болғанша отырмады.

Сонан соң шатырға екі сақ келіп, Аттила туралы мадақ жырларды жырлай бастады. Өз жандарынан шығарған жырлары екен.

Ғұн сарбаздары бұл жырларды зор көңіл қойып тыңдады, жорық жырлары олардың жанын жігерлендірді. Қарт жауынгерлер енді шайқастарға бара алмайтындарын ойлап, көздерінің жастарына ерік берді.

Жыр жырланып болған соң, шатырға есі жарым сақ кіріп, әр түрлі мағынасыз сөздер айтқан соң, жұрт оларға қарап күлді.

Бірақ Аттила күлмеді, ешбір қимылсыз отырды, бетінде ешбір өзгеріс болмады. Жанындағылардың қалжындап, күліп отырғанын елемегендей отыра берді. Алайда, шатырға кіші ұлы Ирнактың кіріп, әкесіне жақындауы мұң екен патша өзгеріп, ұлына елжіреп, ұлының бетін шымшылап, айналып толғанды да қалды.

Елшілер Аттиланың өзге ұлдарын бір төбе, кіші ұлы Ирнакты бір төбе көретінін байқап, таң қалысты.

Прискос жанында отырған ғұн батырынан:

– Аттиланың кіші ұлына пейілі неге ерекше? – деп сұрады.

– Егер тісімінен шығырмаймын деп уәде берсең ғана, айтамын, – дейді ғұн батыры.

Прискос тіс жармауға уәде береді.

Сонда ғұн батыры тұрып былай депті:

– Көріпкелдер: „Аттилаға сен өлген соң, халқың күйрейді, бірақ кіші ұлың қайта түлетеді”, – деген сәуегейлік айтыпты.

Сол сәт ғұн патшасы орнынан тұрып, елшілерге арнап тағы бір рет шарап көтерді, сонан соң қонақтардың қайтуына болады деген ишарат білдірді.

## АТТИЛАНЫҢ ЖОРЫҚТАРЫ

### *Иорданес, Каллимагус және Кезаи Шимон жылнамасының ізімен*

Римдіктер Цезумор шайқасында күйреп жеңіліп, әлемнің әр түкпіріне шашырап кеткен соң, Аттила өз жұртына қайтып оралады. Бірнеше күн Тиса жағасында аялдап, Сөньде үлкен салтанатқа дайындалуға бұйрық береді.

Салтанаттың құрметіне Вероналық Детре және басқа бір топ неміс көсемдері келіп, ғұндар патшасы Аттилаға құрмет көрсетеді.

Сонда Детре ғұн патшасына батыс патшалықтарына шапқыншылық жасайтын сәттің туғанын айтады.

Аттила Детренің кеңесіне құлақ асып, жылдам әскерін жасақтайды. Әскерімен Сикамбриядан аттанады. Иллирияны бағындырып, Рейн өзеніне қарай жол тартады. Көп елдерді жаулап, ақырында Каталаунумға жақындайды.

Сол сәт он батыс патшасының қолын бастап келе жатқан рим қолбасшысы Аэциус ғұндарға аяқ астынан тап береді.

Аттила патша елшілерін жіберіп Аэциустан уақытша ұрысты тоқтата тұруын өтінеді. Ондағы

ойы алыста қалған ғұн жасақтары келіп жетсін дегені. Бірақ Аэциус ұрысты тоқтатуға келіспейді.

Осы ұрыстың алдында ғұн жасақтары таяу орманнан көріпкелдік қасиетімен аты шыққан диуананы ұстап алады. Бірден Аттиланың алдына алып келеді. Патша:

– Каталаун шайқасында жеңіс кімдікі болады? – деп сұрайды.

Диуана былай дейді:

– Сен – Құдай қамшысысың. Сен – тәңірінің әлемді жазалайтын балғасысың. Бірақ Құдай кек құралын қашан сындырарын өзі біледі, сонда қылышты бір қолдан екінші қолға жібереді. Мынаны біл: ұрыста сені римдіктер жеңеді, содан кейін ғана сен биліктің жер бетінде еместігін түсінесің.

Аттила ғұн көріпкелдерінің де сәуегейлік айтуына бұйырады.

Ғұн көріпкелдері ата-бабаларының салтымен бір малды құрбандыққа шалып, сүйегін еттен арылтып, сүйекті отқа ұстайды. Оттың жалынынан сүйек шытынайды, сүйектің шытынаған жарығына қарап көріпкелдік айтады.

Олардың айтқандары мынау еді:

– Аттила патша бұл шайқаста жеңіске жетпейді, алайда жау жағының көсемі оққа ұшады.

Атиланьың бұл көріпкелдіктен көңілі орнық-қандай болады, себебі Каталаун шайқасында Аэциус қолбасшы өлмек, ал бұның өзі жеңіс деген сөз деп түсінеді.

Таңсәріде екі әскер бір-біріне қарама-қарсы сап түзеп тұрды.

Аттила ортада, ғұндардың алдында тұрды. Оң қанатты гепидтердің королі Ардарик, сол қанатты готтардың королі Валамир бастамақ.

Ұрыс алдында Аттила қысқа сөз алып, әскерлерін мынадай сөздермен қайраттандырды:

– Батырлықтарың мен қаруларыңның күшін көрсетіндер! Өмір сүруге жазғанды оқ таппайды, тіпті ешқайда шықпаса да, өлуге жазған тағдырдан қаша алмайды. Жауға алғашқы найзаны мен лактырамын. Аттила шайқасып жатқанда қимылсыз қалған ажалдың ұлы болады!

Каталаун жазығында бір төбе бар еді, екі әскер де сол төбені алмақ болды.

Екі әскер айқаса кетті. Аттила аландардың шебін бұзып, батыс готтарды кесіп өтті. Сол кезде жау жағының бір қолбасшы Теодорик патша оққа ұшты, бірақ римдіктердің ең мықты қолбасшысы Аэциус өлген жоқ.

Бұрын-соңды мұншама көп әскер ешқашан ешқайда қақтығысқан емес, ажал да мұнша көп кісіні орған емес.



Екі қолдың ортасында бір жылға бар еді, кішкентай болғандығы сонша, бетіне тастаған бір тал шаш әрең қозғалатын. Осы кішкене жылға қақтығыстан соң адамдар мен малдардың қанынан үлкен өзенге айналып, арбалармен мен қарулы әскерлерді ағызып әкетті, тіпті тасқынынан әскер де шығынға ұшырады.

Ғұндар мен готтар бір-бірімен ұрысқан Каталаун шайқасы жиһандағы барлық шайқастардың ішіндегі ең үлкені еді.

Сол күннен бастап Аттила патшаның және ғұндардың даңқы аспандады, бүкіл әлемді қорқыныш биледі. Талай ел өз еркімен ғұндарға жыл сайын салық төлеп тұрды.

Аттила қанды шайқаста жүргенде, ағайыны Буда елдің шығыс бөлігін билеп тұрған еді. Екеуі патшалықты әділдікпен бөліп алған болатын, бірақ Буда адалдықты ұмытып, шекарадан асып кетеді. Оған қоса Сикамбрия қаласын бекітіп, оған өз атын беріп Обуда<sup>11</sup> деп атады.

Мұны естіген Аттила дереу әскерімен Сикамбрияға жетіп, сонда Буданы, туған бауырын, өз қолымен өлтіреді. Буданың мүрдесін Дунайға лақтырып жібереді, Сикамбрия қаласын өз атымен атайды.

---

<sup>11</sup> Мажарша ескі Буда дегенді білдіреді

Шындығында Аттиланың бұйрығымен немістер қаланы Аэцелбург, Аттила қаласы, деп атағанмен, ғұндар Аттиланың бұйрығы туралы қатты ойланбады. Күні бүгінге дейін бұл қала Обуда деп аталып келеді.

Осыда кейін Аттила бес жыл бойы Сикамбрияда тыныш тауып жатты, алайда қарауылшыларын әлемнің төрт тарабына қаратып қойды.

Қарауылшылардың бірінші тобы Аттила көп жылдар отырған Сикамбриядан бастап қатар түзеді. Қарауылшылардың жақын тұрғандығы сонша, бір-бірінің даусын анық естіп, бір-біріне айғайлап хабар беріп тұрды. Бірінші қарауыл Сикамбриядан Көльнге дейін күні-түні күзетті. Екінші қарауыл – Литваға дейін, үшінші – Дунайдың жағасында, ал төртінші қарауыл далматтардың қаласы Зараға дейін тұрды.

Қарауылшылардың дауыс-дабылдарынан Аттиланың не істегенін, қай жерге қонғанын әлемнің бүкіл халқы біліп отырды.

Бес жыл бойы Сикамбрияда дем алған Аттила патша Каталаун шайқасында үштен бірі мерт болған әскерін қайта жасақтады. Бұдан соң той-думан жасап, үлкен әскермен Паннонияға жылжиды.

Әскерін Штирияға, Каринтияға<sup>12</sup>, Далмацияға

---

<sup>12</sup> Бұлар – қазіргі Австрия жерлері.

қапталды, Шпалато<sup>13</sup> қаласы тұрған теңіз жағасына жетті. Адриатика теңізінің жағасындағы қалалар мен елді мекендерді басып алды. Таулы аймақтарға жақындағанда, Аквелла қаласына көзі түсіп, үлкендігіне қайран қалады. Бұл қаланы алмау үлкен намыс болар еді, себебі Паннониядан қашқан және Аттила мен ғұн патшалығын менсінбеген лонгобардтар осында кеп паналаған болатын.

Аттила алдымен қала тұрғындарына елшілерін жіберіп, лонгобардтарды бізге беріңдер деп бұйырады. Олар бас тартқан соң, әр түрлі әскери қару-жарақтарымен қаланы шабуылдай бастайды. Бірақ қаланы ала алмай, бір жарым жыл қоршап тұрды.

Осы уақыт Аттила талай рет қамалдың қабырғаларын айналып жүрді. Көбінесе жалғыз шығып, басқаша киініп жаудың осал жерін білмекке байқап, тыңшылық жасап жүрді.

Бірде ғұндардың мақсатын білгісі кеп жасырын жүрген бір рим қарауылшысы жалғыз жақындап келе жатқан патшаны көреді. Римдіктер өз алдарында кімнің тұрғанын байқамады, оқ та атпады, тірідей қолға түсірмек.

Рим әскерлері қабырғаның жанындағы арыққа тығылып жатып, Аттила жақындағанда атып шығады.

<sup>13</sup> Бұлар – қазіргі Хорватия жері. Шпалато – Сплит қаласы.

Аттила болса артынан тап бермесін деп дереу терең орға қарай жүгіріп, қылышын суырып, римдіктерге қарсы бұрылды.

Римдіктер қолдарын сермеп:

– Таста қаруыңды!– деп айғайлады.

Аттила римдіктердің тап бермегендігін көріп, алдарынан шығып, бар даусымен ақырып, екі дұшпанды шауып түсірді, қаруымен өзіне жол ашты. Жолында тұрған дуалдан секіріп, тез жүгіріп өз қосына келеді.

Рим әскерлері Аттиланың көзінде құдайлардың көзінен тарайтындай жарқыраған от бар екенін басқаларға айтумен болады.

Шабуылдардың ұзаққа созылуы себепті Аттилаға қыстау да керек болды. Сондықтан Аквелла қаласының жанына бекініс салдыру керек деп шешеді.

Бұл қаланы қазір Удине деп аталатын тауға салады. Удине халқы осы оқиғаны жақсы біледі және қаладағы төрт бұрышты мұнараны көріп, таң қалған жат жерліктерге: „Бұл Аттиланың мұнарасы”, – деп айтып жүреді.

Бір жарым жыл шабуылдаудан соң ғұндар бар үміттерін үзеді, бірақ Аттила патша оларды босатпайды.

Бір күні Аттила Аквелланың қабырғаларын айналып жүргенде, жанында сөздеріне көп құлақ

асатын көріпкелдер де бірге жүрген болатын. Бір сәтте Аттила теңізден қалаға қарай ұшқан ләйлекті байқайды. Ләйлек қала үстін айналып ұшып, өзі ұя салған бір сарайдың төбесіне қонар-қонбастан тұмсығымен балапандарын ұстап, теңіз жағасындағы қамысқа алып кетеді. Сонан соң қайтып келіп қалған балапандарын сонда тасиды, және ұясын қамысқа әкетеді.

Аттила мұның бәрін байқайды, ойланады да, әскерлерін шақырып былай дейді:

– Міне, карандар! Мына ләйлек жазмыштың бұйрығын, біздің қаланы құлататынымызды сезген. Ләйлек қала тұрғындарымен бірге құрып кетпес үшін қашып барады. Сондықтан ертеңгі шайқаста батыл болындар, көресіндер, біз қаланы қиратамыз!

Сонан соң бұйрық береді, камал бұзатын құрылғыларды әкелдіреді, бірақ олармен де камалды ала алмайды.

Ақырында сақтардың айласымен он мәрте жүз мың әскерінің ертоқымын камал қабырғасының жанына төбе қылып үйіп, сол төбені өртейді. Оттың жалынынан және ыстықтан қабырға жарылып, мұнараларымен қоса жерге құлайды.

Қала тұрғындары мұны көріп, қатты үрейленіп, біршамасы қаладан қашып, теңіз ортасындағы аралға тығылады. Аралда мәңгілік қалмақ ниетте

болады, бірақ Аттила патшадан қорыққандары сонша, бірнеше жылдан кейін Риалто шалшықтарына барып қоныс тебеді.

Аквелланы жаулап алғаннан кейін ғұн әскері үлкен даңқпен және соғыстан түскен көп қазынамен ары қарай жылжиды. Аттила енді патшалықтың астанасы даңқты Римді де жаулап алуға бел байлайды.

Тек ғұн жауынгерлері көп шайқастан шаршаған еді, қатарлары аурудан да сиреп, Рим жаққа көңілсіз, ерең жылжып келе жатқан еді.

Әскербасылар өз араларында бір-біріне:

– Мұның ақыры жақсы болмайды. Римді визигот Аларик та шабуылдаған, алайда қаланы алған соң көп өмір сүрмеді, – десіп қояды.

Бірақ Аттилаға ешкім қарсы келе алмайды, сол себепті ғұн патшасы Мантуға қарай қозғалды. Әскерінің соғыстан қалжырағанын, аурудан қатары сирегенін Аттила да байқайды, бірақ сөзін қайтып алмады, жорығын орта жолда тоқтатуды намыс санады.

Құдай қамшысы Аттиланың қалың жасағымен жақындап келе жатқанын естіпген римдіктердің зәрулері ұшты. Бірден кеңес қылып, ғұндардың алдынан бітімгершілерін жіберді. Қасиетті қаланы

жалбарынып қорғап қалу үшін елшілерді Лео папаның өзі бастады.

Елшілер ғұн патшасына барлық сый-құрметтерін көрсетіп, егер қалаға шапқыншылық жасамаса, жыл сайын салық төлейтіндерін айтып уәде берді.

Әскерінің жай-күйін жақсы сезген Аттила папаның өтініші бойынша бейбіт келісімге келді.

Көп адамдар елшілік Аттиланың алдына келгенде бір ғажайыптың болғандығын айтады.

Аттила папаның төбесінен биікте, әуеде, екі қылышын жарқылдатып, үрейлендірген періштені көріпті. Сол періштелерден қорқып папаға бейбіт келісім беріпті-мыс

Аттиланың Римді аяп, даңқты әскерімен Паннонияға қайтқаны күмәнсіз.

## АТТИЛАНЫҢ КЕПІЛДІКТЕРІ

### *Аквитаниялық Вальтердің айтқандарының ізімен*

Бірде Аттила, құдайдың күшті қамшысы, әскерін жинап, шатырларын жығып, Рейн өзеніне қарай бағыт алады, ат тұяғының дүрсілінен жер дірілдейді.

Франктер королі Хибик қатердің жақындап келе жатқанын байқамай, Вормс қаласында Гүнтер деген ұлының шілдеханасын тойлап жатқан. Саны аспандағы жұлдыздар мен Рейн өзенінің құм түйіршіктеріндей көп орасан зор әскер жақындап келе жатыр деген хабарды естіген сәтте, бүкіл ел думандатып жатқан еді.

Франктер қатты састы, патша бірден қолбасшыларымен кеңес қылды.

— Не істейміз, әзиз қолбасшыларым? — деп сұрады патша.

— Бітімге шақыру керек, — деді қолбасшылар бірауыздан.

— Егер құдайдың күшті қамшысы, Аттила қолын берсе, біз де қолымызды ұсынамыз, кепілдіктерімізді береміз, салық та төлейміз. Өмірімізді, үй, әйел, бала-шағамызды тәуекелге байлағанша, өстіп жол бергеніміз жөн.



Хибик патша қолбасшыларының сөзіне құлақ асып, бай сыйлықтармен Аттиланың жүрегін жібітпек боп оның алдына барады, ақсүйектерден кепілдіктер береді. Троядан шыққан батыр Хагентті де береді.

Аттила сыйлықтарды ризашылықпен алады, кепілдіктерді да қабылдайды, сөйтіп, франктер жерінен соғыссыз аттанады. Шығысқа, бургундтар жеріне қарай жүреді.

Бургундияны сол кезде дәулетті және батыр патша Херрик билеп тұрған еді. Оның „Бургундия інжуі” атанған, сұлулығымен даңқы шыққан Хильдегунда деген қызы бар еді.

Ғұн жасағы Сена өзеніне жақындағанда, Херрик патша Чалон қаласына келіп түстенген еді.

Аттила әскері аттарының тұяғынан жер дүркіреп, қалқандардың даусынан көк жаңғырығып, алыстан күн күркірегендей болды.

Даланы найза жынысы жауып, найзағайдай жарқылдағандай әсер қалдырды. Буырқанған теңізді сәулелерімен қақ жаратын күн таң атқанда осылай жарқырайтын.

Чалон қабырғасын күзетуші калың шаңды көріп, қорқынышпен айғай салды:

– Жау жақындап келеді! Қақпаларды жабыңдар!

Бургундтар тез кеңес шақырады. Патша былай деп сөз бастады:

– Франктердің қалай болғанын өздерің білесіңдер. Бұл батыр халық бағынып отырғанда, біз қалай бағынбайбыз? Аттилаға барлық қазынамды беремін, бірақ көзімнің қарашығынан да жақсы көретін қызымды қорғап қаламын. Алайда бургундтар жерін қорғау үшін керек болса, қызымды да кепілдікке беремін.

Херрик патша сәлемін жеткізу үшін жедел Аттилаға елшілерін жібереді.

Ғұн патшасы әдеттегідей елшілерді жылы қарсы алып, оларға былай дейді:

– Ұрыстан бейбіт келісімді артық санаймын, ғұндар қарумен емес, бейбітшілікпен билегісі келеді. Қаруды әлдекім бізге қарсы келсе ғана жұмсаймыз. Егер патшаларың лайықты келісім шарттарымен келсе, мен де бітімге келемін.

Херрик патша Аттиланың сәлемін естіген соң, барлық қазынасын салып, қызын күймеге отырғызып Аттилаға барады. Қазынасымен оңай, қызымен қимай, жылап қоштасады. Хильдегунда ару Аттиланың кепілдігі болады. Бургундия інжуі осылай жер ауады.

Құдай қамшысы Аттила патша енді аквитандар жеріне жылжиды. Алфер патша да бургундтар мен

француздардың үлгісімен Аттила патшаның алдына барып, қазынасын, ұлы Вальтерді кепілдікке өз қолымен табыс етеді.

Екі патша атастырып, некелерін қимақ болған батыр Вальтер мен Хильдегунда ару Аттиланың қосында кездеседі деп кім ойлаған. Екеуі бір-бірін көріп, ғашық болып қалады.

Аттила жылжуға белгі береді. Ғұн жасағы көңілді аттанады, себебі көп қазынаға қоса үш патшаның қанынан тараған Хаген, Вальтер, Хильдегунданы өздерімен бірге алып бара жатқан еді.

Аттила патша қолға түскендерді сыйлап, екі ұлды найза мен садақтың өнеріне өзі үйретіп, ғылымға үйрету үшін шет жерлерден ғалымдарды шақырады. Ғұн патшайымы Оспиру болса Хильдегунданы туған қызындай көрді. Бүкіл сарайды сеніп тапсырып, қазынаның кілтін де беріп қойды.

Уақыт өстіп жылжып жатты. Хибик патша өлген соң, Хаген батыр кепілдіктің уақыты бітті деп ғұндар елінен қашып кетеді.

Бұған Аттила қатты ренжиді, бірақ қайғырғанын білдірмей, Вальтерді шақырып алып, былай дейді:

– Ұлым, сені өз ұлымдай көремін. Ең сыйлы, ең бай деген ғұн батырының қызын саған атастырамын. Мен патшалығымда бақытты, бай өмір сүресің.

Бұған Вальтер былай деп қулана жауап береді:

– Патша мырзам, байлықты мен не ғылам? Иелікте лашық салып, құлдарды билеуім керек. Әйелді не ғылам? Әйелім мен баламның қамын ойлауым керек болады. О, патшам, әкем, маған мұндай шідер салма! Менің сен үшін соғысып, саған қызмет етпектен басқа ниетім жоқ, – дейді.

Вальтер Аттиланы алдаған еді, себебі Хильдегунданы жақсы көретін және екеуін әкелері атастырғанын да ұмытқан жоқ болатын. Сұлу қызды ғұн патшасының да ұнатып қалғанын байқап, қулыққа көшкен.

Көп ұзамай Аттила тағы жорыққа аттанады, өзімен бірге Вальтерді де ертеді. Осы жорықта Вальтер батыр ерлікпен шайқасып, ғұн патшасының көңілінен әбден шығады.

Жорықтан қайтып келе жатқанда, Вальтер батыр Хильдегунданы бөлек шақырып былай дейді:

– Кепілдік те, құлдық та шегіне жетті. Бір жетіден соң елге барамыз, үйленеміз, бақытты боламыз!

– Соған жазсын, – дейді Хильдегунда.

– Егер сөзіме құлақ ассан, бәрі ойдағыдай болады, – деп Вальтер Хильдегунда аруға өз жоспарын айтты: „Сөзімді мұқият тыңда, сүйіктім! Қазынаның кілті сенде, содан Аттиланың болат көбесін, дулығасын, торғауытын ал және табақ тауып, оны

білезіктерге, зергерлік бұйымдарға толтыр. Балық аулайтын қармақты да ұмытпағайсың, ұзақ жолда бізге балық пен құс азық болады. Бір жетіден соң кетеміз. Кетер алдында мен бір той жасаймын, сонда барлық ғұндарды мас қыламын, бастарының қайда қалғанын да білмей қалады. Бірақ сен өзіңе абай бол, тек шөліңді қандырғанша ғана іш!

Бәрі Вальтер ойлағандай болды.

Тойда шарап судай ақты. Вальтер ғұндарға шарапты толтырып құйып, ішкізе берді. Барлық ғұн батырлары мас болды, бастарының қайда қалғанын білмеді. Барлықтарының бастары айналып, тілдері байланып, мықты деген батырлардың өздері аяқтарынан тұра алмай қалды. Көп шарап Аттила патшаны да алып ұрды. Вальтер батыр үйлерін өртеп кетсе де, білмес еді.

Таңсәріде Вальтер күші мен батырлығы үшін Лео, Арыстан, атаған атын алып шықты. Оған екі кішкене сандық артты, айылын жақсылап тартты. Сонан соң беліне екі қылыш: ғұндардың салтымен сол жағына семсер, оң жағына сапы байлады. Хильдегунда сұлуды да атқа мінгізіп, жасырын шатырлардың арасымен ізін суытты.

Ғұндар түсте бірақ естерін жинайды. Аттила бірден сүйікті батыры, адал Вальтерді шақырады, ешкім жауап қатпайды. Сонда ғұн патшайымы да

Хильдегунданы іздей бастайды. Таба алмай жылап жібереді. Ашты көз жасын төгіп тұрып, былай дейді:

– О, құдай атқыр той! Ғұндардың мақтанышы Вальтер батыр қашып кетті, өзімен бірге менің сүйікті қызым Хильдегунданы да алып кетті!

Аттила патшаның ашуында шек болмады: табанына дейін түскен жібек шапанын жұлып, жаралы арыстандай арлы-берлі жүрді. Ойлары арпалысып, жаны теңіздің буырқанған толқындары арасындағы құмдай шиыршық атты. Ақыры өзіне келіп, былай деді:

– Соңынан! Аттаныңдар соңынан! Қайтып әкелу керек оларды! Вальтерді иттей ғып, байлап алып келіндер! Кім менің қолыма әкеп берсе, соны алтынмен аптаймын, алтынға көмемін ...

Он екі әскер шапшаң атқа мініп, Вальтердің соңынан шауып кетті.

Вальтер батыр ғұн әскерлерін көріп, Лео атымен кері бұрылды, үш рет қылыш сермеп, үш ғұн әскерін өлтірді.

Басқа ғұндар мұны көріп, тез шауып Аттиланың сарайына қайтып келді.

Вальтер осыдан кейін екі жеті жол жүріп, көптеген ауыл, қостардың үстінен өтеді. Өзенге

көрсө, қармақ салып, құс көрсө, атып, сөйтіп жан сақтап жүрді.

Көп оқиғаларды бастан кешіріп, елдеріне жетіп, Алфер патшаның дүние салғанын, елдің таққа отырғызу үшін Вальтерді күтіп отырғанынан құлағдар болады.

Елі Вальтер батырды таққа отырғызады, Хильдегунда сұлу аквитан халқының патшайымы болады.

Бірақ бұл бақыт ұзаққа созылмайды.

Аттила әскерлерін жіберіп, елді қырып салады.

Вальтер батыр да халқын соғысқа аттануға ұран тастайды, бірақ аз әскерімен жеңіске жетуден үмітсіз еді. Батыл қимылдап, батырша шайкасады, ақырында Дитлиб батырмен жекпе-жекке шығады. Екеуі де бір біріне есе бермей, бір-ақ рет бір-бірін жүрек тұстан шаншып қалып, екеуі бірдей жан тапсырып аттан құлайды.

Хильдегунда сұлу Аттиланың сарайына қайтып келіп, қайғылы жесірлікпен өмір сүреді.

Кейбіреулер ғұн патшасы Хильдегунданы зорлап әйелдікке көндіріпті, сол себепті Хильдегунда Аттилаға қанжар салып өлтірген екен дейді.

## АТТИЛАНЫҢ ӨЛІМІ ЖӘНЕ ЖЕРЛЕНУІ

### *Йорданес жылнамасының ізімен*

Ғұндардың нұрлы жұлдызы, құдай қамшысы, әлемді дүр сілкіндірген Аттила ер шағында аяқ астынан қайтыс болды.

Ғұн патшасының өлімі ғұндардың жүрегін қасіретке толтырды, ал жауларын қорқыныш биледі, олар енді Аттиланың ұлдарынан қорықты.

Река патшайымның өлімінен кейін, қаралы уақыт біткен соң, Аттила Илдико атты сұлу қызға үйленбек болады. Той көңілді өтеді. Аттила да қуаныштан көп шарап ішеді, бірақ шектен аспайды.

Жұрт ұйқыға кеткенде, Аттиланың мұрнынан қан ағып, шалқасынан жатқан Аттиланың тамағына қан құйылып өледі. Осылай шайқастарда данқы шыққан патша төсекте жатып, жараланбай қайтыс болады.

Келесі күні таңертең құлдары патшаның ұйқыдан тұрғанын күтеді, шатырдан шықпаған соң, бір жамандықтың болғанын сезіп, шатырға лап қояды. Кіріп Аттиланың төсекте өліп жатқанын көреді. Илдико болса көрпесінің астында жылап жатқан еді.

Өлікті көруге ғұн әскерлері бірінен соң бірі келіп жатты. Көсемдерімен, ғұндардың жұлдызымен,



құдай қамшысымен қош айтысты. Жай көз жастарымен емес, шаштарын кесіп, беттерін пышақпен жыртып, патшалары үшін қайғыларын қандарымен көрсетпек. Патшаның өлгенін көктен бір белгі білдірді. Шығыс билеушісі Марцианус патша түсінде Аттиланың садағының сынып қалғанын көреді. Осы түсінен римдіктердің ең үлкен жауы ғұндар патшасының өлгенін түсінеді.

Ғұндар Аттиланың мәйітін жақсылап жуып, кетінін кидіріп, ашық далада жібек шатырға қояды.

Ғұндар аттарына қарғып мініп, патша жатқан жерді сәйгүліктерімен айналып шабады. Ат үстінде жоқтау өлең айтысады.

Жоқтауларын айтып, Аттилаға үлкен ас береді. Көп тамақ ішіп-желінді, сөйтіп қайғыларын қуанышпен араластырғандай болады.

Аттиланың мүрдесін құпия жерге көмеді, жер түбіне жасырады. қаруларын, қазынасын табытының жанына салады.

Бірінші табытты алтыннан, екіншісін күмістен, ал үшіншісін берік темірден жасаған еді. Осы арқылы Аттила барлық халықты жеңіп, әлемнің барлық жарығына және барлық әскери даңққа ие болғанын айтқылары келген еді.

Құлдар қабірді жапқан соң, бір жасақ ғұн садақшылары оларды қоршай келіп, жерлеген жерді

көргендерді қырып салады. Сөйтіп көмушілер өздері көмгенмен кездесті.

Атиланың жатқан жерін әлі күнге дейін ешкім білмейді, ғұн патшасының жаны жай.

## АТТИЛАНЫҢ ҰЛДАРЫ

*Кезаи Шимон жылнамасының және бір секей  
халық аңызының ізімен*

Аттила өлген кезде, батыс халықтарын одан бетер қорқыныш биледі, өйткені ұлдарынан қорқа бастады. Себебі Аттиланың ұлдарының өзі санына жетіп болмайтындай, бір халық, еді. Барлығы Аттиладан соң елді ұлдарының бірі басқарады деп ойлады.

Бірақ қу неміс басшылары, әсіресе Вероналық Детре және олардың жақтастары, Аттиланың ұлдарын бір-біріне айдап салады.

Неміс басшылары Аладар жағына шықты, себебі Кримхилда атты неміс патша әйелден туған еді.

Ғұндар грек патшасының қызынан туған Чаба жағында еді.

Екеуі де ел басқара бастады, ақыры екеуі шайқасады.

Бірінші ұрыста Чаба жеңеді.

Сол кезде Аладар көп әскер жинап, Чаба халқына Сикамбрия маңында шабуыл жасады.

Шайқас екі жетіге созылады. Чабо халқына күйрете соққы жасалғаны сонша, Аттиланың ұлдарынан, ғұндардан, аз ғана қалады.

Ғұндар Кримхилда шайқасы деп атаған бұл шайқаста немістің де көп қаны ақты. Егер немістер намыстанбай, шындықты айтқан болса, онда былай деген болар еді: „Дунайдан бірнеше күн адам да, аң да су іше алмай қалды, себебі өзен Сикамбриядан Потенциана қаласына дейін қан боп ақты”.

Чаба көсем шайқас үстінен қашып, он бес мың ғұн әскерімен Грецияға кетеді. Онда да ұзақ қалмай, ата-баба жұртына, туғандарына Скифияға қайтып оралады.

Бұлардан басқа қалған үш мың ғұн әскері Чигле даласына қоныс тебеді. Батыс халықтары кек алар деп қорыққандары сонша, өздерін ғұндар деп емес, секейлерміз деп атап, елдің шығыс жағына көшіп кетеді.

Секейлер – ғұндардың ұрпақтары. Тектерін, қандарын бөтен халықтармен араластырмаса да, қатан дәстүрлері және қоныстары мажарлардан бөлек. Секейліктер сақтардың әріптерін де ұмытпай, таяққа қашап жазып, қолданып келеді.

Уақыт осылай өтіп жатты, ғұн батырлары қайтыс болып, немерелері көршілері үлкен әскермен шапқыншылық жасағанда, жандарына қару байлады. Ұрыс түн ортасына дейін болды. Секей халқы құрып кетуге аз-ақ қалды. Сол кезде бір ғажайып оқиға болды. Көк күмбезі құс жолында (содан

бері мажарлар оны „әскер жолы” деп атайды) бір атты әскер пайда болады. Атты жасақтың алдында өлгендердің рухын жаңа шайқасқа бастап Чаба батыр келе жатыр. Көктен түскен әскер жауды сыпыра жеңіп, қайтадан зеңгір көкке үнсіз қайтып кетті.

Секейлер болса, Трансильванияның шекарасын адалдықпен күзетіп қалды. Мадьярлардың Скифидан Паннонияға қоныс теппек болып көшіп келе жатқанын естігенде, секейлер қуанып олардың алдынан шығады. Кездескенде мадьярлар да қуанады. Трансильванияны қорғауды секейлерге тапсырады.

## II БӨЛІМ

# МАЖАРЛАРДЫҢ ЖАҢА ОТАНҒА ҚОНЫСТАНУЛАРЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ЖӘНЕ БАСТАРЫНАН КЕШКЕН ОҚИҒАЛАРДЫ БАЯНДАЙТЫН АҢЫЗДАРЫ

---

### АНТ ІШУ

#### *Анонимус жылнамасының ізімен*

Христостың туғанына 819 жыл толғанда Магог патшаның руынан тарайтын және Скифияның текті көсемі болған Үдиек Өнедбелиа батырдың Емеш атты қызына үйленеді. Сол әйелден Алмош атты ұлы туады.

Алмош деген есім бір ғажап оқиғаға байланысты туады. Анасы оған жүкті болып жүргенде түсінде бір „турулдың”<sup>14</sup> өз үстіне қонып, ұрықтандырып жатқанын көреді. Құрсағынан бұлақ ағып жатқандай болады. Осы түстен даңқты патшаларды дүниеге әкелетінін, бірақ олардың өз жерлерінде өсіп-өнбейтінін ұғады.

Ұйықтағанда көрген суретті, түсті мадьяр тілінде „алом” дейді, ұлдың туатыны түсінде аян берілгендіктен, оны Алмош<sup>15</sup> деп атайды.

<sup>14</sup> Турул – мажар аңыздарында жиі суреттелетін батыс ертегілеріндегі гриф, шығыс ертегілеріндегі самұрыққа ұқсайтын ертегілік құс.

<sup>15</sup> Мағынасы Түстегі

Алмош сұлу, қара торы, қара көзді, сұңғақ, сымбатты жігіт болып өседі. Ақ ниетті, жомарт, ақылды және батыр жауынгер болады. Есейген шағында батырлығы мен ақылы барлық сақ әскерінен артық еді, сондықтан елдің барлық шаруасы оның ақыл-кеңесімен шешіліп отырды.

Алмош жігіт болып бір батырдың қызына үйленеді. Одан Арпад атты ұл туады. Сол ұлды Паннонияға алып кетеді.

Себебі Скифия жері халыққа лық толып, оларды сыйдырып, асырайтын халден кеткен еді.

Сондықтан әлі күнге дейін „жеті мадьяр” деп еске алынатын жеті көсем мұндай таршылыққа шыдамай, туған жерлерін тастап, тұруға жарайтын жерге көшпек болады. Сөйтіп Паннония жерін таңдап алады, себебі жұрттың айтуынша бұл жер Алмош көсем, Арпад бабалары тарайтын Аттиланың жері болған екен.

Сонда жеті көсемнің бастаған істерін аяғына жеткізу үшін басқарушы көсем керек деген ойға келеді. Сондықтан көңіл қалауларымен, ортақ шешіммен өздеріне және ұрпақтарының ұрпақтарына, соңғы буынға дейін, Алмошты және соның қанынан тарайтындарды көсем етіп сайлайды.

Сол сәт бәрі бір ауыздан Алмош батырға былай дейді:

– Бүгінгі күннен бастап сені көсеміміз және бұйырушымыз етіп сайлаймыз, бағың қайда бастаса, солай қарай саған ереміз.

Осыдан кейін жеті көсем пұтқа табынушылардың салтымен өз қандарын бір ыдысқа тамызып, былай деп ант береді. Пұтқа табынушылар болса да, өмірлерінің ақырларына дейін ант берген кездегі наным-сенімдерінен айнымаған.

Анттың бірінші тарауы мынадай еді:

– Өміріміздің соңына дейін, тіпті ұрпақтарымыздың өмірінің ақырына дейін көсеміміз Алмош көсем тұқымынан болады.

Екінші тарау:

Малымыз да ортақ және онда бәрінің үлесі болады.

Үшінші тарау:

Өзеркімен Алмошты көсем сайлағанның барлығы ешқашан көсемнің кеңесінен тыс қалмасын.

Төртінші тарау:

Егер ұрпақтардың арасында кімде-кім көсемге адалдық танытпаса, көсем мен туыстары арасына жік түсіретін болса, оның қаны дәл осылай, ант ішкеніміздей, ақсын.

Бесінші тарау:

Егер ұрпақтардың арасында кімде-кім антты бұзса, оны мәңгі қарғыс атсын.



## ЖАҢА ОТАНҒА ҚОНЫСТАНУ

### *Анонимус жылнамасының ізімен*

Бұдан соң жеті мадьяр атанған жеті көсем Скифидан шығып, батысқа қарай аттанады. Араларында Магог патшаның руынан шыққан Алмош көсем де бар. Әйелі және ұлы Арпадпен бірге, қауым елімен жолға шығады.

Бірнеше күндер шөлдерден өтіп, Еділ өзенін пұтқа табынушылар сияқты шанаşқа отырып жүзіп өтеді, бірде-бір ауылға немесе қалаға кез болмайды. Көш барысында аң және балық етімен коректенеді, адам қолымен жасалған тамақ жемейді. Тамақтарын аңшылықпен тауып отырады, осыдан бастап күні бүгінге дейін аңшылықта мадьярлардың алдына ешбір халық түскен емес.

Ұзақ көштен соң Орыс еліне келеді. Онда Киев көсемінің әскерімен шайқасып, орыстар мен кундарды<sup>16</sup> жеңіп, олардан бай қазына түсіреді.

Бұдан соң Киевтен аттанып, киев орыстарының бастауымен Лодомерге<sup>17</sup> келеді.

Ладомер көсемі қымбат сыйларымен, қазыналарымен елінің шекарасына дейін барып Алмош көсемнің алдынан шығады, Лодомер қақпасын өз еркімен ашады.

<sup>16</sup> Мажарстандағы қыпшақтардың атауы

<sup>17</sup> Владимир

Алмош көсем ерген жұртымен Лодомерде үш жеті қонақ болады.

Үшінші жетіде Лодомер көсемі екі ұлын және құлдарының бірнеше ұлдарына қоса Алмошқа кепілдікке береді. Бұның үстіне екі мың күміс теңге, жүз таза алтын теңге, қисапсыз аң терісі мен ішік, үш жүз ер-тоқымдалған, жүгенделген тұлпар, жиырма бес түйе, мың өгіз және басқа сыйларды басшыларына таратып береді.

Алмош көсем Лодомерді тастап, халқымен Галичке жылжиды.

Алмош көсем Галичте бір ай болғанда, ұлдары тұтқынға түскен қаланың басшылары Алмош көсемді Ховош<sup>18</sup> тауларынан асып, Паннония жеріне барып қоныстануын өтінеді.

Мадьярларға олар былай дейді:

– Паннония жері орасан үлкен, сол жерде ең сұлу өзендер Дунай, Тиса, Ваг, Марош, Көрөш, Темеш және басқа өзендер тоғысады. Паннония жері кезінде мажарлардың бабасы Аттиланікі болған, яғни мадьярлардың мұрасы.

Алмош көсем және басшылар галичтіктердің ақылына құлақ асып, олармен бітімге келіп, қайта жолға шығады.

Галич көсемі екі мың садақшы мен үш мың шаруаға мажарларды бастап отыруларына және

<sup>18</sup> Мажарша Қарлы деген сөз. бұл Карпат тауы– Р.З.

Ховош ормандарынан өтетін жол дайындауларын бұйырады. Бұған қоса қоржындарын тамаққа толтырып, союға көп мал береді.

Жеті мадьяр атанған жеті көсем орыстардың жолға салуымен Ховоштан асады.

Көп ұзамай Хунг<sup>19</sup> жерінде аттарынан түсіп, осы алғаш қонған жерлерін Мункач<sup>20</sup> деп атайды. Бұлай атаған себебі көптен армандаған жерге үлкен еңбекпен, зор қиыншылықпен жеткен еді.

Қырық күн шаршағандарын басып, жерді бақылап, қатты ұнатып қалады.

Алмош көсем және басшылар Хунг жаққа шауып кетеді, себебі қамалды алмақ.

Қамал қабырғасының маңына қос тігіп жатқанда, қамалдың басшысы Лаборц атып шығып, Земпленге<sup>21</sup> қарай қаша жөнеледі.

Бірақ Алмош көсемнің әскерлері соңынан қуып, бір өзеннің маңында ұстайды. Сол жерде дарға асып өлтіреді.

Сол күннен бастап сол өзенді Лаборц деп атайды.

Сонан соң Алмош көсем және жолдастары Хунгварға<sup>22</sup> қарай жол тартады. Сонда ажалсыз

<sup>19</sup> Хунг – тарихи Мажарстанның шығыс бөлігі. Дұрысында мажарша „Унг”.

Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін бұл жер Украинаға берілген.

<sup>20</sup> Мунка мажарша „енбек” дегенді білдіреді.

<sup>21</sup> қазіргі солтүстік Мажарстан

<sup>22</sup> Мажарша– Хунг қамалы, тарихи Шығыс Мажарстандағы қала, қазіргі Украинадағы Ужгород

құдайларына үлкен құрбан шалып, төрт күн үзбей той тойлайды.

Төртінші күні кеңес қылып, Алмош көсем мен маңындағылар, көзі тірісінде ұлы Арпадты көсем және бұйрықшалары етіп сайлауға серт береді.

Сол себептен Арпадты Хунгвар көсемі деп, ал әскерлерін Хунгтан шыққан хунгварлықтар деп атайды, бұл атау бүкіл әлемде бүгінге дейін сақталып отыр.

Сонан соң Арпад көсем әскерін жібереді, Тиса мен Бодрог арасы мен Угочаға дейінгі жердің барлығына ел-жұртын қоныстандырады. Боршова қамалын үш күн шабуылдап, бағындырып, қабырғасын құлатып, Шалан көсемнің әскерлерін кісен салып Хунг қамалына алып кетеді.

Көп күндер сонда қонып, көсем және жолдастары жердің шөбі шүйгін, әр түрлі тағы аңдарға бай екендігін, Тиса мен Бодрогтың балыққа бай екендігін көріп, бұл жерді қатты ұнатып қалады.

Шалан көсем мұны естігенмен, істейтін ешбір амалы болмайды. Бірақ елшілерін жіберіп, айбат көрсетеді.

Арпад көсемді Хунгвардың көсемі, әскерлерін хунгварлықтар деп мысқылдап, әрі таң қалды: „Мұндай істерге батылы барған мадьярлар кімдер өзі, қайдан келген?”

Шалан көсем мадьярларға: „Ниеттеріңнен айнындар, Бодрог өзенінен өтуші болмандар, егер өтсеңдер гректер мен болгарлардың көмегімен бірігіп сендерге қарсы шығам, зұлымдықтарың үшін сазайларыңды тартасындар,“ – деп сәлем айтады. Хабарды айтқан адам әрең бас сауғалап құтылады.

Шалан көсем елшілері Земплен қамалына қарай жүріп, Бодрог өзенінен өтеді, екінші күні Арпад көсемге жетеді.

Үшінші күн дегенде Арпад көсемге басшыларының атынан сәлем беріп, Арпад көсемге сәлемін жеткізеді.

Арпад көсем өр кеуде Шалан көсемнің елшілерін өрленбей тыңдап, сыймен былай деп жауап береді:

–Бұл жер, Дуна мен Тисаның арасы – менің бабам, күдіретті Аттиланьың жері. Бірақ мен гректер мен болгарларды жеңе алмаймын деп қорыққандықтан емес, Шалан көсемнің достығына сенгендіктен табындарым үшін маған тиесілі жердің бір бөлшегін, Шайо өзеніне дейінгі жерді, сұраймын. Бұған қоса, Шалан көсемнен маған шын көңілімен маған екі құмыра Дунай суын және бір қолтық Алпар құмдарының шөбін беріп жіберуін өтінемін. Алпар құмдарының шөбі Скифияның шөбінен, Дунайдың суы Дон суынан тәтті ме екен көрейін.

Содан кейін Арпад көсем елшілерге сыйлықтар беріп, көңілдерін көтеріп, елдеріне шығарып салады.

Елшілер кеткен соң, Арпад көсем өзі де Шалан көсемге елшілерін жіберуге кеңес шақырады. Он екі ақ боз ат, он екі түйе, он екі кун жігітін, көсемнің әйеліне он екі орыс қызын, он екі ақ тышқан, он екі сусар терісін, он екі әдемі шекпен жібереді.

Бұл елшіліктің құрамындағы адамдар ақсүйектер еді Етенің әкесі Онд, екіншісі Алаптолманың әкесі Кетел. Үшінші етіп Тарцал деген талапты батырды сол аймақты барлап, жерін шолып, сонан соң тез қайтып келіп, Арпад көсемге баяндауға жіберген.

Онд, Кетел және Тарцал орманнан өтіп, Бодрог өзенінің жанында бәйге жарысында шапқандай шауып биік таудың басына шығып кетеді. Талапты Тарцал батыр шынға бәрінен бұрын шығады.

Сол күннен бастап сол тауды Тарцал тауы деп атайды.

Ерлер таудың басынан көздері жеткен жерге дейін айналаны түгелдей бақылайды, сол жерді қатты ұнатады.

Таудың басында пұтқа табынушылардың салтымен бір семіз атты құрбандыққа салады.

Сонан соң Тарцал қайтуға рұхсат алып, жер туралы баяндауға әскерімен Арпад көсемге қайтып келеді.

Осы уақытта Онд пен Кетел Тарцал тауынан етекке түсіп, жылдам шауып үшінші күн дегенде Алпар камалында Тиса жанында Шалан көсемге кез болады. Арпад көсемнің атынан сәлем беріп, екінші күні сыйлықтарын тапсырып, Арпад көсемнің айтқан сәлемдерін жеткізеді.

Шалан көсем сыйлықтарды көріп, өз елшілері мен мадьяр елшілерінің айтқандарын тыңдап өте қуанады. Арпад көсемнің елшілерін құрметтеп күтіп, әр түрлі сый-сыяпат жасап қана қоймай, Арпад көсемнің тілектерін де орындайды.

Онд пен Кетел оныншы күн дегенде Шалан көсемнен рұхсат алып, елдеріне қайтады.

Шалан көсем екі құмыра су және Алпар құмының ең жақсы шөбінен бір қолтық беріп жібереді. Мұны тек қалжың-күлкі үшін істейді. Арпад көсемге сан түрлі сыйлықтарға қоса, Шайо өзеніне дейінгі жерді халқымен береді.

Онд пен Кетел Арпад көсемге тез жетеді, олармен бірге Шалан көсемнің елшілері де келген болатын.

Елшілер сыйлықтарды беріп, Шалан көсемнің жерді халқымен қоса бергендігін айтқанда, Арпад көсемнің сарайы қуанышқа кенеліп, үш күн той жасайды.

Бітімді одан әрі нығайтып, Арпад көсем елшілерге сыйлық беріп, бейбіт келісімге келдік деп елдеріне қайтарады.

Осылай тамырларын тереңдете берді. Тағы да ортақ шешіммен, сол жердегі халықтың кеңесімен Бөнгер ұлы Боршты мықты әскермен поляктардың жеріне қарай, ел шекарасын байқап, Татра тауына дейін белгі қағып келуге, ыңғайлы жерге ел күзеті үшін қамал салып келуге жібереді.

Борш рұхсат алған соң, жолға аттанады. Шаруаларды жинап, Волдва өзенінің жанына қамал салады. Осы қамалды халық кішкентай болғаны үшін Боршод<sup>23</sup> деп атап кетеді.

Борш қала ұлдарын тұтқын қылып, шекараны Татра тауынан белгілеп, Арпад көсемге қайтады.

Көсем оның қайтып келгеніне қатты қуанады. Арпад көсем Боршты жақсы қызметі үшін сол қамалдың басшысы, ишпаны, қылып, сол аймақты түгелдей сеніп тапсырады.

Бірнеше күннен соң Арпад көсем Бихар қамалына, Менмарот көсемге елшілерін жібереді. Одан арғы атасы Аттила патшадан қалған мұрадан Самош өзенінен Нирге<sup>24</sup> дейінгі және Месешикапуға дейінгі жерді беруін сұрайды. Жоғарыда аты аталған Шалан көсемге жібергеніндей сыйлық та жібереді.

Бұл елшілікті екі мықты батыр бастады: Салоктың әкесі – Өшбө және Торда епископтың арғы атасы – Велек Арпад көсемнің елшілері, Өшбө

<sup>23</sup> Боршо (bors) деген бұршак. бұршактай кішкентай дегені

<sup>24</sup> Шығыс Мажарстан осылай аталады.



мен Велек, Тиса өзенінен Люцирев маңында жүзіп өтеді. Одан желіп отырып Вихар қамалына келеді. Менмарот көсемге сәлем беріп, Арпад көсем жіберген сыйларды тапсырады. Ақырында көсемдерінің Самош өзенінен Нир шекарасына дейінгі және Месешикапуға дейінгі жерді сұраған сәлемін де жеткізеді.

Менмарот көсем оларды құрметтеп қарсы алып, түрлі сыйлықтар беріп, үшінші күні мынадай жауаппен елге қайтарады:

– Мадьяр елінің көсеміне, мырзаларың Арпадқа, айтыңдар! Біз достық көмегімізді жасаймыз, неге мұқтаж болса, соның бәрін береміз, себебі ол қоңсы ғой, көп нәрсеге зар. Бірақ бізден рақымшылық ет деп сұраған жерді көзіміз тірі тұрғанда ешкімге бере алмаймыз. Шалан көсемнің үлкен жерді бере салғанына әрең төзгенбіз, ақ ниетімен берді ме әлде қорыққанынан берді ме? Сонғысы мүмкін емес десе де, кім білсін? Біз кең пейілділіктен де, қорқыныштан да жерімізді бермейміз, тіпті бір уыс топырақты да, Менің мұрам десе де. Бізге Құдай қамшысы Аттиланың руынан тараймын дегенімен де бізді қорқыта алмайды. Себебі Аттила менің ата-бабамның жерін озбырлықпен тартып алған болатын, бірақ қазір Константинополь патшасы сүйеп тұрғанда, ешкім менің қолымнан бұл жерді тартып ала алмайды.

Осының бәрін айтып, елшілердің жылжуына рұқсат береді.

Арпад көсем елшілері жылдам шауып отырып мырзаларына келіп, Менмарот көсемнің сәлемін жеткізеді.

Арпад көсемнің бекзадалары ашуланып, Менмаротқа қарсы дереу әскер шығаруға бұйырады.

Лелдің әкесі Таш батыр, Елөдтің баласы Саболч батыр әскер басы болып, оларға Хорканың әкесі Тетень де ілесті.

Көп ұзамай жолға шығып, Тисаны Лади айлағының жанынан жүзіп өтті, бірақ жолда жауға жолықпады.

Ертеңінде Тиса жағасында Самош өзеніне қарай жүріп, қазір Саболч тұрған жерге тоқтап, қос тікті.

Маңайдағы жұрт оларға өз еріктерімен аяқтарына жығылғандай болып бағынады, ешқандай қауіп болмасын деп ұлдарын мадьярларға кепілдікке береді. Көп халық қашып кетеді, себебі мадьярлардан барлығы қорқады, олар туралы сұмдық хабарларды таратады.

Бірнеше қашқын Менмарот қамалына барып бас сауғалап, мадьярлардың келе жатқанын хабарлайды.

Менмароттың мұны естіп зәресі ұшқаны сондай, қолын көтеруге шамасы келмей қалды. Ал-

мош көсемнің Құдай қамшысы Аттиланың руынан тарайтынын жақсы біледі. Сондықтан Алмош көсемнің ұлы Арпад көсем мен оның бекзадалары аяушылық жасамаса, тірі қалмайтынын ұғады.

Сол уақытта Сабольч және оның жолдастары қамал қорғанысын әскермен нығайтып, тұрғындарын да қызметке қойды.

Қамалды Екөлч деген ақсүйек батырға тапсырып, өздері жорыққа аттанды.

Саболч көсем әскерді екіге бөлді: бірін Саболч пен Таш, ал екіншісін Тетень көсем мен оның ұлы Хорка бастады.

Саболч пен Таш бастаған әскер Тисаның жағасымен жүріп, көп ұзамай Самош өзенінің маңына жетті. Жол бойы барлық халықты бағындырып, жерлерін тартып алды.

Самош өзенінің жанында, батпақты жердің арасында Таш көсем арық аршып, мықты қамал тұрғызады. Бұл қамалды алғашында Таш қамалы деп атап, кейінірек Шарвар деп атаған. Таш қамалына әскерлерді үйіп, қамал халқының ұлдарын тұтқындап, ары қарай жылжыды.

Қамалдың халқы Арпад көсемге бағынып, Таш көсемнен базарға арналған жер тағайындауды сұрайды. Таш көсем Ниршег пен Тиса арасын базар жері деп белгілеп, оған өз атын беріп, Таш базары деп атайды.

Мадьярлар Сатмар қамалына келеді. Саболч пен Таш көсем қамалды үш күн шабуылдап, қатты шайқасып, ақыры алады. Менмарот әскерлерін кісендеп, терең зынданның түбіне тастайды. Қамал халқының ұлдарын тұтқынға алып, қаланы әскермен қоршайды, өздері ары қарай Месеш қақпасына қарай кетеді.

Бұл уақытта Тетень көсем де ұлы Хоркамен жолға шыққан. Нир жақпен шауып, ондағы орманнан бастап Омшо бұлағына дейінгі жердің халқын бағындырады. Онан жоғары өрлеп Зилахқа дейін жетеді. Жол бойы оларға қарсы қол көтеруге ешкімнің батылы бармайды. Менмарот көсемнің әскерлері де қарсы соғыспайды, Көрөш өзенін күзетумен болады.

Тетень мен әскері Месеши жаққа келгенде Саболч пен Таш көсемге кездеседі. Бір-бірлерін көргендеріне қуанып, той жасайды, тойда әркім өз ерлігін, шапқыншылығын айтып мақтанады.

Ертесінде тұрып, Арпад көсемнің патшалығының шегі Месеш қақпасы болады деген шешімге келеді. Сондықтан онда тұратындарға қақпаны тастан жасап, ағаштан үлкен бөгет тұрғызындар деп бұйырады.

Барлық жұмысты тындырған соң, Арпад көсемге барып барлық істеген істері туралы есеп беруге сенімді өкілдерін жібереді.

Арпад көсем өкілдердің мәлімдемесін тыңдап, қатты қуанады. Пұтқа табынушылардың салтымен өкілдерге әр түрлі сыйлықтар берді. Арпад көсем мен басшылар бір апта масайрап тойлатты, себебі жақсы жаңалықтарға шын қуанған еді.

Сонан соң Арпад көсем мен адамдары Серенчтен көшіп, Шайо жағасына барып, қос тікті.

Сол уақытта Арпад көсем ақылды әрі айлакер Тетеньді, сенімді Апафаркаш Агмандтты деген қартты орманның арғы жағындағы жерді барлап келуге жібереді. Жердің байлығын, адамдарын байқап келсін дейді. Тетень оларға қарсы соғысқысы келді, себебі: „Әркім өзіне жер алғысы келеді, Жақсы ат пен даңқты тең алғысы келеді”, – деп ескі жырларда айтылғандай өзі даңқ пен жерге ие болғысы келді.

Агманд әке мен Тетень сол жерді айналып, түлкідей тінтіп, жердің құнарлылығын және халқын бақылап, қатты ұнатып қалады.

Бәріне қанық болған соң, желе шауып көсемдеріне келіп, былай дейді:

– Мырзам, жер сондай жақсы екен. Ол жерді көп өзендер суарады екен. Сол өзендердің түбіне алтын жиналады екен, алтыны – жер жүзіндегі алтындардың ішіндегі ең жақсысы. Үлкен таулары бар екен, сол таулардан тұз алуға болады. Халқы

әлемдегі ең қорқақ халық көрінеді, қарулары бар болғаны садақ пен жебе. Көсемдерінің аты – Дьялу, ол да батыр емес, осал жауынгер, ер жүрек әскерлері да жоқ екен, кундар мен печенегтер оларды озбырлықпен тонап жатқан көрінеді.

Тетень Ердеи<sup>25</sup> жерінің байлығын, өзендерінің түбіндегі алтынды, тауларының тұзын естіп, Арпад көсемге Дьялу көсемге қарсы соғысуға рұқсат сұрау үшін елшілер жібереді.

Арпад көсем кеңес шақырып, сосын дереу Тетеньге сәлем айтады:

– Пейіліңді қостаймыз, аттан, Дьялуға қарсы соғысқа түс.

Тетень бір сәт те аялдамай, жолдастарын артқа тастап, Дьялуды жеңбекке Трансильванияға аттанады.

Трансильвания көсемі Дьялу көсем Тетень әскері жақындап келе жатқанын естіп, әскерін жинап, Месеши қақпасында ұстау үшін мадьярлардың алдынан жылдам шығуға әрекет жасайды.

Бірақ Тетень бір күннің ішінде орманнан өтіп, Алмаш өзеніне жетеді.

Таңнан аттанған Тетень іңірде әскерін екіге бөледі. Бір бөлігін өзеннен өтіп, Дьялу әскеріне

---

<sup>25</sup> Бұл Трансильванияның мажарша ескі аты. „Ердел” орманның ар жағында дегенді білдіреді. Түрікше Ердел, орыс жазбаларында Семиград.

күтпеген жерден шабуыл жасасын деп жоғары жібереді. Ойлағанындай болады, олар жылдам өзеннен өтеді, екі қанат та бір уақытта шабуыл жасайды.

Қызу шайқас болады. Дьялу әскері шегінеді, араларында көбі оққа ұшады, қалғаны қолға түседі.

Мұны көрген Дьялу басын сауғалап, аз қолымен қаша жөнеледі. Самош өзенінің жағасындағы қамалына қарай шабады, бірақ батыл Тетень әскері қуып жетіп, Капуш өзенінің жағасында ұстайды.

Жергілікті халық мырзаларының өлімін көрген соң, өз еріктерімен бастарын иіп, Хорканың әкесі Тетеньді мырза ғып сайлайды. Әшкүллө деп аталатын жерде адалдықтарын антпен бекітті. Содан бастап сол жер Әшкүллө<sup>26</sup> деп аталады.

Осы кезде Хүлектің ұлдары Совард пен Кадоча, олармен бірге Хуба үлкен әскермен Ипои өзенінен өтеді. Ертеңінде Гарам өзенінен де өтіп, Варад деген жер қамалдың жанындағы далада қос тігеді. Қамалды алып, үш күн Бөңгердің ұлы Борштың келгенін үш күн күтіп жатады, себебі оны ылкен әскермен көмек ретінде Арпад көсем жіберген болатын. Төртінші күнге қарағанда Борш мықты әскерімен келіп жетеді, сонда сол жердің халқын қорқыныш билейді, ешкім оларға қол көтеруге бата алмайды.

---

<sup>26</sup> „Әшкү“ (eskü) мажарша ант, серт дегенді білдіреді

Төрт бекзада кеңес құрып, кенет елге чехтер мен поляктар тап бермесі үшін әскердің үштен бір бөлігі жергілікті халықпен бірге Зоиом орманына барып, онда ел шекарасына тастан және ағаштан үлкен қамалдар салсын деген шешімге келеді. Осы мақсатпен Бөнгер ұлы Боршты әскерімен жіберді.

Олар Гарам өзенінің жағасымен шауып келе жатқанда, алдарынан бір бұғы жүгіріп өтеді. Борш соңынан қатты шауып қуа жөнеледі және таудың басында бірнеше оқпен атып өлтіреді. Таудың басына шығып қараса, қамал салуға қолайлы жер екен. Көп халықты жинап, биік таудың басына берік қамал соғады. Қамалға өз атын беріп, Борш қамалы деп атайды.

Сол уақытта Шалан көсем мадьярлардың әрекеттерін және құдіретін көріп, ашуланған олар елден қуып жіберер деп қатты қорқады. Сондықтан кеңес қылып, гректердің патшасына, болғарлардың көсеміне елшілерін жіберіп, Арпад көсемге қарсы көмек сұрайды.

Грек патшасы және бұлғар көсемі Шалан көсемге үлкен әскер жібереді.

Әскер Тител деген жерге жеткенде, Шалан көсем мен сарайындағылар қатты қуанады.

Келесі күні Шалан көсем бекзадаларымен кеңес қылып, Арпад көсемге елшілерінен сәлем айтады.



– Жерімізді таста, туған жеріңе қайт!

Елшілер Арпад көсемге жетіп, Шалан көсемнің сәлемін айтады. Арпад көсем мен бекзадалары ашуланып елшілерге мынадай жауап айтады:

– Дунай мен Тисаның аралығындағы жерді, оған қоса Регенсбургтен Грецияға дейін аққан Дунайдың суын да өз ақшамызға алғанбыз, осында келгенде он екі ақ боз ат және басқа көп нәрсе жібергенбіз. Жерінің құнарлылығын мақтап, Алпар құмынан бір қолтық шөп және Дунайдың суынан екі құмыра жіберген Шалан көсемнің өзі болатын. Сондықтан мырзаларыңа, Шалан көсемге, айтыңдар біздің жерімізді тастап, тезірек болгарлар жеріне тайып тұрсын, оның атасы Аттила бабамыз өлген соң осында сол жерден кеп қоныстанған болатын. Егер тілімізді алмаса, дереу әскерімізді жібереміз!

Елшілер мұны тыңдап, кетуге рұқсат алып, Шалан көсемге көңілсіз асығады.

Сол сәт Арпад көсем бекзадалары Задьва өзенінен шығып, Тететлен тауының жанынан қос тігіп, Тиса жағасымен ары қарай жылжып, Алпар құмдарына жетеді.

Шалан көсем де Тителден шығып, гректер мен болгарлардың көмекке келген қолымен Арпад көсемнің алдынан шығады.

Екі әскер бір біріне жақын жерге түнейді, түні бойы екі жақ та көз ілмейді, ерттеулі аттарының шылбырларын ұстап түнді өткізеді.

Таң сәріде екі жақ та шайқасқа дайындалады. Арпад көсем шайқас тәртібін айтып, батырларын былай деп жігерлендірді:

– Кеудемсоқ болғарлар Хунг қамалынан шыққан хунг қамалдықтар деп атаған скифтер, гректерден қорқып қылыштарыңды ұмытпаңдар, жақсы даңқтарыңды да жоғалтпаңдар. Гректер мен болгарларға қарсы батыл да батыр соғысыңдар, біздің қатындардан аумайтын гректер мен болгарларға қарсы батыл күресіңдер. Көп гректерден көп қатыннан қорыққандай ғана қорқындар.

Батырлар бұл сөздерден өте қайраттанады, Арпад көсемнің бүкіл әскері гректерге қарсы шығады.

Гректердің көбі оққа ұшқан соң, Шалан көсем басын сауғалап Болгарфехерварға қашады.

Гректер мен бұлғарлар да қаша бастайды, мадьярлардан қорыққандары сонша, қай жолмен келгендерін ұмытып, Тисаға қарай жүгіреді, кішкене өзен деп ойлайды. Гректер қырылған жерді сол күннен бастап Грек өткелі деп атайды.

Жеңістен соң Арпад көсем және бекзадалары ары қарай жылжып Көртвей көлі деп аталатын

шалшыққа дейін барады, сол жерде Дьюмөлчень орманында отыз күн қалады.

Сол жерде көсем мен ақсүйектері елдің барлық заңдарын, құқықтарын ретке келтіреді. Көсем мен басшылардың қандай қызмет атқарулары керектігін, қандай қылмысты қалай жазалау керектігін талқылайды. Сонда көсем ақсүйектерге ауылдарды халқымен сыйға береді.

Осылардың бәрін реттеген жерді мадьярлар өз тілдерінде Сери<sup>27</sup> деп атаған, себебі елдің барлық шаруасының шешу құрал-әдісін тапты.

Бұдан соң Арпад көсем мен ақсүйектері Тителге дейін барады, соған дейін жолындағы халықтың бәрін бағындырды. Одан ары жылжып, Тиса мен Дунайдың арасындағы халықты түгелдей езгісіне салады. Бұдан кейін Бодроги жаққа жүріп, Вайаш өзені жағасында қос тігеді.

Мұнда Арпад көсем басшылармен кеңес қылып, Бұлғарфехервар қамалына қарсы әскер жіберу керек деген шешімге келеді. Әскер басылар етіп Таш ұлы Лелді, Богат ұлы Булчуды және Көлпень ұлы Ботондты сайлайды. Олар Сава өзені Дунайға құяр жерде Дунайдан ешбір кедергісіз өтеді, сол жерден Болгарфехерварға қарай шауып кетеді.

---

<sup>27</sup> Сер (szer) мажар тілінде құрал легенді білдіреді

Сол кезде үлкен әскер жинақтаған болгарлардың көсемі гректердің жәрдем топтарымен бірге мадьярларға қарсы шығады.

Келесі күні Дуна жағасындағы далада екі топ шайқасқа дайын тұрды.

Таш ұлы Лел ту көтеріп, Богат ұлы Булчу ұрыстарда алып жүретін сырнайын тартып, шайқасты бастап та жіберді.

Қарсы жасақтар араласып, қызу шайқас басталып кетті. Гректер мен болгарлардың арасынан да өте көп әскер оққа ұшты, бірнешеуі қолға түсті.

Болгар көсемі әскерінің әлсірегенін көріп, өз өмірін сақтап қалу үшін Болгарфехерварға қарай қашады.

Сол сәт жеңіске жеткен Лел, Булчу және Ботонд Дунай жағасындағы жазыққа қос тігеді. Сонда барлық грек, болгар тұтқындарды алдарына салып, кісендеп Арпад көсемге жібереді.

Ертеңінде Болгария көсемі Лел, Булчу және Ботондка елшілерін жіберіп, әр түрлі сый-сыяпаттарын беріп, бейбіт келісімге келу үшін жұмсақ сөздерін айтады. Мадьяр елінің көсемі Арпадқа бағынып, адал қызмет етіп, жыл сайын салық төлеп тұруға уәде береді.

Олар бітімге келіп, көсемнің ұлын кепілдікке алады, Болгариядан көп қазынамен кетіп, көсемдеріне тиіспей, босатып жібереді.

Васил қақпасына дейін барып, онда сербтердің жерін жаулап, олардың көсемдерін темірге қамап ұстап отырды.

Бұдан ары қарай жүріп, теңізге дейін жетіп, теңіз жағасындағы халықтарды бірде зорлықпен, бірде жақсылықпен Арпад көсемнің қол астына бағындырып отырды.

Шпалато қаласын алып, бүкіл Хорват елін жаулайды. Ондағы бекзадалардың ұлын тұтқындап Арпад көсемге қайтады.

Егер осы жазылған олардың соғыстарына, батырлардың істеріне сенгілерің келмесе, жыршылардың далбаса жырлары мен шаруалардың өтірік ертегілеріне сеніңдер, себебі олар әйтеуір ма-жар батырларының ерліктерін және соғыстарын ұмыттырмайды.

Көп ұзамай Бодроги жақта қос тіккен Арпад көсем, барлық басшыларын біріктіріп, жолға шығады. Дунай бойымен жоғары өрлеп, бір орасан зор аралға келеді. Арал жанына қос тігіп, Арпад көсем мен бекзадалары аралды аралайды.

Жердің байлығын көріп, қатты қуанады, бұл аралды басшылардың тұрағы ету керек деп шешеді. Арпад көсем де көп ойланбай, шеберлерді шақырып, әсем көсемдерге лайық үйлер салғызады. Көк майса шөпке тойсын деп аттарды да аралға ай-

дап әкелдіреді. Арпад көсемнің бұйрығын екі етпеді Ол болса ақылды ғұн батыры Чепелді шақырып алып былай дейді:

– Бүгіннен бастап мұнда сен қожайынсың. Аттарға, құлын-тайларға көзіңнің қарашығындай кара!

Чепел Арпад көсемнің бұйрығын орындап, аттарға, құлын тайларға көзінің қарашығындай қарап, өмірінің ақырына дейін сол аралда тұрады. Оның құрмеіне сол жерді Чепел аралы деп атайды.

Сонан соң Арпад көсем аралдан кетіп, Шарокшардан ары Ракош өзеніне дейін қос тігеді. Одан тыңшыларын жібереді, олар ешқандай қорқыныштың жоқтығын білдірген соң, Дунайдан өтеді. Сол өткелді содан бастап Мадьяр өткелі деп атайды.

Римдіктер мадьярлардың Дунайдан өткендігін естіп, қатты қорқып, дереу қаша бастайды.

Арпад көсем барлық басшыларын шақырып, батырларын жинап, Аттила қаласына бастайды. Римдіктер Аквинкум деп атаған бұл қалада қатар-қатар патша сарайлары бой түзеп тұрған еді, олардың біразы түгел, ал біразы қирап жатты. Мадьярлардың қуанышында шек болмады. Тас ғимараттарды көріп қайран қалды. Арпад

көсемнің бабасы Аттила патша қаланы соғыссыз алды деп ойлайды.

Аттила патша сарайында көңілді той жасайды, қобыз, сырнайлардың үніне көне бабаларының әнін салып, қаланы жаңғырқтырады. Үстелдердің үстінде бәрі жарқырап, жалтырап тұрды: көсемдер мен бекзадаларға ас пен сусынды алтын ыдысқа, уәзірлер мен шаруаларға күміс ыдысқа құйып әкелді. Мадьярлар сонда барлық нәрсеге қарық болды, себебі көп елдердің қазынасын қолдарына түсірген еді. Сол күні мадьярлардың дастарканы астан майысып, қонақтарға да емін-еркін жетті.

Жер тарату басталды. Арпад көсем өзімен бірге тойлағандарға көп жер таратқандығы сонша, бәрі оның үстеліне қарай анталады.

Арпад көсем Аттила патша қаласында жиырма күн бойы тойлады. Батырлар ат үстінде бір-бірлерімен шайқасып, пұтқа табынушылардың салтымен садақ атысты. Бұған Арпад көсемнің көңілі тіпті көтеріліп, батырларға да сый жасап, кейбіріне алтын күміс, кейбіріне жер үлестірді.

Бұдан кейін Арпад көсем кеңес қылып, Паннония жерін жаулау туралы шешім қабылдайды. Салоктың әкесі Өшбені және оған қоса мен Өшті жер қайысқан қолмен сол жерді тұғындарымен қоса жауласын деп Веспрем қаласына жібереді.

Өшбө алдымен Пакозд тауының етегіне қос тігіп, соңыра ары жылжып, Пет жазығына келеді. Үш күнді сонда өткізіп, Веспрем қаласына қарай жүреді.

Өшбө алдымен Пакозд тауының етегіне қос тігеді, сонан соң ары қарай жүріп, Пет жазығына тоқтайды. Үш күн сонда болып, Веспрем қамалына қарай қозғалады.

Қамалды қоршап, римдіктерді садақ, қылыштарымен қыра бастайды. Қанды шайқас бір жетіден ұзақ болады. Мадьяр батырларын жеңудің мүмкін еместігін байқаған римдіктер бастарын сауғалап, қамалдан қашады. Өшбө оларды немістердің шекарасына дейін қуып тастайды.

Мадьярлар шекарадан қайтып, Раба өзенінің жағасындағы берік Вашварды алады. Содан кейін Балатон жағасындағы халықты бағындырып, Тиханьды да жаулап алады. Қолға түскен тұтқындарды хабар тасығыштарға қосып Арпад көсемге жібергеннен кейін ғана Веспрем қамалына қарай жүреді.

Арпад көсем екі батырдың қандай үлкен жеңістерге қол жеткізгенін естіп, қатты қуанады. Аттила қаласына қайтып, онда үлкен той жасап, хабаршыларға бай сыйлықтар сыйлайды.

Көп ұзамай Арпад көсем Өшбө және Велек батырларға Бихар қамалына жаулауға рұқсат береді.



Екі қолбасшы таңдаулы әскерімен, мадьяр және секей батырларымен, жолға шығып, көп ұзамай Йосаш өзені жағасына қос тігеді.

Мұны естіген Бихар өлкесінің көсемі Менмарот қатты қорқады, себебі Арпад көсем мен әскерлерінің соғыс ісіне мықты екендігін, римдіктері Паннониядан қуып, Мура карантандарын<sup>28</sup> қырып, басқа дұшпандары олардан бас сауғалап қашып кеткендігін білетін еді. Сондықтан Менмарот көсем де, әскерін Вихар қамалын тастап мадьярлардан қашып, отбасымен Игфон орманына қоныстанады.

Шайқас басталады, Өшбө әскерлері арасынан жиырма мадьяр және он бес секей оққа ұшады.

Менмарот әскерлері он үшінші күні мадьярлар ақтық шабуылға шығып, қамал арықтарын көміп, қабырғаларға басқыштарын сүйегенде бірақ білді. Жалаңаяқ, жалбарынып Өшбө мен Велектің алдына жығылды.

Екі батыр менмарот әскерлерін тұтқындап, қамалға кіреді.

Игфон орманынан шыға алмай жақан Менмарот патша бұл хабарды естіп, қатты үрейленіп, дереу мадьяр батырларына елшілер жіберіп, мынадай сәлем айтады:

---

<sup>28</sup> Словендер

– Егер бітімге келер болса, бұған дейін бір жерінен бір уыс топырақ бергісі келмеген, қазір жеңілген Менмарот, аяғына жығылып бүкіл патшалығын береді және Арпадтың ұлы Солтаға қызын күйеуге береді.

Өшбө мен Велек бұл ниетті мақұлдап, сол себепті Менмарот елшілерін өз хабаршыларына қосып Арпад көсемнен бейбіт келісім сұрасын деп қоя береді.

Арпад көсем елшілерді және көсемнің хабаршыларын да Чепел аралында қарсы алды.

Менмаротқа бітімге келдім деп, Өшбө мен Велекке бөлек сәлем айтады:

– Тойға дайындалыңдар, Менмарот қызын менің ұлым Солтаға айттырыңдар. Онда тұратын елдің ұлдарын кепілдікке алып, Вихар қамалын Менмарот көсемге беріңдер.

Өшбө мен Велек Арпад көсемнің бұйрығын орындап: тойдан соң Менмароттың қызын алып, қамалды көсемге береді, тұтқындармен Чепел аралына қарай жүреді.

Арпад көсем бекзадаларымен алдарынан шығады, Менмароттың қызын құрметпен көсемнің үйіне алып кіреді. Содан соң ұлан-асыр той жасап, оған көрші елдердің батырларын да шақырады.

Көп ұзамай Арпад көсем бекзадаларын кеңеске шақырып, ұлы Солтаны көсем етіп сайлайды.

Екі жыл өткен соң Менмарот көсем қайтыс болып, оның елі Солта көсемге мұра боп қалады.

Халқына Отан жасап берген Арпад көсем қартайып өмірден өтіпті.

Оны Аттила патшаның қаласына қарай ағып жатқан тас арналы өзеннің бастауына көмеді.

## АҚБОЗ АТ ТУРАЛЫ АҢЫЗ

Арпад көсем және оның төлеңгіттері Паннонияның қазыналы жер екенін, ең жақсы өзен Дунай екенін, одан асқан керемет жер дүниеде жоқ екенін естіп, ортақ шешіммен Кушидті тыңшы ғып жібереді. Сол жерді байқап, халқын біліп қайтсын дейді.

Кушид Мадьяр елінің ортасына жетіп, Дунай жағасына түседі. Сол маңның жанға жайлы, топырағы құнарлы, жемісі мол, өзендері де жақсы және жағасы құрақты екенін көріп, ұнатады.

Бұдан соң осы жерді Аттиладан кейін билеуші Святоплугқа барады.

Кушид елінің атынан сәлем беріп, келген шаруасын баян қылады.

Святоплуг мадьярлардың ниетін естіп, қуанышында шек болмайды. Себебі оның жеріне келіп, жер өңдемек болған шаруалар деп ойлайды, Елшіні құрметтеп шығарып салады.

Кушид болса торсығын Дунай суына толтырып, шанашын шалғын шөпке толтырып, қара топырақтан уыстап алып, еліне қайтады.

Еліне жетіп, көрген-білгенін айтып, торсықтағы суды, топырақ пен шөпті көрсеткенде, мадьярлар қатты қуанады. Топырағы жақсы, суы тәтті екенін

байқайды, даласының шөбі Кушид мақтағандай екен.

Бәрі келісіп, Кушидті Свютоплуг патшаға қайта жібереді. Ақ арабы атты алтын жалатылған ерімен, алтын жүгенімен жердің құны ретінде қоса жібереді.

Свютоплуг патша сыйлықты көріп одан бетер қуанады. Жеріне келіп қоныстану үшін жіберген ғой деп ойлайды.

Сол сәт Кушид патшадан топырақ, шөп, және су беріп жіберуін өтінеді.

Патша жымыып былай дейді: Сыйлықтары үшін қалағанынша алсын.

Кушид болса осы хабарды алып, еліне қайтады.

Осы уақытты Арпад көсем жеті көсемімен Паннонияға кіріп келеді, мейман ретінде емес, осы жердің заңды мұрагері және қожасы болып кіреді.

Сонда мажарлар Свютоплугқа басқа бір елшіні мынадай сәлемді жеткізуге қоя береді:

„Арпад көсем және оның уәзірлері саған осы жерде бұдан былай аялдамасын дейді. Жеріңді ақ боз атқа, шөбіңді жүгенге, суыңды ерге сатып алған, ал сен кедейлігің мен ашкөзділігіңнен жерді, шөп пен суды оған бере салғансың”.

Осы сөздерді патшаға жеткізгенде, ол күліп тұрып:

„Мына атты шоқпармен өлгенше ұрындар, жүгенді далаға тастандар, алтын ерді Дунайға лақтырындар”, – дейді.

Бұған елші:

„Бұған мадьярлардың несі кетеді? Атты ұрып өлтірсең, иттеріне жем болады, жүгенді далаға тастасаң, шөп орып жүрген олардың адамдары алтынды тауып алады. Ерді Дунайға лақтырсаң, балықшылары жағаға алып шығып, үйіне алып қайтады. Жер, шөп және су олардікі болған соң, барлығы солардікі болғаны”.

Бұны естіген патша жылдам жасағын жинайды, себебі мадьярлардан қорқады. Одақтастарынан жәрдем сұрап, қол жинап, мадьярлардың алдынан шығады.

Мадьярлар сол уақытта Дунайға таяп қалған. Керемет көркем бір жазық далада тан қылаң бере ұрыс басталады. Алла жар болып, Святоплуг олардан өзі қаша жөнеледі.

Мадьярлар оларды Дунайға дейін қуып тықсырады. Святоплуг зәресі ұшып, өзенге секіріп кетеді, ағыны қатты суға батып кетеді.

## III БӨЛІМ

### МАЖАР ХАЛЫҚ ЕРТЕГІЛЕРІ

*Magyar népmesék I-II. (Құрастырғандар:  
Дьюла Ортутаи , Линда Дегх, Агнеш Ковач)  
Будапешт. Көркем әдебиет баспасы. 1960*

---

#### БАСЫ КӨК ТІРЕГЕН АҒАШ (Az égig érő fa)

Ерте ерте ертеде, ит арқасы қиянда бір патша және оның ғажайып сұлу әйелі болыпты. Сұлу болғанда сондай, төрткүл дүниеде одан асқан сұлу әйел болмапты. Екеуінің кішкентай қыздары болыпты, ол қыз да анасының аузынан түскендей сұлу екен. Жандары сол қыздарының үстінде болыпты.

Қыз оқуға жарағанда, шешесі науқастанып, жан тапсырыпты. Патша қатты қайғырып, ас-судан, ұйқыдан қалып, әйелін жоқтапты. Кішкене қызы болса әкесін: „Әкежан өмірге бірге келмейміз, бірге қайтпаймыз. Тәңірдің жазғанына шыдауымыз керек”, – деп жұбатыпты.

Патша: „Құдайым-ай, қызым болса кішкентай, бүйтіп оған қорған болмаспын. Қой, бұдан әрі жыламайын, – деп ойлапты. Бірде қызына: „Айналайын, қызым, мен енді ешқашан үйленбеймін,

себебі сенің анаңдай адамды таба алмаспын, ондай адам жоқ мына дүниеде. Осылай қалғаным жөн”, – депті.

Қызы: „Әкежан, жалғыз қалма, мен де жаныңда мәңгілік отырмаймын, сонда жалғыз қайтпексің?”

Патша: „Ештеңе етпес, үйленбеймін ешқашан, одан да жесір қалғаным жөн”, – дейді.

Қызы: „Әке, онда менде ерге шықпаймын, сені қалың қайғыға тастамаймын”, – дейді.

Патшаның дүниеде ешкімде жоқ ғажап гүлзар бағы болыпты. Ондағы гүлдер бүкіл әлемде ешкімде жоқ екен. Истері жұпар аңқиды. Бақтың ортасында басы көк тіреген ағаш өсіп тұрады. Бір күні қыз бақты аралап, қыдырып жүріп мынадай ойға қалады: „О, тәңірім, мен күйеуге шығып қайтем, мынадай көркем гүлзарды қайдан табам”.

Солай деуі мұң екен, теректі тамырымен жұлып алардай күшті жел тұрады. Жел патшаның қызын әуелетіп көтеріп, теректің басына ұшырып әкетеді. Қыздың ғайып болғанын ешкім байқамайды. Әкесі қызын күтеді, келетін уақыты болды. Қызы келмейді. Шақырып келуге аспазын жұмсайды. Ол бақтың түкпір-түкпірін аралайды, еш жерде жоқ. Көшелерді тінтуге әскерін жібереді. Олар да бос келеді. Патшаның еш амалы қалмайды. „Қызым жоғалды, кімде-кім көрсе, қайда екенін айтсын”,



– деп жарлық береді. Бәрі бекер. Қызы жоқ. Патшанын көз жасы көл болып, жүрегі қарс айырылып, қайғырады. Кеңес шақырып, не істеу керегін кеңеседі. Қызының қайда екенін қалай білмек? Ешкім ештеңе білмейді. Қайда болуы мүмкін?

Бір түні патша түс көреді. Түсінде сенбі күні қатты жел соғып, құйын тұрып, қызын теректің басына алып кетеді. Қызы жиырма төрт басты айдаһардың сарайына тап болады. Осы түсті көріп оянып, былай дейді: “О, құдайым, бұл түс аян”.

Патша: „Ағаштың басына шығып қызымды әкелген жігітке қызымды және патшалығымның жартысын, соңыра мен көз жұмған соң түгелдей қалдырамын”, – деп жарлық береді. Жарлықты естісімен, әрине, шырағдандағы шоқ балауыздар секілді топтанып ханзадалар, бекзадалар, мәрт жігіттер жиналады. Бірінен бірі асқан, қызды әкелеміз деп жанталасады. Амал, не ешқайсысы ағашқа шыға алмады. Біразға дейін өрмелеген олар төмен құлдырады, бірінің қолы, бірінің аяғы, енді бірінің мойны сынды. Ал патша болса ешкімнің жоғары шыға алмағанын, қызын ешқашан көре алмайтынын көріп қайғырды.

Патшаның шошқа баққан торайшысы бар еді. Он бес-он алты жастағы бала. Аты Яношка. Орманда шошқа жаятын. Бір күні шошқа жаюға шыққан

ол мұңға батты, ханшаға жаны ашыды, таяғына сүйеніп тұрып ойға батты. Ойланып тұрып: “Ой, ғайып болған қымбатты мейірімді ханша, сені көрмейміз ғой енді ешқашан”, – дейді.

Мұны естіген торайы: “Яношқа, қайғырма, себебі ханшаны сен әкелесің”, – дейді.

Яношка кішкене торайға қарап аң-таң, бұрынсоңды торайдың сөйлегенін естімеген.

– Не дейсің торай, ойыңа келгенді айтпа, – дейді.

– Ойыма келгенді айтып тұрған жоқпын, Яношка, тек маған құлақ сал. Патшаға барып, қызын сен әкелетініңді, қызын саған беретінін айт. Қыздың соңынан жүрерде патшаға былай де: „Мәртебелі патшам, қызыңды әкелемін, бірақ алдымен буйвол сойып, терісінен маған жеті шәркей, жеті кебенек тіктір, солар жыртылғанда мен де қайтамын” де. Тағы айтарым – ағаштың бел ортасына жеткенде, жіңішке бұтағына кез боласың. Ұзындығы жарты әлемнің ұзындығындай, шыдамың жетіп сол бұтақтың аяғына дейін өрмелесең, ағаштың басына да шығасың. Тек байқа, құлап қалма, құласаң сүйегің шашылып қалады. Теректің жапырағына да жетесің, оған дейін жапырақсыз болады. Жапырақтары бір ел сиып кетердей үлкен. Сонда бір жетсең, өзін де көресің, ханша сенікі болады, табасың.

Шошқашы торайға рақметін жаудырып, сол күні кешке патшаға барады. Алдына келіп, иіліп сәлем береді.

– Неден қысылдың ұлым, – дейді патша.

– Патша, ағзам, айып етпесеңіз, бір өтінішім бар.

– Айт, ұлым, айта ғой, – дейді патша.

– Егер рұқсат етсеңіз, ағаштың басына шығып, ханшаны алып келсем.

Патша ішек-сілесі қатқанша күлді, әйелі қайтыс болғаннан бері бұлай күлмеп еді.

– Яношка, келген шаруаң осы ма еді.

– Мен ағаш басына шығамын, алып келемін, тек рұқсат ет! – деп жалбарынды Янош..

– О, құдайым, нендей мәрт жігіттер шыға алмады, бала, сен әкелем дейсің бе?

– Ол менің ісім болсын, тек жіберуге уәде берсеңіз болды.

– Ұлым, жібермесіме қоймадың, тек құласаң, өз обалың өзінде, сол жерде өлтіремін.

– Мәртебелі патшам, жіберер болсаң, маған жеті буйвол терісінен жеті шәркей және жеті кебенек тіктірі. Соларды киіп, ханшаны алып келемін, құдай жар болады.

Патша айтқанындай қодас сойып, терісінен жеті шәркей және жеті кебенек тіктіреді.

Киім де дайын болады. Янош киініп алады. Артығын жиып қоржынына салып алады. Патша жолға азық салып беріп:

– Ал, Янош, Алла жар болсын. Қызыммен бірге оралсаң, сен де олжалы боласың.

Тамашаны, Яноштың ағаш басына қалай шығатынын, көруге қалың ел жиналады. Яношт жанына балтасын алып жүретін, бұл жолы да қалдырмапты, ағашқа сілтеді, мысықша өрмелеп, жердегі дүниемен қош айтысты. Сонан соң балтасын суырып алып, ағашқа тағы бір сілтеді. Ағаштын тіні тым ұзын-ақ екен, соңыра бұтаққа да жетті-ау. Басына шығу да қиын-ақ екен. Бұтақтарға жеткенше балтасын суырып қайта ағашқа сілтей берді, сілтей берді. Бір-екі дегенше Янош бұтақтарға сіңіп, жоқ боп кетті, жердегілер көз жазып қала берді. Янош торай айтқан бұтаққа шейін жоғары өрмеледі.

– Ехе, торай бекер айтпапты, бұл бұтақпен ары өрмелеу қиын екен!

Бұтақтың жіңішкелігі сондай, табан тіреп жүру мүмкін емес еді, тек етпеттеп жатып, құртқа ұқсап өрмелемесе. Бұтақтың соңына жеткен соң, аяғынан тік тұрып, көзін жұмып:

– Армысың дүние деп жапыраққа бақа құсап секіріп түсті.

Біраз тынығып алды, қатты шаршапты. Шаршағанын басып, жан-жағына қарап былай дейді:

– О, тәңірім, мұнда да жердегідей өмір бар екен ғой. Жер жыртады екен, егін егеді екен.

Қалалары да ғажап екен, жиырма қабатты үйлері бар. Жүріп келеді, жүріп келеді, алдынан не адам, не мал шықпайды. Қала болса, сондай әдемі. Бір көп қабатты үйдің жанынан жан-жағына қарайлап өте беріп еді, бір дауыс естілді.

– Янош қайда тарттың?

Дауыс жоғарыдан естіледі, қараса айғайлап тұрған ханшаның өзі:

– Қайда барасың?

– Сені іздеп келемін, ханша

Ханша: Тсс-с, тыныш, менің күйеуім естісе, құрыдың дей бер, жүр көтеріл жоғары.

Алдынан шығып, үйге кіргізді.

– Кел, қазір күйеуім үйде жоқ. Келгенше сөйлесе тұрайық.

– Яношка, сен менің күйеуімнің жиырма төрт басты айдаһар екенін білесің бе? Сенің мені алып кетуге келгеніңді білсе, бірден көзіңді жояды. Әкем не істеп жүр?

– Құдай білсін, қазір не істеп жүргенін? Жылап отыр дағы. Көзі жастан құрғаған емес.

Тездетіп бұл жолға қанша ханзаданың аттанғанын, ешқайсысының ағаш басына шығуға шамасы келмегенін айтып шықты. Патшаның қызын кім әкелсе, соған беретінін де айтты.

– Мен де бағымды сынадым, маған Құдай көмектесті. Мен бұл арадан сені алмай кетпеймін.

– Янош, өтінемін, бұны айдаһар ести көрмесін, – дейді қыз.

Жылдам оған тамақ береді.

– Янош, қазір мен сені күйеуім таба алмастай етіп жасырамын, – деп бір астаудың астына жасырады. Алдымен мұнда кім келгенін айтам, себебі ашуы қатты болады, сосын ақырын сені шығарамын.

Айдаһар да келеді. Жеті шақырым жерден буырқанып, бұздыған шоқпарын алдына алып ашулы келеді.

Кіріп келіп, айғай салады:

– Үйде бірдеңенің исі бар? Біреу келді ме? Жолда келе жатып-ақ мұнда бөтен біреудің исін сезгемін

– Ой, айып етпе, отағасы, жер астынан шошқашымыз көптен көрмегесін мені іздеп келіп, маған қызмет қылмақ екен.

– Қайда? Алдыма келтір, кәне!

– Келтірем алдына, тек бейшараға тиме, маған қызметін енді мұнда көрсетуге келді.

Астауды көтеріп, Яношты шығарды. Айдаһар алдына келіп, қарап, аузына салып жұтып жіберді.

Қайта түкірді, қайта жұтты, қайта түкірді. Осылай үш рет қайталады.

– Ал енді мұнда келген екенсің, ханшана қызмет ет. Ішкен-жегеніңнің жартысын ақтайсың ба, түгелімен ақтайсың ба, көрейін. Енді менімен отырып, тамақ іш.

Янош ішіп-жеді. Айдаһар да ішіп-жеп болған соң, екеуі атқораға барды. Яношқа аттарын, сиырларын көрсетті, соларды бактырмақ.

Көп аттың ішінде бұрышта бір құлын жатыр еді. Арықтығы сондай, орнынан тұруға, аяқтарын басуға шамасы жоқ. Басқа аттар семіздіктен ырсылдап тұр. Айдаһар Яношқа:

– Янош мыналарды жемде, су бер, үстерін жу. Ал ана құлынды жума да, басқаларға бергенді оған берме, шөп жегісі келсе, сұлы бер, сұлы сұраса, су бер. Ешқашан сұрағанын берме.

Солай бәрін көрсетті. Янош сонда қалды. Жігіт айлап атқорада жүрді. Бәрін айдаһар айтқандай қылды. Сенімінен шыққандығы сондай оған ештеңе айтудың керегі де болмады, барлығын сонда туып-өскен адамдай істеді, айдаһарға жақты. Бәрін тындырды.

Бір күні айдаһар аң аулауға кетеді. Яношқа қорада малға жем беріп жүреді. Артындағы құлынды байқайды:

– Бейшара құлын, не деген арық едің, тұруға да шамаң жоқ, байғұс.

Құлынға тіл бітіп:

– Яношка, жүрегіңнің жұмсақ екені көрініп тұр. Қазір сөйлесуге уақыт жоқ, кейін бәрін айтып берем саған, – дейді.

Шынында да уақыт болмайды, айдаһар да келеді.

Айдаһар бәрін қарап шығып, ісі орнында екеніне көзі жетеді. Яношты жақтырады, бірге отырып ас ішеді. Ертесінде айдаһар тағы аңға кетеді. Янош та қораға барып, сиырларға жем береді. Құлын тағы былай дейді:

– Яношка жүрегің жұмсақ жігітсің, неге келгенінді білемін. Мұнан ханшаны алып кету қатерлі. Егер мені тыңдасаң, жолың болады. Қара, Янош, ертең демалыс. Ханшаға барып, жұмсақтап айдаһардың күшін қайда сақтайтынын сұра. Тек сұра, айтқысы келмесе, қайтсең де білуге тырыс, сосын маған айт.

Солай болады. Яношка ханшаға барады.

– Мәртебелі ханша, сізге айтайын дегенім күйеуіңізден күшін қайда сақтайтынын сұрап біліңіз. Мәртебелі ханша, егер әкеңізді көргіңіз келсе, күйеуіңізден күшін қайда сақтайтынын сұрап біліңіз.

– Ой, Яношка, оны сұрау қиынға түседі, оны айтпайды. Янош жұмсақтап көндіреді.



Бір күні айдаһар келеді, бұздығанын суырғанда, қақпа қарсы айырылып түседі. Аузынан жалын атады. Ханша кешкі асын береді, жеп-ішеді. Ертесінде тағы кетеді. Әйелі айдаһарға:

– Жаным, бүгін аңға бармай-ақ қой, үйде демал, мен үнемі жалғызбын. Жабығамын. Ең болмаса бір күн менін жанымда бол дейді.

Бүк түсіп, аһылап-уһілеп күрсінеді. Айдаһардың қуанышында шек жоқ, жақсы көреді деп ойлайды. Шындығында сасық көң құрлы көретін, тек істерге амалы жоқ.

– Сүйікті жарым, егер маған деген көңілің ақ болса, сенен бірдеңе сұрайын, тек жалтарма.

– Не сұрайсың, зайыбым? Не қалайсың?

– Тек бір нәрсені білгім келеді, күшінді қайда сақтайсың?

– О, сүйікті жарым, сен менен оны неге сұрайсың? Бұл туралы ешқашан сөз қозғамап едік. Күшімнің қайда екенін менен өзге ешкім білмейді.

– Маған да айтпайсың ба? Мен сенің әйеліңмін ғой.

– Айтпаймын. Бәрін айтсам да бұны айтпаймын.

Әйелі:

– Онда сен мені шынымен жақсы көрмейсің. Егер тым жақсы көрсең, жалтармас едің, – деп жылай бастайды.

Сонда күйеуінің жаны ашып кетіп:

- Жыламашы, сүйіктім, – дейді.
- Қалай жыламайын, жаным, мені жақсы көрмейтініңді білдіріп тұрсаң.
- Қалай жақсы көрмеймін.
- Егер жақсы көрсең, айтар едің ғой оны.
- Қарашы, сүйікті зайыбым, бұл өте құпия. Ешкімге айтуға болмайды.
- Менің естуімше, егер әйелі ерімен ант су ішкен соң, жаны мен жүрегі бір болуы керек. Неге менен жалтарасың.
- Сүйікті зайыбым, оны ешкімнің білуіне болмайды.
- Қалайша, не деп тұрсың?
- Жарайды, айтайын. Анау орманда күміс түкті аю бар. Күнде сол ормандағы бұлаққа су ішуге барады. Кімде-кім сол аюды өлтіріп, басын қақ жарса, ішінен қабан атып шығады. Қабанды атып, басын екіге бөлсе, ішінен қоян атып шығады. Қоянды атып, басын жарса, ішінен қобдиша шығады. Сол қобдишаны екі таспен ұрып жарса, ішінен тоғыз сона шығады. Менін күшім – соларда. Егер кімде-кім соналарды құртса, менің ауру шыбын ғұрлы күшім қалмайды. Сол үшін де бұл өте құпия, ешкімнің білуіне болмайды.
- О, сүйіктім, айтқың келмеді білем, бірақ саған сатқындық жасауға мені мәжбүр ететін адам әлі

туған жоқ. Енді, сүйіктім, біраз шарап ішейік, деп бір құмыра күшті шарап әкеледі, екеуі отырып ішеді.

– Сенің саулығың үшін ішейік!

Зеренді толтырып, соғыстырады. Ері тартып салады. Әйелі ішкен болып, білдірмей жерге төге береді.

– Енді сенің саулығың үшін бір зерен ішейік – дейді айдаһар.

Зеренді тағы толтырады. Ері тағы тартып салады, әйелі ішкен болып, төгеп салады. Әйелі болса тағы

– Енді Яношканың саулығы үшін ішейік, -дейді.

Тағы да ішеді, әнгімелеседі. Әйелі күйеуінің аздап масайғанын байқайды, шарап күшті-ақ болатын. Күйеуіне:

– Сүйікті жарым, өміріміз ұзақ болсын деп тағы бір рет ішейік.

Тағы да ішеді, сонда күйеуі кескен теректей құлап түседі. Қорылдап ұйықтап кетеді, дүниеде не болып жатқанынан хабарсыз.

Ханша үйден шығып, Яношты шақырады:

– Яношка, күшін қайда сақтайтынын сұрап білдім, – деп бәрін айтып береді. Янош атқораға барып құлынға былай дейді

– Күшін қайда сақтайтынын қарашы: Орманда күміс түкті аю бар. Күнде тал түсте алтын бұлаққа су ішуге барады. Сол аюды атып, басын қақ жарса, ішінен қабан атып шығады. Қабанды атып, басын екіге бөлсе, ішінен қоян атып шығады. Қоянды атса, басынан қобдиша шығады. Сонын ішінде тоғыз сона бар. Күші – солар. Кобдишаны соналар өлетіндей быт-шыт қылса, айдаһардың шыбын құрлы күші қалмайды.

– Онда Яношка, бір сажын ағашты өртеп, үш қолтық ағаштың шоғын әкел.

Яношка жүгіріп барып, от жағады. Бір сажын ағаш жанып, қып-қызыл шоқ болады, үш қолтық ағаштың шоғын құлынға апарады. Құлын бір қолтық ағаштың шоғын жұтып жібереді. Жұтуы мұң екен, тізесінен тұрады.

– Енді мені қорадан шығар, – дейді.

Қорадан шығарады, тағы бір рет шоқтан жұтады. Жұтуы мұң екен, алтын түкті тұлпарға, таза алтын түкті, бес аяқты тұлпарға айналады.

– Яношка, енді жүгір, қоймаға бар, кілттің қайда екенін білесің өзің.

– Иә, дейді Янош

– Қоймаға бар, ілініп тұрған алтын ерді көресің, тез киін де ерді әкел, менің арқама сал. Асулы тұрған қылышты көресің, оны да ала кел.

– Янош айтқанын қылды. Ерді әкелді, қылышты байлады, киімін киді.

– Енді маған мін, жүрейік.

Жолға шығады. Орманның ортасына да жетеді. Құлын қайда бет алу керегін біледі, себебі бұл жерді жақсы таниды. Дәл аю бұлақтан су ішіп жатқанда, үстіне түседі, бұларды көріп ол ақырып, жандарына келеді.

Құлын: – Қорықпа, Янош, қайраттан, – дейді.

Аю жақындай бергенде құлын бесінші аяғымен аюды теуіп жібереді. Аю құлап түседі, Янош барып қылышымен басын қақ айырады. Ішінен қабан шығады. Ол да Яношты өлтіруге ұмтылады. Оны да құлын бесінші аяғымен теуіп салады. Аунап түседі, Янош жүгіріп барып, қылышымен басын қақ жарады. Одан қоян атып шығып, жүгіре жөнеледі, құлын одан да тез шауып барып, теуіп жібергенде, ол да аунап түседі. Оның да басын қақ жарады, ішінен қобдиша шығады. Ыршып, секіріп түседі, Янош екі үлкен тасты алып, ұрғанда, қобдишадан ештеңе қалмайды.

– Енді үйге батыл баруымызға болады, қорқатын нәрсе жоқ, – дейді.

Үйге келсе, айдаһар құлаған жерінде жатыр екен

– Янош, күшімді алдыңдар ғой. Жарайды, алсандар алындар оны, ең құрығанда өмірімді қалдыра гөр!

– Иә, қалдырам саған!

Қылышын суырып, жиырма төрт басын кесіп түсіреді. Сонда айдаһар бірден жан тапсырып, өліп кетеді.

– Ал енді Янош қалауыңды айт. Осы жерде патша болғың келе ме, бұл ел енді сенікі, ал патшаның қызын алып, еліңе қайтам десең, еркің өзінде, – дейді құлын.

Янош былай дейді:

– Елді ұсынғаныңа рақмет, менің мұнда қалғым келмейді, елге қайтқым келеді. Кәрі патшаға жаным ашиды, қызын апарғым келеді.

– Еліңе алып қайтам десең, алып кет, қазынадан ал, алтыннан көтергеніңше алып кет, мұнда аста-төк. Екеуің де арқама мініңдер, апарып салайын, – дейді.

Екеуі мінгеседі

– Ал енді көздеріңді жұмыңдар.

Көздерін жұмады. Көздерін ашып-жұмғанша патша сарайында болады.

Сарайға кіреді. Кәрі патша өлім құшағында жатыр екен.

– Мәртебелі патша, зарығып күткен қымбатты қызынды әкелдім.

– Қайда? – деп патша көзін ашады.

– Әкежан, мен мұндамын, – деп қызы әкесінің үстіне құлайды, екеуі де қуаныштан жылайды, Янош та қосыла жылайды.

Патша: – Янош ұлым, қызымды әкелдің, бүгіннен бастап осы елдің патшасы сенсің, қызымды саған берем, елімді, бәрін саған берем, – дейді.

Патша осыны айтып болып, мәңгілікке көз жұмады. Янош патшаның қызына үйленеді. Егер өмірден өтіп кетпесе, бүгін де бақытты өмір сүріп жатқан болар.

## ҚҰМАЙ (A griffmadár)

Ерте, ерте, ертеде бір үлкен тау болыпты. Болмаса, сендерге ол жайында айтып нем бар?! Сол таудың басында бір ертегідей бір ел өмір сүріпті. Сол елдің қақ ортасында патша сарайы болыпты. Сарай ішінде патша өмір сүріпті. Ал патшаның керемет көркем ұлы болыпты. Патша аң аңлауға сондай құмар екен. Патшаның ұлы бір күні көппен бірге орманды кезіп жүргенде бір теректің басына көзі түседі. Теректің басынан ғаламат үлкен құсты көзі шалады, алғашында бұлт екен деп ойлап қалады. Мылтығын алып, енді көздей бергенде, мына қызыққа құлақ түріңдер, құсқа тіл бітіп былай дейді:

– Атпа мені, өзіңмен бірге үйіңе алып қайт. Бір қанатым сынық, егер жазылып кетсем, жақсылығыңа жақсылық қайтарайын.

Ханзада үйіне қайтады. Екі арбаға жалшыларын отырғызады. Балалар, оның мәнісі былай: бір арбаның артына екінші арбаны байлайды, алдыңғы арбаға алты өгіз өңгереді. Қайта орманға қарай тартып, бағанағы құс отырған тоғайдың қасына келеді. Ханзада: „Ал, құсым, арбама мін, үйіме апарамын. Бірақ, жүрмес бұрын атыңды айт”, – дейді.



– Мен де сен секілді патшаның ұлымын. Тек менің әкем құмай құстардың патшасы.

– Онда сен құмай болдың ғой.

– Иә, дәл таптың, ханзада, мен құмаймын.

– Құмай, арбаға мінеді, астындағы екі арба ....  
Қуырып жатқандай сытырлайды. Өгіздер әрен сүйреп келеді. Үйге жеткенде құмайды қорған бақшаға кіргізеді. Құмай:

– Ханзада, ашпын, маған тамақ бер маған дейді.

– Не жегің келеді?

– Әкеңнің бір отар қойы бар ма ?

– Иә бар, бір емес он отар, – деп жауап қатады.

– Маған соның тек бірін әкел

– Қойды алып келеді. Бүтін бір отарды көзді ашып-жұмғанша жалмап қойғанын көргенде, ханзада аң-таң болады.

Ертесінде – екінші, арғысы күні үшінші отар қойды сұрайды.

– Байқа, – дейді ханзада, егер осылай бола берсе, бүтін малымызды тонап бітіресің.

– Тарылма, ханзада, – дейді құмай – жақсылыққа жақсылық бар дедім ғой. Тағы бір отарды бер, қанатым өсті.

– Ханзада тағы бір отарды айдап әкеледі. Оны да қас қағымда жұтып жібереді.

– Енді мені тында, ханзада. Арқама отыр, көзіңді жұм.

Құмай ұша жөнелді. Көз жетпейтін биікке самғайды. Құс таулардың, сайлар мен сулардың үстінен ұшады. Әлден уақытта жерге түсіп, ханзадаға былай дейді:

– Анау мыс сарайды көрдің бе?

– Көрдім,- дейді ханзада.

– Кір сонда, онда менің үлкен ағам тұрады, інің келіп тұр, маған төсегінің басындағы жейдесін бермей, мені көрмейді деп айт.

Ханзада сарайға кіріп былай дейді:

– Кіші құмай ініңіз келіп тұр, егер ағасы көргісі келсе төсегінің басындағы кір жейдесін берсін, сонда көрінеді.

Оған ағасы шамданып:

– Інімді көрмесем көрмей-ақ қояйын, ал жейдемді ешкімге бермеймін дейді.

Ханзада барып құмайға ағасының айтқанын жеткізеді.

– Жарайды, ештеңе етпес, арқама мін.

Ханзада мінеді, құмай самғай жөнеледі. Сарайдың үстінен ұшқанда сол аяғымен сарайдың төбесін ұрады, сарайдың тас-талқаны шығады. Құмай ұшып келеді. Әлден уақытта жерге түсіп, ханзадаға былай дейді:

– Анау күміс сарайды көрдің бе? Онда менің ортаншы ағам тұрады. Бар да мені осында деп айт, маған төсегінің басындағы тұз ұсатқышын берсе ғана мені көре алады.

Бұған ортаншы құмай ренжіп былай дейді:

– Інімді көрмей-ақ қояйын, тұз ұсатқышты ешкімге бермеймін

Ханзада барып құмайға ағасының айтқанын жеткізеді.

– Жарайды, ештеңе етпес, арқама мін.

Құмай әуелеп келіп, сарайды төбесінен ұрып, тас-талқанын шығарады. Ары қарай ұшып келеді. Қанша ұшқандарын білмеймін, әлден уақытта жерге түседі. Жерге аяқтарға тиісімен құмай ханзадаға:

– Анау алтын сарайды көрдің бе? Сонда менің әкем тұрады. Бар да кіші ұлың келіп тұр, мені төсегінің басындағы кішкене кітабын көрсеткенде ғана көре алады де.

– Ой, онда баруға батылым бармайды, әкең мені ұруы мүмкін.

Құмай қорықпа, бар деп жігерлендіреді. Ханзада кіріп барады, құмайдың қартайғандығы сонша, төсектен тұра алмайды екен. Ханзададан кіші ұлының сыртта тұрғанын естігенде, кәрі құмайдың көзіне жас үйіріледі.

– Бар да шақыршы ұлымды, – дейді.

– Шақыра алмаймын, төсегіңіздің басындағы кішкене кітабыңызды берсеңіз ғана, ұлыңызды көре аласыз.

– Ештеңе жоқ, ұлым, кел де жастығымның астынан ал.

Ханзада алып, қалтасына салып шығып кетеді. Құмайға: – Кітапты алдым,- дейді

– Алсаң, салып қой. Енді жүрейік.

Сарайға кіреді. Екі құмай бір-бірін көріп, қуаныштан көздерінен жас саулайды, ханзада су алып кетер деп қорқады. Қауышып, мауқын басқан соң, асқа отырады. Ханзада:

– Қымбатты қыраным, сен мені мұнда әкелдің-ақ, бірақ мен енді үйге қайта алмаймын ғой.

– Ештеңе етпес, үш күн осында бол, содан соң жеткізіп саламын.

Үш күн өткен соң, құмай:

– Ал, ханзада, арқама мін, үйіңе жеткізіп салайын. Ал ана кішкене кітапты үйіңе жеткенше ашпа. Түсіндің бе?

– Түсіндім, – дейді ханзада.

Жолға шығады. Ханзада еліне әбден жақындап қалғанды, бұл кітаптың ішінде не болуы мүмкін деп, қалтасынан алып, құмайға білдірмей ашады. Мына қызықты тыңдаңдар, кітап екіге айырылып, ішінен жүздеп алтын жалды тұлпарлар, қой, ісектер

ағылады. Кішкене кітаптан шыққан малдын санында шек жоқ. Жан-жаққа шұбырып барады. Құмай лезде патшаны жерге түсіріп:

– Сөзіме құлақ аспадың, енді шамаң жетсе, малынды жинап ал. Қолыңнен келгенін қыл, – деп ұшып кетеді, ханзаданы айдалада қалдырады.

Көңілі бұзылып, қайғырып қайда барарын білмейді. Сөйтіп мұңайып отырғанда көктен түскені әлде жерден өскені белгісіз бір адам алдынан пайда бола кетеді:

– Мал бытырап кетті деп ешқашан қайғырма, ханзада. Мен оларды тауып, бір-біріне қосам, тек маған ешқашан үйленбеймін деп уәде бер.

Ханзада уәде береді, ал адам бар малды тауып, басын қосады. Жылқы, қой, ісектің санында шек жоқ. Патша сарайында және бүкіл патшалықта үлкен қуаныш, думан болады. Думандатып жүріп, патша уәдесін ұмытып, көрші қызға некелесіп, сақина салып қояды. Сақина салған соң, қонақтар тойға жиналады. Сарай қонаққа лық толады. Олардың арасынан ханзада үйленбеймін деп уәде берген адамның келе жатқанын байқайды. Жақсылап көз салса, әлгінің екі құлағының жанында екі мүйізі, артында құйрығы көрінеді. Біз де білеміз, бұл анық шайтан. Ханзада шошып кетеді, бір атқа қарғып мініп, шаба жөнеледі, шайтан болса соңынан қуып

келеді. Бір шарапханаға келіп, терезесін қағып, айғайлайды:

– Шарапшы, бір құмыра шарап бер.

– Кіріңіз, ханзада, – дейді танып.

– Кіруге мұршам жоқ, соңымнан шайтан қуып келеді.

– Ештеңе етпейді. Менің бір ешкім бар, ол шайтанды жеті шақырым жерден сезіп, бақырады.

Бұған иланған ханзада кіріп, түнеп қалады. Таңғы асын ішер-ішпесте ешкі бақырады.

– Ал, қаш, ханзада – дейді шарапханашы, – шайтан келе жатыр.

Ханзада жолға жиналады, шарапханашының әйелі оған сүлгі ұсынып: – Қымбатты ханзада, жуынар болсаңыз, мына сүлгімен сүртініңіз, – дейді.

Ханзада алғысын айтып, атқа қонады. Жеті күн, жеті түн демалмастан шабады. Тағы бір шарапханаға келіп, айғай салады:

– Ей, шарапханашы, бір құмыра шарап бер, шөлдеп тұрмын дейді. Шарапханашы ханзаданы тани кетеді

– О, қымбатты ханзада, шаршап-шалдығып тұрсыз. Бізге кіріп, демалыңыз.

– Кіре алмаймын, себебі соңымнан шайтан қуып келеді.

– Кіріңіз, – дейді шарапханашы, менін шайтанды жеті шақырым жерден сезіп, мөңірейтін сиырым бар.

Ханзада кіріп, кешкі ас ішеді. Түнөп қалады. Таңсәріде оянады. Таңғы ас ішеді. Тамағын жеп бола бергенде, сиыр мөңіреп қоя береді. Шарапханашы:

– Шайтан келеді, қашыңыз, ханзада, тезірек, – дейді.

Атқа міне бергенде, шарапханашының әйелі жүгіріп шығады. Ол да алдыңғы шарапханашының әйеліндей сүлгі сыйлайды:

– Алыңыз, жуынар болсаңыз, сүртінесіз.

Ханзада алғысын айтып, атқа қонады. Жеті күн, жеті түн демалмастан шабады. Тағы бір шарапханаға келіп, есігін қағады:

– Ей, шарапханашы, бір құмыра шарап бер, шөлдеп тұрмын, – дейді. Бұл шарапханашы да ханзаданы танып, ішке шақырады.

– Кіріңіз, ханзада, – дейді шарапханашы – Менін шайтанды жеті шақырым жерден сезіп, өкіретін өгізім бар.

Ханзада кіріп, ұйықтап қалады. Танертең ерте тұрады, себебі әуелгі екі оқиғадан шайтанның ерте келетінін біледі. Жуынып бола бергенде, шарапханашының әйелі сүлгі әкеледі. Сүртінеді,

бірақ таңғы асқа отыра алмайды, өгіздің өкіруі сондай, қора дірілдейді.

– Ал, қашыңыз, ханзада

Қаша жөнеледі. Біраз жерге дейін жеткенде, сүлгісін қалдырып кеткендігі есіне түседі. Барып алып, алдыңғы екеуіне қосып қояды. Жеті күн, жеті түн шабады. Жолында шарапханаға да, ауылға да, үйге кез болмайды, бір орманның ортасынан шығады. Шарашағандығы сондай, ары қарай жүруге шамасы жетпейді. Атын отқа қойып, өзі ұйықтап кетеді. Үш сүлгіні басына жастап, тәтті ұйқыға кетеді.

Танертең оянса, күн арқан бойы көтеріліпті. Басына жастаған үш сүлгіні іздейді. Мына қызықты тыңдандар, еш жерде жоқ. Үш сүлгінің орнына үш ит жатыр, оларды көріп, қорқып кетеді. Бір ит тұрып былай дейді:

– Қорықпа ханзада, біз саған тимейміз, сені шайтаннан қоримыз. Атымызды білгенің жөн. Мен Таудан ауыр, темірден берікпін.

– Мен Өткір көзбін, – дейді екінші ит.

– Мен Саққұлақпын, – дейді үшінші.

Батыр бұған қайраттанып, атын ұстап, шылбырынан тартып орманнан алып шығады. Жүре-жүре бір лашыққа кез болады. Жолда келе жатқаныма апта болды, осында паналағаным дұрыс болар дей-



ді. Ішке кіреді. Лашықтың ішінде бір кемпір отыр екен. Кәрі кемпір ыңырсып:

– Ханзада, не ғып жол кезіп жүрсің?

– Ханзада аң аулай шыққанын, біраз демалғысы келетінін айтады.

– Менде демал, міне қалың орман, аң аула, – дейді кемпір.

Ханзада сонда қалады, жайлы жайғасады. Күнде үш итімен орманға барып, аң аулайды. Бірде кемпір:

– Ханзада, мына иттерді ертпе. Олар ауыр, сенің соңыңнан жүгіре алмайды. Үйде қалдыр, оларға мен қарайын, – дейді.

Ханзада сеніп, иттерді үйде қалдырады. Аңға жалғыз шығады. Орманда бір сағат жүрді ме, жүрмеді ме, шайтан көрінеді. Ханзада қорқып кетеді, мылтығын көтеріп, бір теректің басына шығып кетеді. Шайтан теректің астында жүр:

– Ханзада, бекер қаштың, бәрібір табам сені.

– Жарайды. Мені қазір өлтіресің, білем. Соңғы рет әніме салайын.

– Ха-ха-ха! Бір ән емес, он ән салсаң да өзің білесің. Иттеріңді шақырмақсың білем. Бірақ оларды менің шешем темір қораға қамап қойған, ешқашан шыға алмайды.

Ханзада бұған шошып кетеді, айғайлайды:

– Таудан ауыр, темірден берік, Саққұлақ, Өткіркөз иттерім, келіндер, басыма қауіп төніп тұр.

Саққұлақ: – Таудан ауыр, темірден берік, өзінді қораның есігіне ұр, ханзада шақырып жатыр, – дейді.

Ол қойманын есігін бір жамбастап ұрады. Мына ғажапты тыңдаңдар, есік сықырлап, сарт етеді де, құлап түседі. Өткіркөз бірден теректің басындағы ханзаданы көреді. Үш ит солай қарай жүгіре жөнеледі. Шайтан қашпақшы болады, бірақ үш ит оны ұстап алады.

– Қымбатты қожайыным, бұған не істейік? – дейді үлкен ит.

Біраз домалатып ойнаңдар, шайнаңдар. Айтқанын істейді. Домалатып ойнайды. Саққұлақ біраз тістейді, Өткіркөз қалғанын, ал Таудан ауыр, темірден берік түгел жеп қояды. Сол мезет ханзада теректің басынан түсіп, үйіне қарай жүреді. Бірінші шарапханада – бірінші ит, екінші шарапханада – екінші ит, үшінші шарапханада үшінші ит қалады. Аттарын атап, ысқырып шақырады, бірақ шарапханашы:

– Қымбатты ханзада, оларды шақырма, себебі үш ит үш сүлгіден пайда болған, ал олар біздікі, үш шарапханашынікі, – дейді.

Ханзада болса үйіне қайтады, той жалғасады. Неке суын ішеді. Ертең сендерге де қонаққа келер.

## АҚБОЗ АТТЫҢ ҰЛЫ (Fehérlófia)

Ерте, ерте, ертеде, Оперенция теңізінің арғы жағында бір Ақбоз ат деген адам болыпты. Бірде ұлды болып, әлгі ұлы жеті жасқа дейін анасының омырауын еміпті. Бір уақытта ұлына:

– Ұлым, анау теректі көрдің бе?

– Көрдім.

– Сол теректің басына шық та, қабығын жұлып ал.

Ұлы барып, айтқанын істемек болады, алайда шамасы жетпейді. Сонда анасы тағы жеті жыл көкірегін емізеді. Содан соң одан да биік теректің қабығын жұлып алуға жұмсайды. Бала барады да жұлып алады.

Сонда Ақбоз тұрып оған:

– Ал, ұлым, енді шынымен де күштісің. Дүниені кезіп, бағыңды сына. Мен өлемін, деп, – о дүниелік боп кетеді.

Бала дүниені кезуге шығады. Екі аяғынан таусылып жүре-жүре бір ит тұмсығы өтпейтін калың орманға кез болып, ішіне кіреді. Орманды кезіп жүріп, теректі кендір қурайдай жұлып жатқан бір адамға жолығады.

– Алланың күні қайырлы болсын! – дейді Ақбоз ұлы.

– Қайырлы күн, әй, ит! Ақбоз ұлының даңқын естігемін, онымен күрескім келеді.

Екеуі күресе кетеді. Ақбоз ұлы Ағашжұларды бір айналдырып, жерге бір-ақ ұрады.

– Менен күшті екеніңді байқадым, – дейді Ағашжұлар, – Нанымызды бірге табайық, мені қызметке ал.

Ақбозұлы келіседі. Енді бұлар екеу.

Екеуі жүре-жүре тасты нан секілді үгітіп жатқан адамға жолығады.

– Алланың күні қайырлы болсын! – дейді Ақбоз ұлы.

– Қайырлы күн, әй, ит! Ақбоз ұлының даңқын естігем, онымен күрескім келеді.

– Кел ендеше, мен мұндамын.

– Күресе кетеді. Ақбоз ұлы Тасүгітерді үш-төрт айналдырып, жерге бір-ақ ұрады.

– Саған қарсы тұра алмайтынымды көрдім. Мені қызметке ал, өле-өлгенше сенімді құлың болайын, – дейді.

Ақбоз ұлы айтқанын қабыл алады. Сөйтіп үшеу болды. Жүре-жүре темірді камырдай илеп жатқан адамды көреді.

– Алланың күні қайырлы болсын! – дейді Ақбоз ұлы.

– Қайырлы күн, әй, ит! Ақбоз ұлының даңқын естігем, онымен күрескім келеді.

– Кел ендеше, мен мұндамын!

Ұзақ күресіп, бір-бірін жеңе алмайды. Ақырында Темірилер Ақбозұлын аяғынан шалып, жерге жығады. Бұған ашуланған ол, атып тұрып, Темірилерді аямай жерге ұрады, ол тұра алмай қалады. Темірилер де қызметке жалданады. Енді бұлар төртеу.

Жолда ұзақ жүреді, кеш болады. Бір лашық жасап, түнейді. Ертесінде Ақбоз ұлы Ағашжұларға былай дейді:

– Сен мұнда қал, ботқа пісір, біз аңға шығып келейік, – дейді.

Аң аулауға кетеді. Ағашжұлар ботқа пісіруге от жаға бастағанда бір кішкене шайтан пайда бола кетеді. Өзі бір қарыс, сақалы сала құлаш, жерге тиіп тұр. Ағашжұлар оны көріп, шошып кетеді, ал анау айғайлап:

– Мен Бойы бір қарыс, сақалы жеті қарыспын, ботқаны әкел, бермесең арқаңнан жеймін.

Ағашжұлар дереу береді. Бойы бір қарыс, сақалы жеті қарыс жеп болып, бос аяқты қайтарады. Достары үйге келгенде, жейтін ештеңе жоқ. Ашуланады, Ағашжұларды жақсылап сабайды, бірақ ол ботқаның қайда кеткені жайында жұмған аузын ашпайды.

Ертесінде Тасүгітер үйде қалады. Ботқаны енді пісіре бастағанда Бойы бір қарыс, сақалы жеті қарыс келіп, ботқа сұрайды:

– Егер бермесен, өзіңді жеп қоямын.

Тасүгітер бермеді, Бойы бір қарыс, сақалы жеті қарыс та онымен қалжыңдаспады, жерге бір ұрып, аяқты арқасына қойып, ботқаны жеп салды.

Қалған үшеуі үйге келе жатты. Ағашжұлар болса, Бойы бір қарыс, сақалы жеті қарыстың Тасүгітерден ботқаны тартып ап жеп қойғанын сезіп келеді.

Үшінші күні Темірилер үйде қалады. Алдыңғы екеуі оған да, Ақбоз ұлына да неге ботқасыз қалғандары туралы ләм-мим демейді.

Оған да Бойы бір қарыс, сақалы жеті қарыс келіп ботқа сұрайды, бермеген соң, жалаңаш қарнына қойып жейді. Қалған үшеуі үйге келіп, оны да жақсылап сабайды.

Ақбоз ұлы бұлардың ботқаны неге пісірмегендіктерін білмейді. Төртінші күні үйде өзі қалады. Қалған үшеуі күн бойы оған да Бойы бір қарыс, сақалы жеті қарыстың келетінін біліп күледі. Шынымен де келеді, бірақ Ақбозұлы оны сақалынан алып, бір үлкен терекке байлап қояды.

Үш жолдас үйге келсе, ботқа дайын. Тойып жеп болған соң, Ақбоз ұлы: „Жүріңдер, сендерге бірдеңе көрсетейін”, – дейді.

Оларды Бойы бір қарыс, сақалы жеті қарысты байлаған терекке алып барса, ол орнында жоқ, теректі қоса алып кетіпті. Дереу ізіне түседі. Жеті

күн, жеті түн жүріп бір шұңқырға кез болады. Осы шұңқырмен Бойы бір қарыс, сақалы жеті қарыс жер астына түсіп кетіпті. Не істерлерін білмейді, ойлап-ойлап, олар да жер астына түспек болады.

Ағашжұлар себет тоқып, оны ағаштын бұтақтарынан өрілген арқанға байлап, сонымен жер астына түседі. Арқанды тартса, шығарып алатындай болсын деп, бір ұшын жер үстінде қалдырады. Тереңге шаршылай түскенде, қорқып, тартқызып алдырады.

– Мен түсейін дейді Тасүгітер. Тереңнің үштен біріне жеткенде, ол да қорқып, тартқызады.

Темірилер: – Сендер қорқақ екенсіңдер. Мені түсіріңдер, – дейді. Мен мың шайтан болса да қорықпаймын, – дейді.

Жарты жолға дейін барып, ары қарай батылы жетпейді. Арқанды қозғайды, онысы „тартып алыңдар” дегені.

Ақбоз ұлы: – Мені түсіріңдер, мен де бағымды сынайын, – дейді.

Ол шынымен де қорқар емес. Жер астына түсті. Себеттен түсіп, маңайды кезуге кетті. Ары-бері жүрген соң, бір кішкене қосты көреді. Кіріп барса, кімді көргенін білесіңдер ме? Бойы бір қарыс, сақалы жеті қарысты көреді, пештің қуысында сақалын маймен сылап отыр, алдына отты ботқа пісіп тұр.

– Ал, бір қарыс, – дейді Ақбоз ұлы. Бұрын менің ботқамды қарныма қойып жегің келіп еді, енді мен сенің ботқанды қарныңа қойып жеймін.

Солай деп, Бойы бір қарыс, сақалы жеті қарысты жерге алып ұрып, қарнына ботқаны құйып, жеп алды. Сонан соң үйден алып шығып, терекке байлап, өзі кетіп қалады.

Жүре-жүре айналасын мыс орман қоршаған мыс даладағы бір қамалға кез болады. Көре салып, ішіне кіреді. Ішінде ай десе аузы, күн десе көзі бар бір ханша отыр екен, ол жер үстінен келген бұны көріп шошып кетеді.

– Жер үстінің адамы құс қанаты жетпейтін бұл жерде не іздеп жүрсің?

– Біле білсең мен бір шайтанды қуып жүріп осында тап болдым.

– О, бейбақ! Менің күйеуім үш басты айдаһар, үйге келсе, сені өлтіреді. Тезірек жасырын!

– Жасырынбаймын, мен онымен айқасамын

Сол мезет айдаһар пайда бола кетеді. – Ит, қазір сен өлесің, кел мыс шабындығыма, айқасайық!

Екеуі айқаса кетеді. Ақбоз ұлы айдаһарды жерге алып ұрады, үш басын түгел кесіп алып, ханшаға барып, былай дейді:

– Мен сені азат еттім, менімен жер үстіне жүр

– О, мейірімді, азат етушім, – деп жауап береді ханша, - менің мұнда екі әпкем бар еді, оларды



да айдаһар ұрлап әкеткен, соларды да азат етші, ақысына әкем ең әдемі қызын және патшалығының жартысын береді.

– Қарсылығым жоқ, жүр, іздейік.

Іздеуге шығады. Жүре-жүре айналасын күміс орман көмкерген күміс жазықта тұрған қамалға кез болады. Онда әлгіндегі ханшадан да сұлу ханша отыр екен. Ол қорқып кетіп, былай деп айғайлайды:

– Жер үстінің адамы құс қанаты жетпейтін бұл жерде не іздеп жүрсің?

– Сені азат етуге келдім.

– Онда бекер арамтер болғансың, себебі менің күйеуім жеті басты айдаһар, үйге келсе, бытшытыңды шығарады.

Айтып бола бере, жеті басты айдаһар пайда бола кетеді:

– Ей, ит, менің інімді өлтірген сенсің ғой, сол үшін де өлуің керек. Кел күміс шабындығыма, айқасайық.

Екеуі ұзақ айқасады, соңында Ақбоз ұлы жеңеді, жерге айдаһарды бір-ақ ұрып, жеті басын бірдей кесіп алады. Екі ханшаны алып, үшеуі жолға шығады, соңғы ханшаны құтқармақ. Жүре-жүре алтын орман көмкерген алтын жазықта тұрған қамалға кез болады. Ақбоз ұлы екі ханшаны жасырып, өзі қамалға кіріп кетеді. Ханша мұны көріп, қорқыныштан өле жаздайды.

– Құс қанаты жетпейтін бұл жерде не іздеп жүрсін? – деп сұрайды.

– Сені азат еткелі келдім, – деп жауап береді Ақбозұлы.

– Онда, босқа шаршапсың, себебі менің күйеуім он екі басты айдаһар, үйге келсе парша-паршаңды шығарады.

Айтып болуы мұң екен, какпа қатты гүрсілдейді:

– Бұл менің күйеуім бұздығанымен қақпаны ұрып жатқан, -дейді ханша, өзі он екі шақырым жерде тұр өзі. Қас-қағымда-ақ мұнда келеді. Жылдам жасырын.

Ақбоз ұлы жасырынып үлгермейді, айдаһар баса-көктеп кіріп келеді. Ақбоз ұлын бірден тани кетеді:

– Ит, сен мұндамысың. Екі інімді өлтірдің. Мын жаның болса да, өлуге тиіссің. Кел менің алтын шабындығыма, күресейік.

Екеуі ұзақ айқасады, бір-бірін жеңе алмайды. Ақыры айдаһар Ақбоз ұлын жерге тізеге дейін кіргізеді. Ақбоз ұлы қайта атқып тұрып, айдаһарды ұрғанда, ол беліне дейін жерге кіреді. Ол атып тұрады, Ақбоз ұлын иығына дейін жерге кіргізеді, бұл тағы атқып шығып айдаһарды ұрғанда, онын басы ғана көрінеді. Сонда Ақбоз ұлы қылышын алып айдаһардың он екі басын түгел кесіп салады.

Сонан соң, үш ханшамен қамалға қайтады. Жер астына түскен себетке келеді, төртеуі бірдей

отыруға тырысады, бірақ одан ештеңе шықпайды. Ақбоз ұлы үш ханшаны бір-бірлеп жер үстіне себетпен көтеріп шығарады. Енді өзі себетті күтіп тұрған. Үш күн, үш түн күтеді. Өмірінің акырына дейін күтер еді. Жер үстіндегі үш қызметші үш ханшаны көтеріп алған соң, өздері үш ханшаға үйленбек болады. Ақбоз ұлына себетті жібермейді, жер астында қалсын дейді. Ақбоз ұлы күтуден әбден жалығып, сол жерден мұнайып жүріп кетеді. Біраз жүрген соң, қатты сел жауады. Ол жалма-жан шөпке тығылады, барібір әбден су болады. Үстіне қалқа болатын бірдеңе іздеп жүріп, үш балапан паналаған самұрықтың ұясын көзі шалады. Теріп алған шөптерді балапандардың үстіне жабады. Әлден уақытта кәрі самұрық та келеді.

– Сендерді кім жапқан? – деп сұрайды ұлдарынан.

– Айтпаймыз, себебі сен оны өлтіресің.

– Мен оған тимеймін, керісінше алғысымды айтпақпын.

– Анау бұтақтың жанында, жанбыр жауып біткенін күтіп тұр, үстіміздегі құрақты қайтып алмақ.

Самұрық бұтақтың жанына барып, Ақбоз ұлынан былай деп сұрайды:

– Балапандарымды өлімнен құтқарып қалдың, жақсылығыңды немен қайтарайын?

– Ештеңе де керек емес, – деп жауап қайырады Ақбоз ұлы.

– Бір тілегінді айт, алғыссыз кетуге болмайды.

– Онда мені жер үстіне алып шық.

– Егер басқа біреу тілесе, бір сағат та өмір сүрмес еді. Сен үшін орындайын. Бар да алты нан, алты кабат май алып кел. Нанды сол жамбасыңа, майды оң жамбасыңа байла. Оңға бұрылсам, бір нанды, солға бұрылсам бір майды аузыма салып отыр. Егер салмасаң, жерге түсесің.

Ақбоз ұлы самұрық айтқандай етеді. Жер үстіне ұшып кетеді. Біраз ұшқан соң, құмай оңға бұрылады. Ақбоз ұлы аузына нан салады. Солға бұрылғанда май салады. Көп ұзамай тағы бір нан, тағы бір май жейді, сөйтіп соңғысын да жеп бітіреді. Жер үсті көрініп қалды. Құмай солға бұрылғанда, Ақбоз ұлы қылышымен сол қолын кесіп самұрықтың аузына салады. Оңға бұрылғанда, оң аяғын кесіп береді.

Осыларды жеп болғанда, жер үстіне де жетеді. Бірақ Ақбоз ұлы ешқайда жылжи алмай жерде жа-тады, себебі аяқ-қолы жоқ.

Сонда самұрық қанатынын астынан бір құмыра шарап алып шығып, Ақбоз ұлына береді:

– Аяқ-қолыңды аузыма салып бердің, сол жақсылығың үшін, міне, шарап, іш, – дейді

Ақбоз ұлы ішеді. Айтса адам сенбейді, бір сәтте аяқ-қолы қайта өсіп шыға келеді. Оның үстіне күші жеті есе артты.

Құмай кері жер астына ұшып кетеді. Ақбозұлы үш қызметшісін іздеп жолға шығады. Жүре-жүре бір табынға кез болады. Бақташыны шақырып:

– Мына табын кімдікі? – дейді.

– Үш мырзанікі. Темірилер, Тасүгітер, Ағашжұлардікі.

– Тұратын жерлерін көрсетші.

Бақташы жол сілтеп жібереді, көп ұзамай Темірилердің сарайына келіп кіреді. Іші кірсе шыққысыз, жалтырап тұр. Темірилерді де табады, ол мұны көріп қорқып кетеді. Ақбоз ұлы оны ұстап алып, терезеден бірақ лақтырады, лезде жан тапсырады. Ханшаны алып, Тасүгітерге барып, оны да өлтіреді. Ал Ағашжұлар Ақбоз ұлының жер үстіне шыққанын естіп, қорқыныштан жүрегі жарылып өледі. Ақбозұлы үш ханшаны әкелеріне алып барды.

Қыздарын көргенде, кәрі патшаның қуанышында шек болмайды. Болған оқиғаны естіп болып, ең кішкене ханшаны жарты патшалығымен қосып Ақбоз ұлына береді. Ұлан-асыр той жасайды. Егер дүниеден өтіп кетпесе, қазір де өмір сүріп жатқан болар.

## ЖЫЛАНДАР ПАТШАСЫ (Kígyók királya)

Бұл оқиға ерте, ерте, ертеде, есте жоқ ескі замандарда болыпты. Ол кезде итмұрын майдагүл атып, көктен шұжық жауып, сүт бұлақ болып ағады екен.

Сол заманда бір жарлы өмір сүріпті, сіңірі шыққан кедей екен. Жалғыз иті, әйелі және орманның шетінде қойларын жаятын жайылымы бар екен. Ауылда кішкене лашығы бар екен, онда сирек болады, себебі әйелі де жанында жүреді екен.

Бірде иті күшіктемек болады. Жайылымға жақын жерде тас үнгір бар екен, сонда барып күшіктеуге кетеді. Жарлы ары шақырады, бері шақырады, ит келмейді. Сол замат қойшы таяғын алып, қойларын қалың орманға айдап салады. Иті мүмкін қойларға келіп қосылар деп ойлайды, себебі ит қойлармен ілесіп жүретін. Орманның арғы шетіне жетсе, орман өртеніп жатыр. Үлкен теректің жанынан әлдекімнің жылаған даусы естіледі. Қойларын тастап, солай қарай алып ұшты. Қараса, үш бұтақты қарағайдың үстінен ақ айдарлы жылан жылап тұр. Даусы аянышты, себебі қарағайдың діңі өртеніп, оттан шыға алмай тұр. Жарлы өткір балтасын алып, ұзын құрғақ қарағайдың бұтағын шауып, жыланға созады. Сөйтіп жыланды оттан алып шығады. Сонда жылан тұрып:

– Әй, жарлы, сен мені ажалдан құтқарып қалдың, жақсылыққа жақсылық бар. Енді жер бүлдіргеннің бір жапырағын үзіп әкел.

Жарлы айтқанын істейді, жылан жапырақты алып, үш рет үрлегенде, жапырақ үш түсті сырнайға айналады. Бір бөлігі мыс, бір бөлігі күміс, бір бөлігі алтын. Жылан жарлыға:

– Әзірше міне сырнай. Біздің елімізге кел, мен жыландар патшасының ұлымын. Маған жасаған жақсылығыңның ақысын әкем төлейді. Енді тында, мен саған әкемнен не сұрау керек екенін айтайын. Әкем саған мыс, күміс, алтын, жарқыраған гауһар және ананы-мынаны беріп, бақытты етем дейді. Бірақ сен бәрінен бас тарт, тек менін айтқанымды сұра. Соны алсаң, мәңгілік бақытты боласың. Менің сөзімді қабыл алсаң да, қабыл алмасаң да, сені тек жақсылық күтіп тұр. Біздің сарайымызға жақындағанда үлкен тауды көресің. Оның түбі мәрмәр тастан, сол – менің әкемнің сарайы. Сарайға таман келгенде, байқа, әр жартастың түбінен мың-мындап жылан өріп алдыңнан шығады, бірақ сен қорықпа, сырнайды алып, үш рет үрле, мен келемін. Мен сені әбжыландардан құтқарып қалам. Менің әкемнің сарайының маңында әр түсті, ақ, қара, мыс, күміс, алтын өңірлі жыландар өріп жүреді. Сол көп жыланның ішінен мені танырсың деп ой-

лаймын, онда ештеңеден қорықпауыңа болады. Сені әкеме алып барамын, жыланның тілінде мені өрттен құтқарып қалғаның туралы айтамын. Әкем саған бәрін берем деп уәде етеді, сен одан ештеңе сұрама, тек жануарлардың тілін үйрет де. Сонымен сен мұратыңа жетесің.

Солай деп болып айдарлы жылан ғайып болады. Жарлы қойын орманнан қорасына айдап, әйеліне: „Малға кара”, – деп, итін қайта іздеуге кетеді. Жаны тыныштанбайды. Жыланның айтқаны туралы әйеліне тіс жармайды.

Қоржынын алып, жолға шығады. Итін іздеу үшін емес, жыландар патшасының сарайын іздеуге жол тартады. Үш күн дегенде мәрмәр жартасқа кез болады. Әзірге қимылдаған хайуанды көзі шалмайды, жартастың арасымен жүріп келеді. Кенет басындағы қалпағы жерге түсіп кетеді. Қалпағын алмаққа ұмтылады, бірақ қараса қалпағына топ жылан үйіріліп алыпты. Жан-жағына қарайды, жыландардай көркемді ешқайдан көрмепті. Араларында алтын айдарлы, жасыл айдарлы, күміс тәжді, алтын тәжді, үш басты және бес басты жылан да бар. Қорқып кетіп, қалтасынан кішкене сырнайын алады.

Үш рет үрлегенде, өзі ажалдан құтқарып қалған ақ айдарлы жыланның алдында тұрғанын көреді. Жы-



лан да жарлыны тани кетеді. Қуаныштан жарлыға жабыса кетеді, мойнына оралып, әкесінің сарайына қарай бастайды. Жыландар патшасының сарайына жеткен соң, жылан адамның мойнынан сусып жерге түсіп, әкесінің алдына барады. Әкесінен адамды өлтірмеуін өтінеді. Себебі ол орман өртенгенде өртен алып шығып, өлімнен сақтап қалған. Сонда ақысын өтемек болғанын айтады:

– Сізбен жай танысу үшін келді. Мен танымын, бұл бір сіңірі шыққан кедей.

Сонда жыландар патшасы:

– Қалауыңды айт, жарлы, не қаласаң да берем, менің бәріне шамам жетеді. Егер сұрауға ұялсаң, он екі арба күміс, сонша алтын, сонша гауһар беруге уәде қыламын, себебі ұлымның бағасы одан да қымбат, – дейді.

Бұған жарлы тұрып:

– Маған байлық керек емес, ақшаң болса, көп зұлым соған қызығып алдап-арбайды, ұрлайды. Егер айып етпесеңіз, маған көзге көрінбейтін байлық берсең. Мені аңдардың тілінде сөйлеуге үйрет.

– О, жарлы, мың жыл өмір сүрсең де, аңның тілін үйрене алмайсың.

Сол сәт жарлы жыландар патшасының алдына тізерлей кетіп, былай деп өтінеді:

– Тақсыр, сіздің қолыңыздан келмейтін жоқ. Бәріне де шамам жетеді деп өзің айттың ғой. Мені үйрете алатыныңды білем.

– Жарайды, дегенің болсын, маған бір жыл қымет ет. Менің сарайымның алдында үлкен тас науа бар, соған күнде елу екі шелек су құй, басқа шаруаң болмайды. Бір жыл үш күн боласың, егер бір жылға шыдай алсаң, екінші жылдың алғашқы күнінде аңдардың тілінде сөйлейсің.

Жарлы айқанын қабыл алып, шелегін алып қызметіне кіріседі. Науаға қанша су толтырса да бекер. Екінші шелек суды әкелгенде, науа ішінде бірінші шелек судан тамшы да қалмайды. Жыландар болса патшаға: „Мына адам бізді сусыз қалдырып, өлтірмекші”, – дейді. Ал жарлы болса күні бойы нәр татпай су тасумен, жыландарды суға қандырумен болады. Сонда есіне кішкентай сырнай түседі. Жыландар патшасынын ұлы келіп жәрдем берер деген үмітпен сырнайды үрлейді.

Үрлеуі сол екен, патша ұлы пайда бола кетеді:

– Не арызың бар, жарлы?

– Жарлы маңдайынын терін сүртіп, науаны қанша толтырса да, екінші шелек суды әкелсе, науада тамшы су қалмайтынын айтып шағымданады. „Мұның себебін түсіндір”, – дейді.

Жарлы, аңның тілін үйрену тесік науаны сумен толтырғанындай қиын екеніне көзің жетті ме? Науаның түбі тесік екенін байқамадың ба?

Сонда жарлы науаның тесігін бітейді. Екі шелек суды құйғанда, науа суға толады.

Сөйтіп бір жыл өтеді. Бір жыл болғанда, жыландардың айтқандарының бәрін түсінетінін байқайды. Сонда жыландар патшасы жарлыны шақырып алып, үш рет маңдайынан сипап, былай дейді:

– Бүгіннен бастап, аң біткеннің тілін түсініп, сөйлейтін боласың. Енді жөніңді біл.

Қоржынына бақадан қуырдақ, қуырылған тышқан, шегірткенің тосабын, көртышқан ... тамақ салып берді. Себебі жыландар сондай тамақ жейтін. Сөйтіп жыландар жарлыны босатып жібереді: – Егер бір затыңды ғайып етсең, кішкене сырнайынды үрле, көмекке келеміз, – дейді. Жарлы қоштасып, қосына, әйеліне келеді.

Әйелі ашуланып қарсы алады:

– Осы уақытқа дейін қайда жүрдің? Итті сонша ұзақ іздей ме екен? Ит өзі-ақ ертесінде үйге қайтып келген, сонша іздемесең де болар еді, – дейді. Адам үндемей, тыңдай береді.

Осылай күндер өтіп жатты. Бірде адам әйелімен ауылға базарға барады. Өзі айғырға мініп, әйелі

буаз биеге мінеді. Саудасын жасап болып, ауылға қайтып келе жатады. Салт атты адам әйелін жолда тастап кетеді. Буаз бие атқа былай дейді:

– Екеуміз бұл жерге тап болғанда, маған не деп уәде беріп едің? „Тірі болайын, өлі болайын, сені тастамаймын”, – деп едің ғой. Байқаймын, мені елемейсің, қожайыныңды ғана ойлайсың. Буаз екенімді көрмейсің бе, оның үстіне қожайынның әйелі де жүкті. Саған оңай, қара басыңды ғана ойлайсың.

Адам биенің айғырға не дегенін естіп, күлгені сонша, атынан аударылып түседі. Адам түрегелгенше, бие айғырды қуып жетіп тағы былай дейді:

– Егер мені тағы да осынша алысқа тастап кетсең, мен сенен қашып кетемін, – дейді.

Сонда адам тағы да ішек-сілесі қатып күліп, атына әрең мінеді. Сонда әйелі:

– Неге сонша күлдің? Атыңнан құлағанда да неге қарқылдадың?

Адам:

– Жабайы қаздардың қаңқылын естіп, мен де қарқылдадым, – дейді.

Әйелі күдіктенеді, себебі ол ешқандай қарқылды естіген жоқ. Күйеуінен тағы да: – Айт шыныңды, неге қарқылдадың? – деп сұрайды.

Адам одан әрі жақ ашпады, Қосқа жеткен соң да әйелі жолда неге күлгенін сұрап қоймады. Бірақ адам жұмған аузын ашпады, тек тыңдай берді. Әйелі күлкі туралы ұмытып кетті.

Күндер солай өтіп жатты. Бір жұмада, адам қойларын корадан шығарып, тұз береді. Тұздарды үш бұтақты қарағайдың үш бұтағының арасына қояды. Қойлар әдеттегідей солай қарай жүгіреді. Екі қара қошқар тұзға қарамай, қамыстың тамырын копарып, содан соң оны алыстан қайта қамысқа жүгіреді. Қамысты мүйізімен сүзіп, құлатпақ. Кенет сұр қой тұрып:

– Бұл іске сендер секілді қошқар емес, қолына балта ұстап, қамысты кесе алатын, екі аяқты қошқар керек, – дейді.

Бұған қошқардың бірі:

– Қамысты құлатпай тынышталмаймын. Қожайынымыз бұл қамыстың астында не бар екенін білсе, сонда бақытты болар едім. Бірақ мұнда не жасырынып жатқанын ешкімге айтуға болмайды.

Екінші қошқар:

– Мен айтайын қожайыныма, себебі мені әулиелер күніне соймақшы. Осыны пайдаланып ең болмағанда басымды аман алып қалайын.

Екінші қошқар тұрып:

– Мен қожайынымның қамысты ашқанын қаламаймын, одан да мен оны ұрып өлтіремін. Үш арба күміс, үш арба алтын және үш арба жарқыраған гауһарды оған қимаймын. Өлсем де, өзім қазып аламын. Пері Ержебетке апарып берем. Сөйтіп бақытты болам, онда мені күміс қораға қамап, алтын астаудан жегізеді, мойныма гауһардан маржан тағады.

Мұны естіп тұрған қожайын, сөйлеуге де шамасы келмей, қарқылдап күле беріп, қойлардың арасына құлайды. Қойлар тым-тырақай қаша жөнеледі. Әйелі күйеуінің жерде жатып күліп жатқанын естиді.

Ертесінде жарлы шалғысын, балтасын алып, қамысты қырқуға кіріседі. Бұны көрген үлкен қошқар аң-таң болады, қожайын не істемек? Қожайының қамысты қырқып болып, түбін қаза бастағанын көріп, қожайынды мүйізімен ұрып, құлатып түсіреді. Адам түргеліп, қойларды шарбаққа қамап, өзін ұрған қошқарды ұстап алады. Құлағына аң тілінде былай дейді:

– Қошқар, біліп қой, әулиелер күніне басқа қошқардың орнына сені соямын.

Қошқар маңырап, жылағанда, көзінің жасы селдей жауады. Қожайын оған мән бермей, қорадан жалғыз оны сүйреп алып шығады.

Қойлар орманның шетіне барып, бұтақтардың астына жасырынып, бір-бірлерімен: „Бейшара қошқар қасапшының алдына барады, сол үшін бөлек сүйреп алып кетті”, – деп сыбырласады. Жарлы қамысты қопарып, астынан мол қазынаны алады, аз-аздап үйіне тасып, оларды ақшаға айырбастап, әдемі сарай, сиыр, өгіз, ат, қодас және оларға қарайтын құлдар сатып алады. Біртіндеп байиды, бүкіл елде одан асқан бай болмайды.

Әйелі екі рет, саудаға барғанда және қойлардың арасында жатқанда неге сонша күлгенін сұраумен болады. Адам ештеңе деместен, тек тындай береді.

Күндер солай жылжып жатты. Әйелі күйеуі неге күлгенін айтпады деп, қатты ашуланып, соның кесірінен төсек тартып жатып қалады. Төсекте жатып та, әркез күйеуіне неге үш рет күлдің деп сұрауын қоймайды, айтпаса өліп қаламын дейді. Адам сонда да тіс жармайды, әйелінің бетінде қан ойнайды, өтірік ауырып жатқанын байқайды. Әйел қандай ауру болса да, күйеуі құпияны айтпайтынын көріп, егер айтпасаң, өзімді-өзім өлтірем немесе ашығып өлем дейді. Бір апта нәр татпайды. Сонда күйеуі шынымен де өліп қалар деп қорқады. Танертең құстарға су беруге шығады, құстар бидайға бас қойып, шоқып жатады. Жандарында ерттеулі есек тұр. Тауықтардың

қандай тәбетпен шоқып жатқанына қарап тұрған есек қоразға: „Ұялмайсыңдар ма, бетсіздер, бидайды сондай көңілді шоқып жатырсыңдар. Қожайынымыздың әйелі болса, төсек тартып жатыр. Менің қожайынымның әйелін аяғаным сонша, екі күн нәр татпадым”.

Сонда қораз сабанның үстіне қарғып шығып, қанаттарын қомдап, есекке былай дейді:

„Есек, сенің құлағың бекерден-бекер үлкен емес, шынымен есексің, қу әйелдің қамын үшін сонша неге ашықтың? Білсең, менің он екі әйелім бар, егер аспаннан бүркітті көзім шалса, бір шақырсам, барлығы назар аударады. Бидай шашса, мен бірекі шоқысам, барлығы жаныма келеді. Мен он екі әйеліме бұйыра аламын, ал қожайынның жалғыз әйелі бар, соған да әмірі жүрмейді. Егер мен оның орнында болсам, арқанмен сабар едім ол құды. Өзімді ешкімге басындырмаймын”.

Солай деп болып, қанатын тағы бір қомдап, бір шақырғанда, бүкіл тауық көкке қарай қалды.

„Көрдіңбе, есек? Онекеуіне қалай бұйыратыным, ал қожайынымның біреуге де бұйыра алмайтына көзің жетті ме?”

Тағы бір шақырып, көп тауықтың ішіне кіріп, бидай шоқуын жалғады.



Қожайын дәлізде тұрып қораздың есекпен не сөйлескенін естіп тұрды. Еркектік намысы келді, дереу үйге кіріп, ыдысқа сабынды су құйып, арқанды әбден сулады, сонымен әйелін соқты:

– Неге күлгенімді айтайын ба саған?

– Әйелі айт, – деді.

Тағы он рет ұрды, сонда әйелі:

– Енді ешқашан сұрамаймын сенен, өлтіре көрме, де- жалынды.

Әйелі ешқашан бұның ісіне араласпайтын болып уәде берді, себебі үйдің иесі – еркек. Сонан соң екеуі қайта жарасып, бұрынғыдан да бақытты өмір сүрді. Егер дүниеден өтіп кетпесе, қазір де өмір сүріп жатқан болар.

## ТҮС КӨРГЕН ЖІГІТ (Az álomlátó fiú)

Бағзы бір заманда бір жарлы өмір сүріпті. Он алты баласы бар екен, бәрі де ұл. Кенже ұлы бірде шешесіне:

– Асыл анам, маған шоққа қойып, тоқаш пісіріп бер, қызмет іздейін-дейді.

Шешесі тоқашты пісіреді, бала алыс жолға аттанады. Жүре-жүре жолда төрт өгізбен жалғыз жер жыртып жүрген байға кез болады.

– Қайда жол тарттың, ұлым, -деп сұрайды бай.

– Құдай бұйыртса, қызмет қылуға шықтым, мырзам.

– Онда маған кел, мына төрт өгізді айда, екеулеп жер жыртайық, – дейді.

– Байдың қамшысын алып, төрт өгізге басады, екеулеп іске кіріседі.

Бір мезет бай:

– Нәр таттың ба, -деп сұрайды.

– Байеке, жолға шыққаным отыз екі күн болды, үйден алып шыққан тоқашымды азық қып келемін, әлі де бар, – дейді.

– Көрсет, о не деген тоқаш,- дейді бай.

– Бала тоқашты алып, байға ұсынады, Алыңыз, байеке, шетінен сындырып, дәмін татыңыз дейді.

– Бай алып, сындырайын десе, шамасы жетпейді.

Ашуланып:

– Бұл не деген тоқаш, тіпті сындыра алмадым ғой, қандай нанды болсын қақ бөлетін едім, – дейді.

Сонда бала:

– Қожайыным, бұл наннан ешкім үзіп жей алмайды, себебі шешем маған пісірген. Он жылға дейін азық қыламын, қоржынымды осы тоқаш жатқанда, мен аштан өлмеймін, – деп жауап береді.

– Бұны сындыру мүмкін емес қой, – дейді бай ашуланып.

– Иә, мүмкін емес, себебі анам өз сүтіне илеген, – дейді.

Бала тоқашты қоржынына қайта салады, жер жыртып болып, екеуі үйге қайтады. Байдың әйелі „құдайдың сыйы” деп балаға өте қуанады. Қоржынына азық салады, бай балаға:

– Ұлым, тында мені. Өгіздерді жақсылып жайып кел, кеш қалма, ертең жер жыртуға барамыз, – дейді.

Бала таң атқанша өгіздерді жаяды. Екеуі өгіздерді соқаға жегіп, жер жыртуға кетеді. Үйге келген соң, бай балаға:

– Ал ұлым, кешегідей өгіздерді дер кезінде алып кел, тағы бір ауылдың жанында үлкен жеріміз бар, соны жыртып бітірейік, – дейді.

– Құдай қаласа, үйге айдап әкелем, – дейді бай.

Өгіздерді жайып кетеді. Алайда бала далада ұйықтап қалады.

Бай болса, қақпасынан мал жайғандарды көріп:  
– Менің қызметшімді көздерің шалмады ма? –  
деп сұрайды.

– Көрсек бұйырмасын, жайылып жүрген  
өгіздерінді көзіміз шалды, – дейді.

Бай ашуланып баланың соңынан іздеп, ақыры  
табады. Тауда жүр екен.

– Менімен қалжыңдайын дедің бе? – деп ұрсып,  
сабайды.

Бала болса: „Қожайыным, неге ұрасыз? Жақсы  
бір түс көріп жатыр едім, аяғына дейін көрсем еді”,  
– дейді.

– Түсінді баян қыл маған:

– Қожайыным, ол түсті басымнан кешпей, сізге  
баян қыла алмаймын, – дейді.

– Жер жыртуға бармадық, ендеше екі арбаны  
сүйре, орманға барамыз, – дейді. Екеуіне ағашты  
толтыра салған соң, бай:

– Енді құшағың жететін бір теректі тап, – дейді.

– Бала теректі тауып, айғайлайды

– Мұнда келіңіз, қожайыным, таптым, – дейді.

– Көрейік, кәне, құшақта ағашты, – дейді.

Құшақтауы сол еді, бай оның екі қолын дереу  
байлай қояды.

– Ал, бала, түсінді баян қыл, – дейді

– Қожайыным, мына жалпақ дүниеде тірі пендеге  
басымнан кешпей ол түсті айта алмаймын.

– Айтпасаң, мен сені осы жерде қалдырамын, – дейді бай.

– Қожайыным, қалдырсаң, басқа жерде емес, осы жерде қалдыр.

Байлаған күйі орманға тастап кетеді. Теректің жанында шыбын-шіркей үймелеп, қайғырып отырады. Сол мезет патшаның он екі аңшысы аң аулап жүр еді. Қас қарая бастайды. Кенет иттері балаға қарай жүгіреді. Аңшылар да қаруларын ұстап, жүгіріп жетеді.

Аңшылардың басшысы:

– Бала, сені мұнда кім байлады?

– Көрген түсіңді айтпадың деп қожайыным байлап кетті, – дейді.

– Түсіңді маған айт

– Түсімді басымнан кешпей, ешкімге айта алмаймын

– Жарайды, онда осы жерде қалдырып кетем.

– Қалдырсаң, осы жерде қалдыр

– Баланы тастап, өздері жүріп патшаға жүріп кетеді. Патша

– Ал, аңшылар, не таптыңдар?

– Патша ағзам, аңға шықтық. Иттеріміз кешке қарай жүгіріп кетті. Біз соңынан кудық. Қарасақ, бір баланы терекке байлап кетіпті. Баладан: – Сені мұнда кім байлап кетті, – деп сұрадық. – Көрген

түсім үшін, – дейді. – Түсінді маған айт, босатайын, – дедім. Бала ол түсті басымнан кешпей ешкімге айтпаймын,- деді.

Патша:

– Бас аңшы, баланы алып кел, маған түсін айтсын, – дейді.

Аңшы барып, баланы патшаның алдына алып келеді. Патша алдымен балаға тамақ береді. Тамаққа тойған соң, бала патшаға рақмет айтады

– Патша ағзам, маған қайырым жасап, орманнан алып келгеніңіз үшін Сізге мың алғыс.

– Бала, сені орманнан алып келген себебім, көрген түсің туралы білгім келді.

– Патша ағзам, өлтірсеңіз де, басымнан кешпей, жер басып жүрген тірі пендеге түсімді айта алмаймын.

– Маған, Ақ патшаға, осы сөздерді қалай батылың барып айтып тұрсың?

– Жоғары мәртебелім, мейлі ақ, мейлі қара болыңыз, түсімді баян қыла алмаймын.

– Айтпайтын болса, елу рет дүре соғындар, – деп бұйырады патша.

– Бәрібір айтпаймын, патша ағзам!

Патша ашуланып, өзі зынданға апарып, қамап тастайды. Патшаның баламен жасты қызы бар еді. Патша зынданның кілтін қызына береді, ал

ханша болса, күнде зынданға тамақ тасып, баланы тамақтандырады.

Бір күні зындандағы бала: – Мұнда келгелі дәл қазіргідей ашығып көрмеппін, – дейді.

– Әлі бұдан бетер ашығарсың. Қара патша менің әкеме бір таяқты жіберіп, қай ұшы кіші, қай ұшы үлкен деп сұрапты, егер айтпаса бүкіл патшалығымызды қырып салмақ. Патша кеңес құрып, ақылдасса, бірі былай, бірі олай дейді. Бір шешімге келер емес.

Бала зынданнан қызға:

– Сүйіктім, осыған да қайғыра ма екен. Үйіңе бар да, ұйықтаған боп жат. Әкең іздеп, саған келеді. Сонда мына ақылды айт дейді.

Дегені болады. Әкесі ашулана келеді. Мен бүйтіп қайғырып отырғанда, сен уайым-қайғысыз ұйықтап жатырсың ғой.

– Ренжіме, әке. Түс көрдім. Құдықтың басына бір қауыз апарып, суға толтырайық. Соған таяқты салайық. Кішкене басы судың бетіне шығады, үлкен басы түбіне қарай тартады.

Патша дереу құдық басына қауыз апарып, суға толтырады. Ауыр басы су түбіне батады. Патша таяқты суда қалдырып, кенесшілерін құдық басына шақырып алады.

– Қарандар, міне, таяқты айналдырғандарына үш күн болды. Қай ұшы кіші, қай ұшы үлкен екенін

әлі айта алмай отырсыңдар. Енді мен сендерге көрсетейін. Сендерге босқа ақы төлеп отырмын. Түк бітірместен, неғұрлым көп ақы алуды ғана ойлайсыңдар.

Солай деп хауыздан таяқты алып шығып, кіші басына мөр басып, жанына қара патшаға арнап хат жазады: „Қара патша, менің ақылым таяқтың қай ұшы үлкен, қай ұшы кіші екеніне ғана жетеді” – деп ойлама.

„Байқаймын, ақылың бар. Бұл сенің ақылың емес. Тағы бір рет сынақ жіберемін”, – деп Қара патша бір енеден туған үш құлын жібереді.

„Үш күннің ішінде қайсысы кіші екенін айтпасаң, еліңді түгел қырып саламын” – дейді.

„Үш құлыныңды жібер ендеше, көрейін”, – дейді Ақ патша.

Патша кеңесшілерін қайта шақырады. Қайсысы кіші, қайсысы үлкен деп кеңеседі. Ақ патша кеңесшілеріне: „Байқандар бұл сендерге таяқ емес. Мына үш құлын үлкенірек сынақ” – дейді.

Ханша тағы да жігітке тамақ апарды.

– Ой, жаным, сондай ашықтым, – дейді жігіт.

– Қарның әлі бұдан бетер ашатын болады, – дейді.

– Жаным, мені азықтандырып жүрсің, бұлай тамақтандырғаннан, тамақ бермегенің дұрыс болар.



– Неге?

– Қазір біздің уайымымыз көбейіп тұр. Себебі қара патша бізге енді үш құлын жіберді. Егер әкем қайсысы үлкен, қайсысы ортаңғы, қайсысы кіші екенін айтпаса, біздің елімізді түгел қырып салмақ.

– Ой, жаным, – дейді жігіт, үйіңе бар да, өткендегідей ұйықта. Әкең сені іздеп келеді. Аяғындағы етігімен жерді тепкілеп: „Қымбатты қызым, біздің уайымымыз көбейіп тұрғанда, сен қалай ұйықтай аласың? – дейді. Сонда сен әкеңе: „Әкежаным, ана жігіт маған оларды атқораға қамап, бір астауды арпаға, екінші астауды тарыға, үшінші астауды сүтке толтырыңдар. Үлкені арпаға, ортаншысы тарыға, кішісі сүтке қарай жүгіреді”, – деп айт.

Үш құлынды атқораға кіргізіп, айтқанын істейді. Үшеуінің басына үлкен, ортаншы, кіші деген таңба басады. Құлындарды Қара патшаға жіберіп Ақ патша:

– Байқауымша, бұл сенің ақылыңа да, кеңесшілеріңнің ақылына да келмеген іс. Саған тағы бір сынақ жіберемін. Әулиелер мейрамында азаңда тұр, жуынып-шайынып, дұға оқы. Шіркеуге бар, мен шіркеуді қоңырауын тартқанда, сен де қоңыраулат, шіркеуден мен қайтқанда сен де шіркеуіңнен қайт. Дастарханға отырып, асты

шаншығанда сен садақпен сол асты атып, қабырғаға жабыстыр. Егер осы айтқандарымды істей алмасаң, еліңмен қоса қырып салам, – дейді.

Мақұл, – дейді Ақ патша, – мынауың таяқтан да, үш құлыннан да асып түсті. Патша қалың уайымға батты, шынымен де қатты қайғырды. Аспазы не бір дәмді тамақ пісірсе де, дәм татпады.

Аспаз:

– Патша ағзам, пісіргенімді неге жемейсіз? – деп сұрайды.

Ханшайым тағы жігітке барады:

Жаным, мен әбден ашықтым, – дейді ол.

– Енді бұдан бетер ашығуың мүмкін, себебі Қара патша әкеме „Әулиелер мейрамының алғашқы күні азанда тұрып, жуынып-шайынып, дұға оқы. Қара патша шіркеуді қоңыраулатқанда, Ақ патша қоныраулатсын, Шіркеуге бір уақытта барып, бір уақытта қайтсын. Бір мезгілде дастарханға отырып, Қара патша астан алғанда, Ақ патша садақпен сол асты атып, қабырғаға жабыстырсын. Егер осы айтқандарымды істей алмасаң, еліңмен қоса қырып салам” – деп хат жазды.

Бұған жігіт:

– Жаным, бұған менен басқаның ақылы жетпейді. Үйіңе бар да, төсегіңе жат. Тағы да әкең іздеп келеді.

– Айтқанындай, әкесі есігін ашып, аяғымен жер тепкілегенде, етігі жыртылардай болады.

– Сүйікті қызым, сен қайтіп ұйықтап жатырсың?

– Аса қадірлі патша әкем, түсімде өзің зынданға салған баланы көрдім. Одан басқа ешкім көмектесе алмайды.

Патша: Қараңдар барып, сүйегі ғана қалған шығар. Қыз барып жігітті зынданнан шығарып алады. Бейшара жігіт қурайдай боп солыпты. Патша оны көріп...

– Ал, бала, патшаның асын ата аласың ба?

– Ата алам, мәртебелі патша. Енді мен патша ағзамға „дүниеде бар ұстаның барлығын осы жерге әкел” деп бұйырамын. Бүкіл халық жиналып, тас, лай тасысын. Жүз құлаш биік тас баған тұрғызсын.

Жүз құлаш биік тас бағанды тұрғызады. Әулиелер мейрамының сенбісінде патша жігітке былай дейді:

– Ал, жігітім, былай деп сөз байласайық. Айтқаныңды істей алсаң, мен саған патшалығымның жартысын, өлген соң түгелімен саған қалдырамын.

Әулиелер мейрамы да келіп жетеді. Бірінші күні жігіт тас бағанға шығып:

– Ал, Ақ патша, тұр, себебі Қара патша да тұрды. Киін, жуын, дұға оқы. Қоңыраулат, ол да қоңыраулатты.

Екі патша бір уақытта қоңыраулатып, бір уақытта шіркеуге барады. Жігіт бағаннан:

– Қайт, қара патша да қайтып келе жатыр. Дастарханыңды жай, ол да жайды.

Біз мезгілде асқа отырады. Қара патша астан бір қасық ала бергенде, жігіт жебесімен асын атып жібергенде, ол қабырғаға барып оқпен бірге жабысып қалады.

Қара патша басы айналып, есі танып құлап түседі. Ел у-шу, азан-қазан, патшайым қорқып, қатты қайғырады. Патшаға суық су сеуіп, жуындыра бастағанда, патшаның есі кіріп:

– Жебе маған тигенде, өліп кетер едім. Әй, Ақ патша, бұл сенің тапқан ақылың емес. Мен саған хат жазайын. Бұл істі қолымен жасаған адамның өзі келсін, – дейді.

Хат келеді. Ақ патша оқыса, күйеу баласын шақырыпты. Патша күйеу баласын айырылдым деп қайғыға батады. Күйеу:

– Мәртебелі патша әкем, қайғырмаңыз, әскерлеріңіздің арасынан мен секілді он бір жігітті таңдап алыңыз.

Дабыл қаққанда, бүкіл әскері жиналады. Күйеу жігіт олардың арасынан қасы-көзі, жүріс-тұрысы дәл өзі секілді он бір жігітті жанына алады.

– Мәртебелі патша, мына он бір жігітті мен секілді киіндір. Менің атым секілді атқа қондыр.

Сөйтіп олар Қара патшаға жол тартады. Жолда оларға: „Жеткен соң, бәріміз бірдей сәлем беріп, бірдей аттан түсеміз”, – деп ақыл үйретеді.

Үйге бәрі бірдей кіріп келіп, бірдей отырады. Бірдей асқа отырып, бірдей тұрады, бірдей патшаға сәлем беріп, бірдей қонақ бөлме сұрайды.

Жігіттер кірген бетте Қара патша: „Мұнда от жағуға бір кемпірді жіберіңдер” – дейді.

Жігіттер бәрі бірдей:

– Қуана жібереміз, – дейді.

Ақ патша кәрі кемпірге

– Сен, кәрі албасты, таңертең мыналардың қайсысы патша екенін айтпасаң, күліңді желге ұшырам дейді.

Кемпір ханзаданы байқап қалып, шапанының етегімен қайшымен кесіп қояды. Үйден шығып, қара патшаға келеді.

Патша, ханзаданы белгілеп қойдым. Шапанының оң етегін кестім.

Ханзада белгіленгенін байқап, басқа жігіттердің шапандарының етегін өзінікіндей қайшымен кесіп қояды.

Бәрі бірдей Қара патшамен қош айтысып, бірдей жолға тұрысады. Әскердің бірі:

– Әй, бір тойғанамыз-ай, – дейді.

Екінші бірі де:

– Әй, тойғанымз-ай, – дейді.

Ханзада:

– Ас болсын. Неге сонша қарықсындар? Ана сүтіне иленген нан жеп, адам қанына ашыталған шарап ішіп, ит емген қойдың етін жедіңдер.

Мұны мыстан кемпір естіп тұрады. Патшаға барып:

– Аналарды бекер күткенсің, мазақтап, күліп кетіп барады дейді.

– Не деп мазақтады?

– Ана сүтіне иленген нан, адам қанына ашыталған шарап, ит емген қойдың етін беріпсің.

Қара патша аналарды қуып жетіп, хат тапсырады. „Мені мазақ қылып сөз айтқан адам алдыма келсін” – дейді. Ханзада кері бұрылып патшаға келеді.

– Қайырлы күн, патша ағзам.

– Қош келдің! Мен сендерді жолда мазақ қылғандарың үшін шақырдым.

– Мәртебелі патша, айтқанымыз ақиқат. Наубайшыңызды шақырып, сұраңыз, – дейді.

Наубайшы келеді.

– Сен қандай нан пісіргенсің? Қожайының қайда? – дейді.

– Мәртебелі патшам, қожайыным үш апта сырқат. Мен бала емізуші едім, біраз сүтім таба нанға тамып кеткен еді, – дейді.

Шарапшысын шақырады:

– Шарапшы, қандай шарап әкелгенсің, – дейді.

– Мәртебелі патша, бөшкеге бармағымның басын ұрып алып едім. Біраз қаным тамып, саусағым сонда болуы мүмкін, – дейді.

Қасапшысын шақырады.

– Қасапшы, сен қандай қойды әкелгенсің?

– Мәртебелі марзам, ең жақсысын әкел деп бұйырып едіңіз. Итім күшіктегенде, қойым да қоздап еді. Қозының енесі өліп, итіме еміздіріп өсіріп едім.

– Мәртебелі мырзам, айтқандарым шын ғой. Ал енді өзіңіз кімнен туғаныңызды анаңыздан сұраңыз, – дейді.

Қара патша шешесіне барады.

– Мен кімнен тудым, шеше?

– Ұлым, сен бір сорлысың. Немістен туғансың.

Патша сонша ашуланып, басын жерге ұрып, өліп қалады. Ханзада еліне келіп, Ақ патша күйеу баласына ұлан-асыр той жасайды. Ас мол болады, сол күні дастарханнан сорпа ішкенде арман жоқ.

Аңыздар Денеш Лендьелдің «Ескі мадьяр аңыздары» деген жинағынан алынды. Будапешт, Мора баспасы, 1996 (Lengyel Dénes. Régi magyar mondák. Budapest, Móra Könyvkiadó, 1996)

Ал мажар халық ертегілері «Мадьяр халық ертегілері» деген кітаптың I және II томдарынан алынды. Құрастырғандар: Дьюла Ортутаи , Линда Дегх, Агнеш Ковач, Будапешт. Көркем әдебиет баспасы. 1960 (Magyar népmesék I-II. szerk.: Ortutay Gyula, Kovács Ágnes, Dégh Linda. Budapest, Szépirodalmi Könyvkiadó, 1960)

*Кітапта мажар халқының атына байланысты екі түрлі «мадьяр» және «мажар» деген атаудың қолданылу себебі, бұл халық өздерін «мадьяр» деп атаса, қазақтар оларды басқа да түркі халықтары секілді «мажар» дейді.*



**Раушангүл Мұқышева**  
*ф.ғ.к., Сегед университеті Алтаистика*  
*кафедрасының қазақ тілі лекторы*

## **“Ғажайып бұғы”**

### **Мажар аңыздарындағы ғұндар мен сақтар мәдениетінің іздері**

Көп мажар аңыздарында мажарлар скифтер мен мен ғұндардың тікелей ұрпақтары ретінде баяндалады. Скифтер мәдениеті мажар топырағында қандай із қалдырған? Олардың аң стиліндегі зергерлік бұйымдары Мажар елі орналасқан Карпат ойпатында да молынан табылған. Аң стилінің далалық көшпенді өмір салтына байланысты туғаны белгілі. Көшпенділердің дүниеге көзқарасы, наным-сенімінен туған аңыз-ертегілерде олар осы аңдарға табынған. Қиял әлемінде суреттелген аңдар тотемдік сипатта болған. Оны жыл санауымызға дейінгі бірінші мыңжылдықтың басынан Ішкі Азиядан бастап Карпат ойпатына дейін созылған далада көшіп-қонған көшпенді тайпалардан қалған археологиялық қазбалардан көреміз. Мәселен, Тува Республикасының Монғолияға жақын Аржан ауылының маңынан табылған скиф мәдениетінің ескерткіштеріне ұқсас қола мен алтын бұйымдар,

ат-әбзелдері орта Тиса аймағынан (Марошчапо, Вихаругра, Фүгөд, Прудь, Бешеньсөг-Фокору) да табылды. Олардың Ішкі Азиядан келгені анық. Карпатқа дейін созылған далада атты көшпенділер осындай ат-әбзелдерін пайдаланған. Бұл стиль батысқа қарай жылжып, Қара теңіз жанындағы далалы аймақ, ал одан Карпат ойпатына дейін жеткен.

„Аң стилін қалыптастырған халықтардың аты, өмір салты туралы жазып қалдырғын – грек тарихшысы Геродот (жыл санауымызға дейінгі 484-425 жыл). Ол Дунайдың сағасынан Дон өзеніне дейінгі даланы Скифия деп атаған. Скифтер даласының Дон мен Еділ арасын сарматтар мекендеген. Одан оңтүстікке қарай созылған Орта Азия даласын сақтар, яғни азиялық скифтер, билеген. Геродот Скифияда жасаған көп халықты атайды. Дунайдың арғы бетінде сигундар агатурстар сияқты шығыс халықтары мекендеген. Оларды көптеген зерттеушілер Трансильваниядағы және мажар алфөлдiсіндегі скиф заманында өмір сүрген халықтың туыстары дейді. Скифтердің тілі иран тілдері тобына жатуы мүмкін. Геродоттың пікірінше сақтарға дейін Скифияда химерлер өмір сүрген. Оларды Кавказдан оңтүстікке қарай жасаған жорықтарынан Қара теңіз маңына қайтқан Ішкі

Азия скифтері ығыстырған. Қазір осы Геродоттың айтқанынан асырып не айта аламыз? Біздің жыл санауымызға дейінгі 750 жыл шамасында Иран, Ішкі және Орта Азия элементтерін біріктірген зергерлік өнерден классикалық, ерекше сипатты сақ мәдениеті пайда болды. Оның ескерткіштері Кубань өзені маңындағы жазықта, Азау теңізі және Днепр жағасындағы қорғандардан табылды. Ол зергерлік бұйымдардың бір бөлігі жыл санауымызға дейінгі алтыншы ғасырда Қара теңіздің солтүстік жағасындағы гректердің отардағы қалаларының, ең алдымен Олбиа шеберханаларының, скиф билеушілеріне арнап жасаған заттары болуы әбден ықтимал,” – дейді Тибор Кеменцзеи (Кеменцзеи, 12). Карпат ойпатында скифтердің заттық мәдениетінің негізгі бөлігі саналатын аң стиліндегі әшекей бұйымдар, қару-жарақ және ат әбзелдерінің бөлшектері табылған. Тапиоселе, Матраселе, Сентеш-Векерцугта табылған археологиялық қазбалар – осының дәлелдері. 1964 жылы Трансильванияда Надьтарчада скиф мәдениетіне қатысты тендесі жоқ заттар табылды. Олар – шаманның құрал жабдықтары (Кеменцзеи, 14).

Мажар ғалымдары Азиядағы сақтар мен сол замандағы Карпат ойпатын мекендеген халықтардың байланысы, тарихы туралы ертеден

айналысып келеді. Скифия, Трансильвания және мажар алфөлдiсiнен табылған археологиялық ескерткiштердiң ұқсастығы туралы көптеген мақалалар, кiтаптар жазылды. Орта ғасырлардың басынан берi сақтарды мажарлардың ұрпағы санаған дәстүр бар болатын. Мажар жылнамашыларының iшiнде бiрiншi болып Анонимус 1200 жылдар шамасында жазған жылнамасында мажарларды скифтердiң ұрпақтары деп атайды. Мажарлардың Скифиядағы атамекенi туралы жазбаларды Шимон Кезаи 1282-85 жылдар аралағында жазған хроникаларында мажарлардың ғұндардан шыққандығы туралы аңызбен толықтырды. „Ғажайып бұғы” туралы аңыз осы тарихты бейнелейдi. Бұлардың екеуiнiң де жылнамалары батыс-еуропалық үлгiнiң iзiмен жазылған олардың өз төл туындылары. Мажар жылнамашыларының еңбегiн Ласло Веспреми былай деп бағалайды: „Олар классикалық көшпендi замандағы атажұрт ұғымын нақтылап, Скифияны сипаттайтын классикалық қайнар көздердi (*Exordia Scythia*), халқымыздың ауыз әдебиетi дәстүрiн (тотем аң, ғажайып бұғы аңызы және т.б.) шығыс-еуропалық саяхатшылар баяндамаларын, сондай-ақ Жаңа Отаңға қоныстану кезiндегi батыс жазбаларын, соның iшiнде Регино деректерiн, әлем жылнамаларын өндеп, мажар

тарихи хронологиясын жасауға барлық күш-жігерін жұмсады” (Веспреми, 115).

Ғажайып бұғы туралы аңыздың мажар ұлтының тарихындағы маңызы зор. Фодор Иштван мажарлардың ұлт ретінде қалыптасуының, сақталуының негізгі алғы шарттары ретінде мажар тілі мен этникалық санасы дейді. Этникалық сананың маңызды белгісі – шығу тек туралы түсінік дәстүрі (Фодор, *Көне мажарлардың этникалық санасы және Ғажайып бұғы*, 11). Мажарлардың шығу тектері туралы аңыздары – турул мен бұғыға байланысты аңыздар. Мажар мәдениетінде тотем аң-құстарға турул құс пен бұғы жатады. Турулдың тотемдік мағынаға ие болуы бұғыға қарағанда едәуір кешірек, мажарлардың бергі тарихына қатысты болса керек деген пікірлер бар. Алайда мажар ғалымы Иштван Фодор мажар аңызындағы секілді әйелді ұрықтандырған құстан тараған қырғыз руы мен алғашқы бурят шаманы туралы аңыздарды алға тартып, мажар аңызының тарихы тереңде жатқандығына меңзейді (Фодор, *Жаңа Отанға қоныстанушы бабаларымыздың наным-сеніміндегі бүркіттің рөлі*, 35). Турул мажар аңыздарында Арпад әулетінің шығу тарихына байланысты көрінсе, ғажайып бұғы мажар халқының шығу тегіне байланысты айтылған. Бұл

аңыз мажар ұлтының қалыптасу кезінде VI-IX ғасырларда көптеген бұғыны қуу аңыздарының ішінен ерекшеленіп шыққан деген пікір бар (Фодор, *Көне мажарлардың этникалық санасы және Ғажайып бұғы*, 11). Себебі бұғы соңынан қууға байланысты аңыздар тек мажарларда ғана емес, әлемнің көптеген халықтарында бар. Бірақ мажар ұлтының қалыптасқан уақытынан бастап ілесіп, бірге жасасып келе жатқан аңызды мажар ғалымдары өз халықтарының шығу тегімен тікелей байланыстырады.

Мажар археологтары осы аңыз бен Монғолиядан Мажарстанға дейін созылған Еуразия далаларында табылған сақтар мәдениетінің археологиялық мұралары арасынан байланыс табады. „Скифтердің археологиялық ескерткіштеріне деген қызығушылық 1928 жылы Мезокерестеш-Зөлдхаломпустада және 1923 жылы Тапиосентмартон шетінде табылған алтыннан жасалған бұғы бейнелері табылған соң арта түсті. Бұл екі мұрада ескі скиф-грек өнерінің іздері көрінеді. Өмірі үшін жанталасқан аңның бейнесі скиф мәдениетіндегі алдыңғы азиялық, ирандық мотив саналады”, – дейді Тибор Кеменцзеи (Кеменцзеи 13). Тапиосентмартон бұғысы – аяғын бауырына жиып, ұшуға, яғни желуге талпынған

бұғы. Бұғының мұндай бейнесі сақтар мәдениетінде жиі кездеседі.

Бұғы бейнесі VIII ғасырдан кейін Қара теңізден солтүстікке қарайғы жерлерді скифтер, азиялық сақтар, сарматтардың ата-бабалары және Еуразия далаларында мекен еткен басқа халықтар арасында кеңінен тарайды. „Бұғы бейнесінің жиілігі шаруашылықта қолданылуы немесе басқа да материалдық себептерге байланысты емес. Менің пікірімше бұл құбылыстың себебін сол кездегі халықтардың наным-сенімінен іздегендер ақиқатқа бір табан жақын болады. Көптеген ғалымдар *ұшып бара жатқан* немесе *көк бұғысының* суреттелуі скифтер мәдениетінде бұл жануардың тотемдік мәнге ие болғандығынан деген ой айтады. Бұл пайымды тіл білімі иран тілді скифтер өздерін *сака* (szaka) деп атаған, бұл сөздің мағынасы *сақа* „бұғы” немесе „бұғылар елі” дегенді білдіреді деп қуаттайды. Алайда бұл пікірдің қарсыластарының да шындыққа саятын түсіндірме бере алмағаны рас. Бұғы бейнелерінің орасан зор аумақта таралуы, түр жағынан скифтер мен сақтар тұрған өңірлердегі бұл бейнелердің өте жоғары деңгейдегі өзара ұқсастығы таң қаларлық. (Фодор, *Көне мажарлардың этникалық санасы және Ғажайып бұғы*, 12)

Ғалымның пікірінше скифтердің бұғы тектері туралы дәстүрлі нанымдарына қатысты кейінгі уақытта да сахарада кең жайылған осы тотем жануардан өздерін таратын аңыздар легі Христосқа дейінгі VIII-III ғасырларда, скифтер заманында, пайда болып, таралған: „Ол тек этникалық мағынадағы еуропалық және азиялық скифтерде ғана емес, сондай-ақ даладағы және орманды далалардағы халықтардың барлығында түгелдей дерлік болған. Және оның кең таралуына сол кездегі жағдай, сол дәуірдің алғашқы ғасырларында далалы және орманды далаларда үстем болған атты көшпенділік өмір салты шешуші себеп болды. Осы шаруашылық тәсілі қатысты түрде қысқа уақытта орасан зор аумақтың материалдық мәдениетін таңқаларлықтай біркелкі етті, оны археологиялық қазбалар анық дәлелдейді. Жаңа өмір салты тек материалдық мәдениетті бір сипатты етіп қана қойған жоқ, сонымен қатар наным-сенімнің көптеген ұқсас белгі, элементтері де осы аумақтың әр түрлі халықтары арасында кең таралды. Міне сол кезде далада бұғының тотем ата-тек ретіндегі қасиеттелуі жалпылай сипат алып, соған байланысты аңыздар таралуы мүмкін” (Фодор, *Көне мажарлардың этникалық санасы және Ғажайып бұғы аңызы*, 13).



Біршама мажардың аңыздары мен жырлары мажар жылнамашыларының жазып қалдырғандары негізінде де жазылды. Солардың бірі де бірегейі Аноним немесе Анонимус Бела корольдің (III Бела) аты белгісіз жазушысының туындыларының маңызы зор. Ол баяндаған осы жинақта келтірген *Мажарлардың шығу тегі* туралы аңызға назар аударайық:

„Көптеген ғасырлар бұрын адамдардың күнәларының көбейгені сонша, қасқырлар сияқты өмір сүріпті. Құдай оларды жазалап жерге орасан зор топан су жіберіпті. Сол топан судан барлық адамдар қырылып, тек Нұх пен оның үйелмені қалған екен.

Нұхтың үш ұлы болыпты: Шем, Кам және Йафет . Осылардан топан судан соң жетпіс екі ру ел тарапты. Үш ұлдан тараған рулар жаһанның әр Француздар Йафеттің үлкен ұлынан тарайды және Троя қаласы қираған соң бірінші болып Паннонияға келіпті дейді [...].

Йафеттің кіші ұлынан Менрот деген дәу тарайды. Бұл дәу Құдай тағы да топан су жіберер деп, барлық туыстарын жинап, солармен бірге орасан алып мұнара салуға кіріседі. Топан су қаптаса сол мұнараға шығып аман қалмақ болады.

Бірақ мұнараны тұрғыза алмайды, себебі Құдай мұнара салушылардың тілін шатастырып жібереді. Тіпті туыстардың өзі бір-бірлерін түсінуден қалады. Сондықтан Менрот халқы әлемнің әр тарабына шашырап кетеді.

Менрот өзі тілі шатасқан уақыттан соң Парсы еліне кетеді. Онда жүріп бір сұлу қызбен танысады, аты Енех (ана бұғы дегенді білдіреді) екен. Сол қызға үйленіп, ол дүниеге екі ұл әкеледі. Оның бірінің аты – Хунор, екіншісінің аты Мадьяр еді, солардан ғұндар мен мадьярлар тарайды” (Лендъел, 7).

Жылнамашы мажарларды ата жағынан – Інжілдегі Нұхтан, ана жағынан тотем жануар ене бұғыдан таратады, яғни екі наным-сенім христиандық пен пұтқа табынушылық араласып кеткен. Бұғыға байланысты мотив бұдан кейінгі кезеңдерде де мажарлардың аңыз әлемінде үзбей бейнеленіп отырады.

Анонимустан кейін Кезаи Шимон 1282-1285 жылдары жазған жылнамасында ғұндар туралы аңыздарды одан әрі толықтырады. Бірінші кітабында ғұн Аттиланың өліміне және патшалығының жойылуына дейінгі тарихты, екінші кітабында мажарлардың Еуропаға қоныстануынан 1280-жылға дейінгі тарихты қамтыған.

Кезаидың жазбаларында Еуропаға коныс аударған мажарлардың өздерінің тектеріне байланысты екі ағайында Хунор мен Магорға жол көрсеткен, жаңа мекен тауып берген ғажайып бұғы туралы өздерімен Шығыстан алып келген аңыздары да бар. Ол да біздің аударма жинағымызда келтірілді. Кезаи Шимонның аңызындағы және *Суретті жылнамадағы (Képes Krónika)* және *Буда жылнамасындағы* ғажайып бұғы аңыздары бір-бірінен азды-көпті ауытқығанына карамастан, мазмұны жағынан өте ұқсас.

„Шимон Кезаи *Ғажайып бұғы* туралы аңызды VI ғасырдағы равенналық епископ Йорданестің тарихи еңбегіндегі әпсананы сол кездегі мажар халық ауыз әдебиетіне лайықтап жазған. Мажарлардың ғұндардан шыққандығы туралы аңызды көптеген ортағасырлық жылнама, *Вена суретті жылнамасы*, *Буда жылнамасы*, *Янош Туроци және Бонфини жылнамалары*, сондай-ақ Иштван Вербөцидің 1517 жылғы *Мажар ақсүйектерінің дәстүрлі құқығының Үш кітабы (Tripartitum opus iuris consuetudinarii inclyti regni Hungariae)* да келтіреді. Сөйтіп бұл жылнамашы мажарлардың атамекені Скифия, ал тегі ғұн дегенді мажар ақсүйектерінің санасында тектілік ұғым ретінде қалыптастырды. 19 ғасырда дау-дамайға толы болса да, бұл таным кең тарады” (Кеменцеи, 13).

Ғұндардың мажарларға қатысы қандай десек, ол туралы академик Анраш Рона-Таш былай дейді: „Христостың тууынан кейінгі 375-ші жылы ғаламат өзгерістер басталды. Сол кезде Еділді бір халық кешіп өтті, көп ұзамай оларды Еуропада ғұн атымен тани бастады. Сөйтіп далада иран дәуірі аяқталады, олардан Шығыс Еуропа даласында иран тілді халық аландар және біздің ястарымыздың ата-бабалары бүгінгі осетиндер, қалды.

Ғұндардың тілі әлі күнге дейін жұмбақ, ғұн тілінен қалған үш-ақ сөзден *sztraba*, *medosz*, *kamon* (*sztraba* – страба, қайтыс болған адамға берілетін ас, *medosz*, яғни *mézsör* - бал сырасы, *kamon*- тары сырасы) ешқандай байсалды тұжырым жасай алмаймыз. Ғұндар империясының негізгі күшін готтар құрағанын да білеміз. Аттила деген аттың өзі готтікі. Мажарлар осы кезде ғұндармен кездесуі ықтимал. Бұл байланыс аса тығыз болуы мүмкін емес еді, себебі ғұндар Карпат ойпатына кірген соң, көп ұзамай Еуропадағы әскери шайқастарын бастайды. 451 жылы Францияда, қазіргі Тулузда, Каталаунум шайқасы болады. Келер жылы Рим патшасы Лео папаны Римге қарай баса-көктеп келе жатқан Аттиланы тоқтатуға жібереді. Лео папа Аттиланы тоқтатады.

453 жылы Аттила күтпеген жерден қаза табады, империясы құлайды. Барлығы 80 жылға созылған

ғұндардың даладағы билігі әп-сәтте қирады. Алайда Аттила туралы аңыз қалды. Одан кейін тарихи шындыққа қатысы бар-жоқтығына қарамастан, барлық дала билеушісі Аттиланы өз бабасы тұтты. Бұл далалық дәстүр мажарлар мен болгарларда да болып, Шыңғыс хан заманына дейін жалғасты.

Ғұн империясының қалдықтары Кавказдан солтүстікке қарай ығысты, даланың келесі билеушілері түркілер болды.

Аттиланың қазасынан кейін бірнеше жылдан соң, грек қайнар көздері жаңа, сол кезде әлі танылмаған халықтардың назарларына іліккенін жазады. Бұлар түрік тілді халықтар және олар ғұндардың ұрпақтары екендіктерін дәлелдеді де” (Рона-Таш, 17).

Ортағасырлық мажар жылнамашылары ғұн-мажар дәстүрін сөз еткенде мажарлардың ешқандай төл жазба ескеткіштеріне сүйенбеген, олардың тек батыстың әдеби дәстүрінен (мәселен, *Нибелунгтер туралы жыр*) білгендерін негізге алған, алайда сол кездегі мажардың тарихи жырларында Аттила есімі аталуы мүмкін (Веспреми, 104-105).

Ғұндардың тарихы мен мәдениеті туралы сөйлегенде Аттила туралы айтпай кетуге болмайды. Мажарларда эпос қалмаған. Біздің аударма жинағымыздағы ежелгі мажар аңыздарына үңілсек,

ғұндар патшасы Аттила бейнесі әділетті, ержүрек, адал қаһарман ретінде суреттеледі.

Мажардың тарихи аңыздарында Аттила бауыры Буданы Тиса мен Дунайдың аралығын мекендеген халықтың билеушісі етіп сайлайды. Осыдан кейін өзін күллі ғұндардың патшасы, бүкіләлемдік қорқыныш, Құдай қамшысы деп атауды бұйырады.

„Аттила қанды шайқаста жүргенде, Буда елдің шығыс бөлігін билеп тұрған еді. Екеуі патшалықты әділдікпен бөліп алған болатын, бірақ Буда адалдықты ұмытып, шекарадан асып кетеді. Оған қоса Сикамбрия қаласын бекітіп, оған өз атын беріп Обуда деп атайды.

Мұны естіген Аттила дереу әскерімен Сикамбрияға жетіп, туған бауырын өз қолымен өлтіреді. Буданың мүрдесін Дунайға лақтырып жібереді, Сикамбрия қаласын өз атымен атайды”.

Мажар әдебиеті тарихында Аттила образына мажар ақын-жазушылары, тарихшылары жиі айналып соғып отырған. Мәселен, барокко заманында Аттила көптеген мажар қаламгерлерінің туындыларына арқау болды (Сөреньи, 99). Мажарлардың Аттила туралы эпостары қалмаған. Ал 19 ғасырдағы мажар әдебиетінде романтизм өкілдері эпикалық жанрларды қайта тірілтуге тырысқан. Солардың бірі – Янош Арань. Ол

Аттиланың тағдырына қатысты *Буданың өлімі* деген поэма жазды.

Арань Янош Мажар Ғылым Академиясының Надашди стипендиясын алуға *Буда өлімі* поэмасын жібереді. 1857 жылы граф Ференц Надашди бес мың форинтқа қор құрып, соған жиналған ақшаны мажар тарихына арналған поэмаларға бермек боп шешеді. Янош Аронь поэмасын әділ-қазылар алқасы тек қана жақсы бағалап қойған жоқ, ең таңдаулы эпикалық поэмалардың қатарынан орын алуға лайық деп шешеді. Ақынның мажарлардың жоғалтып алған ертедегі эпостарын қайта тірілтуге талпынысын жоғары бағалайды.

*Буда өлімінің* қолжазбасында 1862 жылдың ақпаны мен 1863 жылдың наурызы арасында жазылған деген жазба бар. Ақынның мақсаты мажардың ескі тарихын жазу, аңғал ұлттық эпосты қайта жандандыру. Әуелде Михаи Вөрөшмарти және реформа уақытындағы романтиканың ізімен мажарлардың Еуропаға көшуі барысындағы шайқастарды суреттеуге талпынды. Сол кездегі тарих ғылымы ғұндар мен мажарлардың туыстығын мойындаса, Янош Арань соны өз поэмасымен бекітуге күш салды.

Анонимус, Кезаи, Туроцилердің ескі тарихи жазбаларын, Арнольд Ипоидін *Мажар мифило-*

гиясын, Франция тарихшысы Тьерри Амаденің Аттила туралы зерттеулерімен егжей-тегжейлі танысты. Ақынды парсы шайыры Фирдоусидің *Шах-намесі де шабыттандырды*. Иран және Тұран халықтарының бірнеше ұрпақтарының бір-бірімен шайқасын ғұн-неміс күресімен салыстырды.

Әуелде Янош Арань ғұндар туралы эпосты трилогия болады деп жоспарлады (Саудер, 221). Бірінші бөлім: Етеле (Аттила) және Буданың өзара қақтығысы; екінші: Етеленің құдіретті билігінің бітетінін айтқан болжамдар және ұлы Чабаның ер жетуі; үшінші: Етеленің өлімі және ғұндар мен оларға бағынған халықтардың арасындағы қақтығыс, Чабаның қашуы мен кейінірек қайтып оралуы болуы керек еді. Осы оқиғалардың қазығы Аттиланың інісін өлтіруі және осы үшін азап шегуі болып, Детренін сатқындық әрекеттері осы оқиғаларды жеделдетуі керек-ті. Трилогия мажарлардың жаңа қонысқа көшуімен, яғни Чаба мажарларының қайтып оралуымен аяқталады деп көзделген. Негізінен бұл оқиғалар осы аударма жинағымыздағы аңыздарда да біршама баяндалады.

Алайда ақын дйттеген мақсатына жетпеді. Тек бірінші бөлім толық жазылып, *Буда өлімі* деген атқа ие болды.

Буда патша інісі Аттиламен билігін бөліседі: «Інім сен қылыш бол, Мен таяқ болғаймын,



Тәңірім жақсылыққа жақсылық жолдайды». Алайда биліктен бас тарту тыныштыққа емес, екі ағайын елдің арасындағы араздыққа себеп болады. Етелеге көктен түскен белгі бар. Ол – әлемді билеуге түсірілген ғұндардың ғажайып қылышы. Бұл қылышты бір сиыршы тауып Етелеге тапсырады. Осы аңыз Йорданес жылнамасының негізінде біздің аударма жинағымызда келтірілді. Янош Арань поэмасында ғұндардың тәңірі Етелеге күдіретті қылышты бергенде: «Бұл қылышпен жер бетіндегі халықтың бәрін билейсің, бірақ ең алдымен сен өзінді билеуің керек», – деген шарт қояды. Алайда Аттила бұл шартты орындай алмайды, оған ағасы Будданы өлтіруі дәлел.

Оқиғаның шиеленісуіне кезінде тұтқынға түскен гот Детренің екі ағайынның арасында араздық отын жағуы де себеп болады. „Ежелгі дұшпан ел болмас”, – дегендей, Детренің мақсаты күшті ғұн империясының құлауы болатын, ол мақсатына жетті де.

Янош Арань Буда мен Аттилань араздығын сөз ету арқылы, мажар ұлтының бірлікке мұқтаждығын жеткізгісі келеді. Детренің аярлығын байқамаған ұлттың қаперсіздігін, жаудың қайдан келетінін аңғармағандығын сынайды. Сөйтіп поэмада Буданын салған қамалы ағайын араздығының

канына малынады. Дьөндьвердін қарғысы қамал кірпіштерінің арасына қаланып қалады. «*Hogy mily nagy az ország, s kicsiny az ő fészki*– Аясы кең елімнің ұясы тар», – дейді Янош Арань (Арань, 225). Ұлтты құтқаратын – бірлік деген ой – поэманың басты ойы.

Поэманың алтыншы жыры – *Ғажайып бұғы*. Ол осы аңыздар жинағында келтірілген аңыздың (бұғының соңынан қуған Хунор мен Магордың жаңа мекенді табуы) негізінде жазылған көркем туынды.

Алғаш рет мажар аңыздарының негізгі қайнар көздеріне, жылнамалар (хроникалар) және халық дәстүріне, XVIII ғасырда ағартушылық дәуірінде назар аударыла бастады. XIX ғасырда аңыздар өнер мен әдебиет сахнасының ортасында болды. Янош Арань, сондай-ақ Михай Вөрөшмартидің эпикалық және драмалық шығармаларының, Шандор Петөфи, және Михай Томпаның көптеген поэмалары көне мажар аңыздарының негізінде жазылды. Мор Йокаи, Кальман Миксат және Геза Гардони секілді мажар классиктерінің тарихи романдары мажар аңыздары мен халық поэзиясынан бастау алды. Аңыздарды балаларға лайықтап жазуда Елек Бенедек және Ференц Мора секілді жазушылар ерекше шеберлік танытты. Ақын-жазушылар халық

ауыз әдебиетінің таза бұлағынан сусындады. Олар аңыздардың түпнұсқасын, жылнамалардың латын тілді басылымдарын, халық поэзиясының шынайы нұсқаларын пайдаланды.

Денеш Лендьел мажар этнографиясы мен әдебиеттануының назарына іліккен, мажар ұлттық мәдениеті үшін маңызды саналатын аңыздарды таңдап, әуелгі түпнұсқа мәтіндерді көркем әдебиеттің деңгейінде қайта әңгімелеген. Олар мажардың көне тарихынан бастап Матьяш корольдің өліміне дейінгі аңыздар. Алайда біз бұл жинаққа мажарлардың Азиядан басталып, жаңа Отандарына қоныстануы тарихын қоса, Денеш Лендьел сұрыптап, әдеби нұсқалаған аңыздарды таңдадық. Себебі мажар халқының Азиядағы көне тарихы, көшпенді түркілермен бірге көршілес өмір сүрген уақыттағы тарихы, мен тағдыры біздің оқырманға едәуір жақын. Автор кей тұстарда бір үлкен аңызға бірнеше шағын аңызды сыйдырып жіберген. Алайда бүкіл жинақты бойлай бір стиль, бір эпикалық баяндау тәсілі бар. Түркітанушы Адам Молнардың редакторлығымен мажар халқының көне тарихы, діні және халық дәстүрі бойынша салмақты зерттеулер 2005 жылдан бастап *«Ғажайып бұғы. Көне тарих, дін және халық дәстүрі»* (Csodaszarvas. *Őstörténet, vallás és nép-*

*hagyomány*. Budapest, Molnár kiadó) атты жинақ ретінде басылды. Әзірге төрт томы жарық көрді. Мажар ұлттық санасы, оның маңызды түсініктері, тіл, дәстүр тарихы, аңыз дүниесі, наным-сенімі – барлығы осы жинақта егжей-тегжейлі зерттелген. Негізінен осы жинақты басшылыққа ала отырып, біз мажар аңыздарының мажар халқының мәдениет тарихындағы рөлі және олардың көркемдік әлемі туралы сөз қозғауға талпындық. Мажар ғылымында бұл тақырыптарға том-том кітаптар, ғылыми зерттеулер арналған. Олардың өз алдына бөлек тарихы бар. Бір мақалада осы ұшан-теңіз ғылымды түгелдей түгендеп шығу мүмкін емес. Алдағы уақытта сол зерттеулерге тереңірек бойлайтын боламыз.

### **Пайдаланған әдебиет:**

1. Арань Янош = Arany János (1864) *Buda halála – Буда өлімі*. Pest
2. Веспреми Ласло = Veszprémi László. *A magyar őstörténet és a honfoglalás a középkori magyar krónikákban – Мажар жылнамаларындағы мажардың көне тарихы және Жаңа Отанға қоныстану*. Csodaszarvas. I. kötet (ред. Молнар Адам) 97-116
3. Кеменцзеи Тибор = Kemenczei Tibor (2003) *Szkitak az Alföldtől Ázsiáig – Сақтар Альфөлдтен Азияға дейін* = Historia, 7. 11-15

4. Саудер Йожеф = Szauder József (1961) *XIX ғасырдағы мажар әдебиеті* = Klaniczay Tibor, Szauder József, Szabolcsi Miklós. *Kis magyar irodalom történet – Мажар әдебиетінің қысқа тарихы*. Budapest: Gondolat

5. Лендьел Денеш = Lengyel Dénes (1996) *Régi magyar mondak – Ескі мажар аңыздары*. Budapest: Móra

6. Рона-Таш Андраш (2008) *Мыңжылдықтар мінберіндегі мажарлар* (Nép és Nyelv: Magyarság kialakulása) (Раушангүл Зақанқызының Ак. А. Рона-Ташпен сұхбаты) Ана тілі, 51. 17 б.

7. Сөреньи Ласло = Szörényi László (2012) *Attila ábrázolása a közép-európai barokk költészetben és történetírásban – Орталық Еуропаның барокко поэзиясындағы және тарихнамасындағы Аттиланьң бейнесі*. Csodaszarvas. IV kötet (ред. Молнар Адам) 99-109

8. Фодор Иштван = Fodor István (2006) *Az ősmagyarország etnikai tudata és a Csodaszarvas-monda – Көне мажарлардың этникалық санасы және Ғажайып бұғы*. Csodaszarvas. II.kötet (ред. Молнар Адам) 9-37 Budapest: Molnár Kiadó

9. Фодор Иштван = Fodor István (2012) *A sas szerepe honfoglalóink hitvilágában – Жаңа Отанға қоныстанушы бабаларымыздың наным-сеніміндегі бүркіттің рөлі*. Csodaszarvas. IV.kötet kötet (ред. Молнар Адам). 27-46. Budapest: Molnár Kiadó

**Раушангүл Мұқышева**  
*ф.ғ.к., Сегед университеті Алтайстика*  
*кафедрасының қазақ тілі лекторы*

### **Көшпендінің жаны**

**Мажар халық ертегілеріндегі көне дүниетаным**

**«Біз осы мажарлар кімдерміз? Қайдан келдік? Бұл жерге, қазіргі Мажарстан жеріне, сондай жат халықтар ортасына қалай тап болдық? Расында да біздің болмысымыз көрші халықтардан басқа. ...Біздің алабөтендігіміздің себебі неде? Тіліміздің өзгешелігі, ой-санамыздың ерекшелігі неден?» (Шандор Шоймошшидың «Жезтұмсық және мифтердің туыстығы» кітабына жазылған алғысөзден)**

Өздерін фино-угорлықтармыз деп дәлелдеген, Еуропаға он екі ғасыр бұрын Азиядан келгендіктерін білетін мажарлар күні бүгінге дейін осы сұрақтардың төңірегінде ой толғайды. Мажар тарихшылары, әдебиетшілері, философтары, этнографтары осы мәселелер бойынша тапқан жаңалықтарына қанағат тұтқан емес. Өз тектерін іздеп, өткендерін түгендегенде алтай халықтарының тарихы мен мәдени мұрасына туыс халықтар деп жүгінін отырады. Бұған мажар аңыз-ертегілеріндегі көне дүниетаным мен алтай халықтарының рухани әлемінің тұтастығы себеп болса керек.

## «Көкке жетер ағаш»

Мажар халық поэтикасында жер-дүниенің образы жүйелі бейнеленген. Ондағы негізгі түсініктердің бірі – «*дүние ортасы*». Мажарлар «*дүние*» мен «*жер*» сөзін алмастырып қолдана береді. Яғни, «*жер ортасы*» десе де болады.

Мажар халық әндерінде «*жер ортасы*» – табиғаты көркем жер немесе қала орналасқан жер. Көп әндерде «*жер ортасы*» – туған жер, атамекен. Ол – молшылықтың, шад-шадыман өмірдің мекені, қазақша айтсақ «*жерұйық*». Әйгілі мажар фольклортанушысы Янош Верзе Надь мынадай пікір айтады: «Азиядағы көне түркі тайпалары жерді адамға ұқсатып, оның ортасын «*жер кіндігі*» деп атаған» (Верзе Надь 1961:45) Ғалымның пікірінше басқа халықтарға осы ұғым түркілерден көшкен.

Қорқыт туралы мифті шамандық дүниетаным тұрғысынан талдай келе, С. Қасқабасов «*жер кіндігі*» туралы былай дейді: «Мұнымен қатар төрт бұрышты ғалам орталығы- жер кіндігі- бар, ол Қорқыт туралы мифте Сырдария өзенінде орналасқан. Аз өзгеріске ұшыраған архаикалық мифтерде хаостың реттелген ғарыштық әлемге айналу барысында әлемдік мұхитта пайда болған алғашқы төмпешік жер кіндігі делінеді. Осы орайда

Г.Н. Потаниннің Корқыт мифіне қатысты айтқан ойы қызықты: «Аңыздың негізінде жер немесе мұхит ортасы жер кіндігі, козғалмайтын табыт туралы белгілі бір дерек (астрономиялық болуы мүмкін ) жатса керек» (Каскабасов 2000: 326).

Осы «жер кіндігі» мен көкті жалғап тұратын, көкті тіреп тұратын «дүние ағашы» («мировое дерево») бар. Оны мажарлар «дүние діңгегі» деп те айтады. Мажар аңыз-ертегілерінде оның басы көкке жетіп, басында жердегі сияқты өмірге жол ашылады. Тамыры жер астындағы тозақта болады. Теректің рухы бар делінеді. Бұл образды мажар ғалымдары алтай халықтарынан келген деп түсіндіреді.

Түркі халықтарында қасиетті ағашқа байланысты наным-сенімдер, мифтік сюжеттер мол. Академик Радлов сібір түркілерінің бір аңызы бойынша Қайра ханның тоғыз бұтақты ағашы болып, оның әр бұтағында бір адамнан жаратылған және алтай халықтарының ата-бабалары солар екен дейді. (В. Радлов 1893:4). Қазақтар мен қырғыздар шөл далада өсіп тұрған жалғыз ағашты қасиеттеп, әулие ағашқа шүберек байлайды. Шоқан бұл туралы «Тәңірі-құдай» еңбегінде жазған болатын.

Дүние ағашы көп мажар ертегілерінде кездеседі. Сонын ішіндегі ең әйгілісі – «Көкке жетер ағаш» ертегісі. Ертегіде бір патша таңертең оянса,



сарайының алдында басы көкке кеткен алма ағашы өсіп тұрады. Ол ағаш танертең гүлдеп, түсте жеміс беріп, кешке жемісі пісіп қояды екен. Патша еліне мынадай жарлық береді: «Кімде-кім осы тоғайдың алмасын маған әкеліп берсе, оған қызымды және патшалығымның жартысын, өлген соң түгелімен беремін». Патша жеті жыл қатты сырқат еді. Бір кәрі кемпір: «Егер есігіңнің алдына алма ағашы өсіп, соның жемісін жесең, ауруыңнан құлан-таза айығасың», – дейді. Ағаштың басына патшаның Янчи деген шошқа бағушысы шығады. Үш күн ағаш басына өрмелеп, жетінші бұтағына жеткенде басқышқа кез болып, ары қарай жеңіл көтеріледі. Ағаштын басында, көкте де, жердегідей өмір бар екен. Янчи бір сарайға кез болып, онда айдаһардың тұтқынында отырған қызды құтқарады.

Янош Верзе Надь: «Көкке жетер ағаш мажар дүниетанымына орта ғасырдағы кодекстер арқылы енген жоқ, дұрысында оған қатысты түсініктер тобы Азиядағы көне мекенімізден келген. Онын көп көріністері халық ертегілері мен салт-дәстүрлерінде сақталған» (Верзе Надь 1961:64),- дей келе, мажар халық ертегілеріндегі көкке жетер ағаш» шаман ағашы, оны христиандық дүниетаныммен ешбір байланыстыруға болмайды деген пікір білдіреді.

Сібір халықтарының шамандығын көп зерттеген мажар ғалымы Вильмош Диосеги «Мажар

халық мәдениетіндегі шамандықтың іздері» атты еңбегінде мажар шамандығының маңызды атрибуты шаман ағашына үлкен бір тарау арнаған. Сол тарауда ел аузынан естіген мына бір әңгімені келтіреді: «Бір шаманның үлкен терегі бар екен. Шаман сол теректің астына от жағады. Түтін жел соқса да бұтақтардың арасын араламай, теректің сыртын тұтастай қаптайды. Сонда кәрі шаман теректің басына шығып, өлілермен кездесіп, сөйлеседі екен» (Диосеги 1959: 19). Диосеги бұл ағаштың шамандықты ұстайтын туыс халықтарда (туыс халықтар дегені – алтай халықтары) да кездесетінін оның екі түрі болатынын айтады бірі жай бағана терек, екіншісі басқыш терек (бұтақтары басқыштай орналасқан).

Самоед, түрік, эвенк халықтарының фольклорында бұл ағаштың бір жағында Ай, екінші жағында Күн бейнеленсе, кейбір халықтарда шаман ағашынын басына қонған құс та бар.

Шаман өрмелеп шығатын ағаш көбінде қайың ағашы екен. «Бурят шаманы киіз үйдің ортасына орманнан тамырымен қопарылған қайың ағашын бекітеді. Ағаштың басы шаңырақтан шығып тұрады. Шаман қайыңның тоғызыншы бұтағына жеткенде көктегі тәңірмен тілдеседі-мыс».

Қазақ ертегілеріне көз жіберсек, осыған ұқсас мотив жоқ емес. «Жарты Төстік» ертегісінде батырдың әкесі түбі біреу басы екеу топ бәйтеректің басына ерте шықса, түсте түсіп, түстен кейін шықса, кешке түсіп жүреді. Әкесінің бұл қылығына таң қалған баласы сол бәйтеректің басына шығуға құмар болады. Сонда көргені: «Қараса, бір көшкен ел келеді. Өңкей жас ұл қаз-қатар тұрып ән салып, өлең айтып келеді. Онын артында жас жігіт, келіншектер келеді қатар-қатар болып, онын артында шал-кемпірлер де келеді». Осы өткен дүние сағымын іздеп Жарты Төстік жер асты әлеміне түспейтін бе еді?

«Көкке жетер ағаш» ертегісіндегі шамандыққа қатысты тағы бір эпизод – жеті басты айдаһардың Янчидің денесін кескілеуі. Қызды алып қашып бара жатқан Янчиді қуып жеткен айдаһар оның денесін кескілеп тастайды. Туралған денені қызға қапқа салдырып, атқа өңгеріп, ат басын сарайға қарай бұрып қоя береді. Өзі қызды алып кете береді. Ат жолда келе жатып, шөп тістеген жыланға кездеседі. Жыланның аузындағы шөп емдік шөп болып шығады. Оны туралған денеге тигізгенде, Янчитың денесі қалыпқа келіп, ұзақ ұйқыдан оянғандай боп тұрады. Бұдан кейін Янчи өзі сол шөппен жолында

кездескеннің бәрін емдей береді, яғни, оған емшілік қасиет қонады.

Вильмош Диосеги мажар шамандығындағы шамандық қасиеттің қонуы туралы айта келіп: «Мажар ертегі қазынасында батырдың денесін жын-перілердің кескілеп, оянғанда шаман боп оянатын мотивтер көп», – дейді (Диосеги 1959: 25-26). Тап деген елді мекеннен естіген бір әңгімені келтіреді: «Ол (шамандық қонатын адам) үш күн үш түн нәр татпады. Өлердегі сияқты қорыл естілді. Үш күн үш түн денесінен қан ақты. Шаман боп оянды». Мажар халық нанымы бойынша жын-перілер (мажаршадан тура аударғанда «адамнан жоғары күштер») болашақ шаман денесін үш рет бөлшектейді. Үш күн үш түн ұйықтап шаман боп оянады.

«Рожа батыр» ертегісінде де батыр дәулерді жеңу үшін күшті осылай алады. Онда әйел басты жылан келіп, дәулер кескілеп тастаған Рожаның денесін біріктіріп, қасиетті шөппен таңып, жан дарытатын сумен шылап тірілтіп алады. Батыр бұрынғысынан жеті есе күшті боп оянады, осы әрекет үш рет қайталанады.

Қазақтың «Алтын құс» ертегісі былай дейді: «Жапырақты алып денесі мен басын қосып, жапырақпен басын үйкеп жібергенде, қатты

ұйықтап кеткен екенмін деп, жігіт басын көтере тұра келді”.

Вильмош Диосеги мажар шамандығының алтай халықтарының шамандығымен өте ұқсас екендігін шаманның өз еркімен емес, жын-перілердің қинауынан шаман болатыны, өзге адамдардан ерекше бітіммен туатыны (артық тіс, артық саусақпен туатыны) шаман ағашына өрмелеу, шаман денесін бөлшектеу, ұзақ ұйқыға кету т.т. айта келіп, осының барлығы да басқа Европадағы көрші елдерде жоқ, яғни бұлар мажарлардың Европаға көшпей тұрғандағы наным-сенім, дүниетаным белгілері деген ой түйеді.

Мажар тілінде шаман «талтош». Түркітанушы Арпад Берта бұл сөзді бүкіл түркі тілдеріндегі тал түбірінің көне түркі және қазіргі түркі тілдеріндегі семантикалық түрленуін зерттей келіп (қазақ тіліндегі *тал* етістік түбірі жайлы да жазады: „Kzk. *tal-* *padat* v *obmorok*, *poterjat* *soznanie*; *iznemogat*; *vybivatsja iz sil*; (*fig.*) *byt zastignutym vrasplohi onemet* – Берта 2001: 109), мажар тіліндегі *táltos* (*талтош*) сөзінің түркі текті болуы және „*талу*” мағынасын беретін *tal-* түркі етістігін (Ancient Turkic \**tali-*) осы сөздің ықтимал этимоны ретінде қарастыруға болады деген тұжырым айтады (Берта 2001: 113) «Талтоштың» жындарын шақыру кезінде әбден

қалжырап құлауы, талып жатып қалуы (Диосеги Бильмош бұны «шаман экстазы» дейді) осы атауға негіз болған.

### **«Кәрі заманның мифі»**

Мажар халқында эпос жоқ. Европада финдер «Калевала» эпосын тапқаннан соң, мажар әдебиетінің өкілдері халық ауыз әдебиетіне, әсіресе эпосқа ерекше назар аудара бастады. Себебі фино-угор халқы мажарларда да эпос болуға тиісті еді. Янош Арань, Андраш Дугонич, Гедеон Радаи, Бенедек Вираг, Михай Чоконаи Витез, Ендре Пазманди Хорват, Михай Вөрөшмарти сияқты ақындар мен жазушылар мажарлардың тарихы, патшалары, батырлары туралы эпос үлгісімен дастандар жазған. Мажарлардың Европаға қоныстанбай тұрғанда эпостары мол болғанына күмәндәрі болмаған бұл ақындар халық поэзиясының осы ұлы жанрын тірілтуге талаптанған. Бірақ олар тудырған шығармалар – халық ауыз әдебиетінің емес, жазба әдебиеттің туындысы еді. Көшпенділік өмір салтымен бірге эпостардың ғұмыры бірге өшкен. Олардың іздері мажар халық ертегілерінде сайрап жатыр.

Қазақ ертегісі дегенде, алдымен ойымызға келетіні – «Ер Төстік». Оны білмейтін қазақ жоқ. Ер

Төстікті ертегі десек те, эпос десек те жаңылмаймыз. Ерте уақыттарда көлемді жыр болған деседі. «Ер Төстікті» қырғыздар жыр дейді. Академик Әлкей Марғұлан ертегінің құнын, маңызын «Ежелгі жыр-аңыздар» еңбегінде дәл белгілеп кеткен «Ер Төстік» әңгімесі – қазақ елінде айтылатын ең ескі әңгіме. Ол ең мағыналы, ең сұлу жыр. Демек мұнда бір жағынан фантазия күшті болса, екінші жағынан кәрі заманның мифі» (Марғұлан). Ғалым «Ер Төстікті» гректің Иллиада, Одиссеясына ұқсата келе, сол дәуірдегі ғұн, үйсін, қаңлы, қыпшақ кезіндегі салт-сананың да жемісі екендігін айтады. Көптеген қазақ ертегілері «Ер Төстіктің» қойнауынан шыққан.

Мажар ертегілерін оқып отырып, ак. Ә. Марғұланның айтқан сөздерінің растығына күмәніміз қалмайды. Мажар ертегілерінде де Ер Төстік сынды кейіпкер (бірде Ағашжұлар, бірде Темірилер) - ерен күштің иелері. Ер Төстік Таусоғар, Саққұлақ, Көлтауысар, Желаяқ секілді достарын жер астына түскен соң тапса, мажар ертегісінің кейіпкерлері Таусоғар, Темірилер, Тасшағар, Тауүйер сияқты достарын жер үстінде кездестіреді.

Әр халық ертегілерінде кейіпкерлердің жер асты әлеміне сапары әр түрлі басталады. Қазақ ертегісінде Шалқұйрықтың шапқан салмағына шыдамай жер қақ айырылып, Ер Төстік пен Шалқұйрық жер

астына түсіп кетеді. Мажар ертегісінде кейіпкер бірде патшаның сұлу қыздарын айдаһардан құтқару үшін түссе, енді бірде, тамағын тартып ала беретін ергежейліні қуып жүріп, жер астына апаратын қуысқа түсіп кетеді. Ол ергежейлінің өзі жеті қарыс, сақалы өте ұзын болады. Енді бір қазақ ертегісінде («Аюалпаң, Судысалпаң, Тауыталпаң») сақалы бес қарыс, бойы бір тұтам Жермыстанды қуған батыр құмырсқаның жолындай ізбен жер астына түседі.

Мажар ертегісінде патшаның сұлу қыздарын құтқарып жер үстіне шықпақ болғанда, достары өздері бірінші шығып, қыздарды шығарып алып, Темірилерді жер астына қылдырып кетеді. Темірилерді жер астында жүре-жүре үлкен бәйтерекке кез болып, ондағы балапандарды жыланнан құтқарып қалады. Бұл – алтай халықтарының көбінің якут, татар, қырғыз т.б. ертегілерінде кездесетін мотив. Қазақ ертегілерінде де жиі ұжырасады. Енді осы «уақиғаның» мажар ертегісіндегі вариантынан үзінді келтірейік. Жолдастары жер үстіне шығарып алмаған соң: „... Темірилер бір жолға түсіп жүре береді. Көп ұзамай орманда өсіп тұрған биік терекке кез болады. Теректің басына шықса, ұяда гриф балапандары бар екен. Төмен қараса соңынан ұяға қарай үлкен бір жылан өрмелеп келеді. Көре салып шоқпарымен



ұрған кезде, жылан екі бөлініп жерге түседі. Бұны осылай етіп бола бергенде, қалың нөсер жауып кетеді. Темірилер балапандарды кеудесімен қалқалап құтқарып қалады. Нөсер басылған соң балапандар Темірилерге екі қатерден құтқарғаны үшін алғыс айтып, былай дейді: – Ей адамзат, сен тезірек қаш. Қазір шешеміз келсе, басың аман қалмайды. Жасырын жылдам! – дейді. Темірилер жасырынып қалады. Сол-ақ екен самұрық та жетеді. Ұясына қонған соң балапандарына: – Бөтен иісті сеземін. Кім бар мұнда? – дейді. Балапандары: – Ешкім жоқ, шеше, – дейді. – Айтыңдар, әйтпесе, сендерді де, оны да жоқ қыламын, – дейді самұрық. Сонда балапандар: – Шеше бізге де, оған да тиіспе. Теректің астына қарашы! – Нені көрдің? Самұрық жерге қараса, теректің түбінде үлкен жылан жатыр екен. – Сендердің өмірлеріңді сақтап қалған бұл батырдың заты кім болды екен? – Шеше, егер тимесең айтамыз, шақырамыз. Ол бізді жыланнан ғана емес, нөсерден де құтқарып қалды, – дейді балапандары. Самұрық: – Адамзатпысың, баскамысың, көрін көзіме, тимеймін», – дейді. Темірилер көрінеді. Самұрық: – Сен балапандарымды қос қатерден құтқарып қалдың. Көп жылдар бойы балапандарым тірі қалмай өле беретін еді. Қандай тілек айтсаң да, орындаймын. Не тілейсің менен? –

Мені жер үстіне алып шық, басқа тілек менде жоқ, – дейді. Самұрық: – Тілегің зор екен. Мақұл, екі етпеймін. Тек бір айтарым, осыдан жүре берсең, бір үйге кез боласың. Сол үйге кір де үй иесінен он екі өгіз сұрап алып кел, – дейді. Темірилер жүре-жүре сол үйді де табады. Үйге кірсе, баяғы ергежейлі отыр екен (Темірилер тамағын тартып жей берген осы ергежейліні қуып ақыры жер астына түскен болатын). Ергежейлі шошып кетеді. Темірилер: – Мен саған тимеймін, сұрағанымды берсең болды. Иә, не сұрайсың? – дейді ергежейлі. – Маған он екі өгіз бер, – дейді Темірилер. Ергежейлі: – Қораға кір де қалағаныңды ала бер, – дейді. Темірилер он екі өгізді самұрықтың ұясына қарай айдап әкеледі. Келген соң Самұрық: – Он екі өгізді сой. Бәрінің терісін тігіп суға толтыр. Етті сол қанатыма байла, суды сол қанатыма байла. Мен оңға қарағанда аузыма бір өгіз сал, солға қарағанда аузыма бір өгіз терісі суды құй. Бірақ арқамда отырғанда байқап отыр, құлап кетсең жазым боласың, – дейді. Осылай жолға аттанады. Самұрық оңға қарағанда, аузына ет салады, солға қарағанда аузына су құяды. Жер үстіне шығуға таяғанда, ет те, су да таусылады. Темірилер не істерін білмей сан етінен кесіп береді. Әбден жер үстіне таяғанда жарық түсе бастайды. Сонда Самұрық: – Ей, адам, соңғы рет аузыма не

салдың? – дейді. Сан етімнен кесіп беріп едім дейді Темірилер. – Иә, егер адам еті мұнша тәтті екенін білгенде, сені жер үстіне шығармай ақ жеп қояр едім. Енді үйіңе келген екенсің, тимей-ақ қояйын, – деп қайтып кетеді (777 мажар ертегісі: 663-664).

«Жарты Төстік» ертегісінде қырық мес ет, қырық мес су таусылғанда батыр қоң етін кесіп береді. «Аюдәуде» батыр су орнына көзін ойып беріп, ет орнына етін кесіп Семір құсты азықтандырады. «Ақ ат» деген бір мажар ертегісінде Самұрық қанатының астынан бір дәрі алып, батырдың ет кесіп алған жарасына жакқанда, түк болмағандай жазылып кетеді. «Жарты Төстікте» самұрық қайта түкіргенде батырдың еті орнына түседі. Осындай ұсақ сюжеттік детальдардың өзінен мажар ертегілерінің шығыстық табиғатын тани аламыз.

Шаман болушы мажаршадан тура аударғанда «шаманға белгіленген адам». Себебі халық түсінігінде шаман оз ықтиярымен шаман болайды. Шаман болар адамды жын-перілер белгілейді. Олардың нысанасына іліккен адам шаман болмай қоймайды. Егер одан бас тартса кемтарлыққа душар болады немесе өледі.

Мажар халық дүниетанымында шаман үш әлемді төменгі, ортаңғы, жоғарғы әлемді шарлап болған

соң ғана шаман болады-мыс. Жер асты әлемін кезу-соның бұлжымас шарты.

Осы жерастылық уақиғадағы гриф пен жылан образына тоқталайық. Бұл екеуі де мажар аңыз-ертегілерінде культтік мағынаға ие. Гриф - бүркіт тектес ертегілік құс. Ә. Марғұлан: «Бүркітті культ санау – Орал, Алтай тауларының арасын мекендеген бақташы жұрттың бұрынғыдан келе жатқан салты болатын», – дейді (Марғұлан 1985:367). Ал мажарлардың Европаға Орал тауы жағынан келгендігін ескерсек, бүркіт култінің сырын аңғару қиынға соқпайды. Оның үстіне мажар халқы күні бүгінге дейін саятшылық дәстүрді берік сақтап келеді. Аңызға жүгінсек, мажарларды Европаға бастап келген Алмош көсемді анасы адамзаттан емес, «турул» құстан (мажар аңыздарында кездесетін бүркіт тектес ертегілік құс) туған: «Мәдиялрардың болашақ басты абызы, олардың негізгі көсемі Арпадтың әкесі Алмоштың ұрық болып қалыптасуы төмендегідей жағдайда болды: „Оның анасына түн ұйқысында қасиетті түс енді. Түсінде оған тұрымтай құс ұшып келіп оны ұрықтандырды. Және түсі бойынша оның құрсағынан үлкен өзен басталады, оның аясынан даңқты корольдер шығады. Осындай құдайықпалымен болған жұмбақты және қызғылықты

жағдайдың әсерінен ол Алмош («Түстегі») атанды»» (Торма 1996:3).

Мажар ертегісі бүркітті жер асты әлемінде жиі бейнелейді. «Қара бүркіт – патша» ертегісінде бүркіт жер астындағы алтын қамалда өмір сүреді. Жер үстіне апаратын қуыстан шығып елдің қыздарын алып кетіп отырады. Патшаның қызын да алып қашады. Патшанын күйеу баласы жер астына түсіп, бүркіттің алтын қамалын табады. Бүркіт жігіттің денесін бөлшектеп тастайды. Жыландар оны шөппен емдеп тірілтіп, қызды құтқаруға көмектесіп, жер үстіне шығарып салады. Бұл ертегіде де бүркіт пен жылан қатар жүр. Бүркіт адамға жау, сондықтан да қара бүркіт, ал жылан – көмекші.

Жылан культін мажар ғалымдары шаманның жер астына саяхатымен байланыстырады. Ертегілерде жылан емдік шөптерді танитын қасиетке ие және шаманның оқытушысы. Басында тәжі бар жылан – мажар аңыз-ертегілерінде жақсылықтың жаршысы. Бұл турасында Геза Надъ сақтардың денесі жылан анадан тарағандығы туралы аңызды алға тартады екен (Диосеги 1971:381). Мажар халқында жыланға қатысты наны-сенім, ырым-тыйымдар да мол. Мәселен, мажарлар үй маңынан жылан көрсе, жамандықтан қорғап жүр деп ұғады. Ал кім жылан-

ды өлтірсе, соның үйінен өлік шығады. Жыланның жұмыртқасын шаққан адам жамандыққа душар болады.

Мажар ертегілерінде жыланға қатысты метаморфозалар да жиі ұшырасады. Кішкене жылан ертегісінде бір қойшы қой күзетіп жүріп от жағады. Отта жылан болады. Жылан қойшыға: «Отқа таяғыңды тұтатып, мені оттан шығарып ал», – дейді. Оттан босатып алса, жақсылығын қайтаратынын айтады. Ол жылан патшасының ұлы екен. Қойшыға дүниедегі барлық тілдің кілтін береді.

Ал енді бір ертегіде балаға зар әйел бақ ішінде жүріп, ағашқа өрмелеген жыланды көріп: «Ең болмағанда осы жыландай балам болса», – дейді. Көп ұзамай жүкті болып, басы адамдікі, денесі жылан ұл туады.

Жыланға тікелей қатысты образ – айдаһар. Оны «орасан көлемдегі жылан» дейді С. Қасқабасов. Мажар тілінде айдаһар – шаркань. Вилгельм Банг бұл сөзді бұлғар-түрік «шаракань» (ысылдауыш, у түкіргіш) сөзінен туған дейді (Банг 1918:37)

Фольклортанушы Шоймошши Шандор айдаһардың батыс Европа ертегілеріндегі жинақтық бейнесін: «Орасан үлкен көлемді, денесі қатты қабыршық терілі, кесірткенікі сияқты камшы құйрықты, төрт қысқа күшті аяғы, ұстағанын

жібермейтін тұяқтары, жарқанаттың канаттарындай тері канаттары бар, ине жалды, қолтырауындікіндей күшті мойынды, ауыз қуысында өткір тістері тізілген, денесіне қарағанда кіші жылан басты, ит тістері шығынқы, айыр тілі алысқа созылатын құбыжық (Шоймошши 1991:71)», – деп суреттейді Бұл хайуанды Шоймошши Шандор палеолит дәуіріндегі птеродахтилус, ихтиозавр, бронтаврлардың адам санасында қалған бейнесі болуы мүмкін дейді.

Ал мажар ертегілерінде айдаһарлар басқа, антроморфты демон. Олар ат ерттеп мініп, белдеріне алдаспан, қылыш байлап, жер үстінен ұрлап әкелген әйелдерімен тасқамалда тұрады.

Айдаһарлар қатысатын мажар ертегілерінің ішінде ең қызықтысы «Кіші Миклош» ертегісі. Қыздарын бермеген патшаға ерегескен айдаһарлар көктен Ай, Күн, жұлдызды ұрлап әкетеді. Аспан шырақтарын қайтару үшін Кіші Миклош інісімен аттанады

Жеті есе жеті елден өтіп, олар бір күміс көпірге кез болады. Орман шетіне аттарын байлап, ит-құс жеп кетпесін деп інісі күзетіп қалады. Кіші Миклош көпірдің екі тақтайын түсіріп жіберіп бағып жатады. Сол кезде көпірден өте берген жеті басты айдаһардың аты сүрінеді. Жеті басты айдаһар: –

Қаныңды ит ішкір, осы көпірден жеті жыл өтіп жүргенде бірде-бір рет сүрінбеп едің, не болды саған? Аты: – Менің ажалым оттан, сенің ажалын судан, екеуіміздің де құритын күніміз келді. Жеті басты айдаһар атынан түсе салып: – Кіші Миклош, шық көпірдің астынан! Тарыдай кезінде-ақ сенімен алысатынымды сезген болатынымын. Кіші Миклош атып шығады. Жеті басты айдаһар: – Алыспақ керек пе, таяқтаспақ керек пе әлде қылыштаспақ керек пе? – Алыспақ иттің әдеті, таяқтамақ шошқашының әдеті, қылыштаспақ керек! Екеуі қылыштаса кетеді. Батыр айдаһардың алты басын кесіп түсіреді. Сонда жеті басты айдаһар: – Жұлдыздарды қайтарайын, ең болмағанда бір басымды қалдыр, – деп жалынады. – Айт, қайда олар? – Анда, ертоқымымның астында, ала бер!

Осылай Кіші Миклош он екі басты айдаһардан Айды, жиырма төрт басты айдаһардан Күнді қайтарып алады.

Айдаһардың атының сүрінуі – қауіп-қатердің нышаны. Түркі халықтары ертегілерінің көбінде батырдың атының сүрінуі жамандықтың боларын білдіреді.

Айдаһар мен батырдың диалогындағы айқастың түрін таңдау да қазақ ертегілерінде бар: – Саған алыспақ керек пе, атыспақ керек пе? – Атыспақ



арғы атамнан қалған, алыспақ бергі атамның қалған. Найзаласпақ керек («Қараүйрек»).

Мажар ертегілеріндегі айдаһар туралы Шандор Шоймошши: „Айдаһарлардың бұлтты ерттеуі, ат қып мініп шабуы, Ай, Күн, жұлдыздарды ертоқымының астына жасыруы – ат үстінде күн кешкен көшпендінің қиялы. Батыс айдаһары сияқты емес, біздің айдаһарымыз Орал-Алтайлық, азиялық көшпенді жанының көрінісі» (Шоймошши 1991:92), – дейді.

Мажар ертегілерінде алтай халықтарының дүниетанымы, наным-сенімдері, көркемдік әлемі шынымен де айқын көрініс тапқан. Мажар ертегілерін оқып отырғанда, қазақ ертегілерін оқып отырғандай күй кешіп, олардың біздің халықтық дүниетанымға соншалықты жақын екендігін байқадым. Негізгі образдар мен сюжеттік желілердің ұқсастығы ғана емес, тілдің суреттілігі жағынан да түркілік ой-қиялдың іздерін жазбай тануға болады. Түркілік әлемнің көркемдік нышандары, «азиялық көшпенді жанының көріністері» басым десек, есте ақиқаттан аттағандығымыз емес.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Банг Вильгельм = Vilgelm Bang (1918) *Monographien zur türkischen Sprachgeschichte*. Heidelberg;

2. Берзе Надь Янош = Berze Nagy János (1961): *Az égig érő fa – Көкке жетер ағаш*. Pécs;

3. Берта Арпад = Berta Árpád (2001) *Álmos and táltos – Алмош және Талтош = Shaman*. 9. 2001. 2.

4. Диосеги Вильмош = Diószegi Vilmos (1959): *A sámánhit emlékei a magyar népi műveltségben – Маңсар халық мәдениетіндегі шамандықтың іздері*.

5. Диосеги Вильмош = Diószegi Vilmos (1971): *Az ősi magyar hitvilág – Маңсардың ескі наным-сенім дүниесі*. Budapest;

6. Диосеги Вильмош = Diószegi Vilmos (1983): *A pogány magyarok hitvilága – Пұтқа табынушы маңсарлардың наным-сенімдері*. Budapest;

*Қазақ ертегілері* (2000). Алматы;

7. Каскабасов Сеит. (2000): *Золотая жила*. Астана, Елорда;

8. Марғұлан Әлкей (1985): *Ежелгі жыр-аңыздар*. Алматы;

Radloff (1893) *Aus Sibirien*. II. Leipzig;

9. Торма Йожеф (1996) *Бүркітшілік дәстүрлері Абай өлеңдерінде* =Абай. 1996. 1;

10. Шоймошши Шандор – *Solyomossy Sándor* (1991): *A vasorrú bába és mitikus rokonai – Жезтұмсық және мифтердің туыстығы*, Budapest;

*777 маңсар халық ертегісі – 777 magyar népmese* (1995) Budapest.

## МАЗМҰНЫ:

АЛҒЫ СӨЗ.....	3
<b>I бөлім HUN-MAGYAR MONDÁK / ҒҰН-МАДЬЯР АҢЫЗДАРЫ</b>	
<b>МАДЬЯРЛАРДЫҢ ШЫҒУ ТЕГІ ТУРАЛЫ АҢЫЗ</b> <i>Шимон Кезаи және Анонимус жылнамаларының ізімен...</i>	6
<b>ҒАЖАЙЫП БҰҒЫ Йорданес және Шимон Кезаи жылнамасының ізімен.....</b>	11
<b>АТТИЛА – ҒҰНДАР ПАТШАСЫ.....</b>	13
<b>ҚҰДАЙ ҚЫЛЫШЫ Йорданес жылнамасының және бір Дебрецен аңызының ізімен.....</b>	19
<b>АТТИЛАНЫҢ ТОЙ-ДУМАНЫ Прискос шешеннің айтуынша .....</b>	21
<b>АТТИЛАНЫҢ ЖОРЫҚТАРЫ Йорданес, Каллимагус және Кезаи Шимон жылнамасының ізімен.....</b>	26
<b>АТТИЛАНЫҢ КЕПІЛДІКТЕРІ Аквитаниялық Вальтердің айтқандарының ізімен.....</b>	36
<b>АТТИЛАНЫҢ ӨЛІМІ ЖӘНЕ ЖЕРЛЕНУІ Йорданес жылнамасының ізімен.....</b>	44
<b>АТТИЛАНЫҢ ҰЛДАРЫ Кезаи Шимон жылнамасының және бір секей халық аңызының ізімен .....</b>	47
<b>II бөлім МАЖАРЛАРДЫҢ ЖАҢА ОТАҢҒА ҚОНЫСТАНУЛАРЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ЖӘНЕ БАСТАРЫНАН КЕШКЕН ОҚИҒАЛАРДЫ БАЯНДАЙТЫН АҢЫЗДАРЫ</b>	
<b>АНТ ІШУ Анонимус жылнамасының ізімен.....</b>	50
<b>ЖАҢА ОТАҢҒА ҚОНЫСТАНУ Анонимус жылнамасының ізімен.....</b>	53
<b>АҚБОЗ АТ ТУРАЛЫ АҢЫЗ .....</b>	80

### **III бөлім МАЖАР ХАЛЫҚ ЕРТЕГІЛЕРІ**

БАСЫ КӨК ТИРЕГЕН АҒАШ (Az égig érő fa) .....	83
ҚҰМАЙ (A griffmadár) .....	100
АҚБОЗ АТТЫҢ ҰЛЫ (Fehérlófia) .....	111
ЖЫЛАНДАР ПАТШАСЫ (Kígyók királya).....	122
ТҮС КӨРГЕН ЖІГІТ (Az álomlátó fiú).....	134

Р.Мұқышева “ҒАЖАЙЫП БҰҒЫ”. МАЖАР АҢЫЗДАРЫНДАҒЫ ҒҰНДАР МЕН САҚТАР МӘДЕНИЕТІНІҢ ІЗДЕРІ .....	149
Р.Мұқышева КӨШПЕНДІНІҢ ЖАНЫ. МАЖАР ХАЛЫҚ ЕРТЕГІЛЕРІНДЕГІ КӨНЕ ДҮНИЕТАНЫМ .....	170

# **МАЖАР ХАЛҚЫНЫҢ АҢЫЗДАРЫ МЕН ЕРТЕГІЛЕРІ**

*Аударған: Раушангүл Мұқышева*

Техникалық редакторы: *Ж.Бәделұлы*  
Беттеуші-дизайнер: *Г.Трусбаева*

ISBN 978-601-7793-25-8



9 786017 793258

Басуға 03.12.2015 қол қойылды . Офсеттік қағаз.  
Шартты баспа табағы 12,0. Пішімі 60x90  $\frac{1}{16}$ . Таралымы 500 дана.

---

**«Ғылым баспасы» ЖШС**  
Қазақстан Республикасы, 010000. Астана қ., Мостовая көш., б.  
тел. +7 (7172) 57-49-83, 24-37-79



